

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

Ә. М. Майтанов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

ҚАРАҒАНДЫ 2010

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Заң институты

Ә. М. Майтанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ
2010

УДК 343
ББК 67.401
М 13

Пікір жазғандар: *Ф. Ө. Ташибаев* ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты қылмыстық іс жүргізу кафедрасының профессоры, *А. Н. Ақпанов* Қарағанды облыстық прокуратурасының прокуроры.

Майтанов Ә. М.

М 13 Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқу құралы. — Қарағанды: ҚР ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы ҚЗИ, 2010. — 111 б.

ISBN 978-601-7231-33-0

Қылмыстық іс жүргізу кафедрасының «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» пәні жоспары бойынша жасалған оқу құралы заң саласындағы оқу орындарының тыңдаушылары мен студенттеріне, прокуратура органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ прокурорлық қадағалау жөнінде қажетті мағлұмат алғысы келетін басқа да адамдарға арналған.

УДК 343
ББК 67.401

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша жарияланды.

ISBN 978-601-7231-33-0

- © ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010;
- © Майтанов Ә. М., 2010

АЛҒЫ СӨЗ

Қандай елде болмасын, қандай режимде болмасын өкімет өзінің құрылымы мен өкілеттілігі бойынша өмірдің барлық саласында біркелкі тәртіп пен біркелкі заңдылықты игеру міндеттеріне жауап бере алатындай мекемелер құруға мүдделі. Мемлекеттік және қоғамдық өмір елде заңдарды, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қатаң да дәлме-дәл қамтамсыз ететін сенімді механизмнің болғанын міндет тұтады. Осыған орай әрбір мемлекеттің саяси жүйесіндегі негізгі бөлінбес қасиеті мен белгісі прокуратура сияқты құрылым болып табылады. Прокуратураның немесе осыған ұқсас мемлекеттік-құқықтық институттардың алатын орны мен атқаратын ролі әрқилы болады. Бір елдерде ол қылмыстық ізге түсу органының рөлін атқарса, енді бір елдерде соттардағы мемлекеттік айыптауды қолдайтын, болса кейбір елдер бақылау қызметін де атқарады.

Егер прокуратура қызметінің мәніне қысқаша анықтама беретін болсақ, бұл — Заңға кәсіби түрде қызмет ету, оның аса жоғары екенін мойындап, бекіту, құқықтық нормалардағы мазмұндалған адамдар мінез-құлқының жалпы ережелерін мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету.

Осыдан үш ғасырға жуық уақыт бұрын Ресей императоры Бірінші Петрдің 1722 жылдың 12-қаңтарындағы мемлекет мүддесін сақтауды қадағалаушы орган ретінде құрған прокуратура кезінде Ресей империясының, ал содан кейін Кеңес Одағының мемлекеттік билік саласындағы аса маңызды да қажетті институтына айналды. Осы жолмен егемендікке ие болған Қазақстанның да заң саласы жүріп келеді.

Қазақстан аумағында прокуратура органдары 1922 жылдың 13-шілдесіндегі екінші шақырылған Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 3-сессиясында «Прокурорлық қадағалау туралы» Ережелерді бекіткеннен кейін құрылды. КСР Одағы ыдырағаннан кейін және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін бірыңғай республикалық прокуратура жүйесі құрылды. 1961 жылдың 6-желтоқсанында елімізде егеменді Қазақстан прокуратурасының қалыптасуы бастауын алған, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын прокуратура органдарының жүйесі құрылды. 1992 жылдың 17-қаңтарында алғаш рет жаңаша тарихи жағдайдағы прокуратура қызметінің құқықтық негіздерін қарастырылған «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Заңы қабылданды.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасы Конституциясының және «Прокуратура таралы» Заңының негізінде, прокурорлық қадағалау мәселелеріне қатысты заңнамадағы кейінгі өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып жасалды.

Қолданыстағы «Прокуратура туралы» Заңы әлі де болса бірталай жетілдірулерді талап ететіні сөзсіз, өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша өте ретті деп айтуға келмейді, сондықтан да оқу құралы автордың өзінің түсінігімен біраз жүйеге келтіру ұмтылысымен жасалды. Оқу құралында мемлекеттің маңызды институттарының бірі ретіндегі прокуратураны дамытудың тұжырымдамалары көрсетілді, прокуратураның пайда болу тарихы мен оның құқықтық мәртебесінің өсу жолдары жазылды, қызметі мен міндеттері, принциптері мен өкілеттіліктері, сондай-ақ қадағалаудың нақты бір саласындағы прокурлық қызметтерінің негізгі бағыттары ашылды. Прокуратураның құқықтық қорғау қызметінің маңызы мен мәнін, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлін анықтауға ұмтылыс жасалды.

1-ТАРАУ. «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ» КУРСЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ

1.1. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні, жүйесі мен мазмұны

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні прокуратураның функциясын, мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттарын, ұйымдастыру мен қызмет қағидаларын, оның органдарының жүйесі мен құрылымын, прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың құқықтық құралдары мен әдістерін, сондай-ақ заңдарды қолдануға прокурорлық қадағалау жүргізудегі прокурордың өкілеттілігін анықтайтын құқықтық нормалар болып табылады. Бұл курстың негізгі мақсаты прокуратура органдарының практикалық қызметімен, прокурорлық жұмыстардың тактикасымен және әдістемесімен таныстыру болып табылады.

Прокуратураның қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің өз алдына дербес конституциялық нысан ретіндегі заңдардың дұрыс және бірыңғай қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру барысында туындаған қоғамдық қатынастарды реттеуші құқықтық нормалардың жиынтығы негізінде жүзеге асырылады. Прокурорлық қадағалау туралы құқықтық нормалардың жиынтығы Қазақстан Республикасы Конституциясы, «Прокуратура туралы» Заңы прокуратура органдарын ұйымдастыру мен қызметі жөніндегі, басқа да заң актілеріндегі тиісті нормаларына сәйкес қалыптасады және құқықтың дербес саласын құрады.

Прокурорлық қадағалаудың пәні реттеуге прокурордың қызметі бағытталған қоғамдық таныстары салалары болып табылады. Прокурорлық қадағалауды құқықтық реттеудің пәніне конституциялық функциялар — заңдарды нақты және бірыңғай қолданылуы үшін жоғары қадағалау жүргізу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастар жатады. Екінші шартты құқықтық реттеу пәніне, құқықтық нормаларды салаларға бөлуге қатысты негізіндеме құқықтық реттеу әдістері, яғни құқық нормаларымен белгіленген қоғамдық өмірдің осы саласындағы құқықтық қатынастарға қатысушылардың тәртібіне құқықтық ықпал ету әдістемесі болып табылады.

Қандайда бір құқықтық реттеу әдісінің ерекшеліктері құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, олардың арасындағы құқықтық негіздемелерін, оларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуді анықтайтын болғандықтан, олардың заңдық жағдайларын анықтау кезінде пайда болады. Прокурорлық қадағалау нормалары прокурорлардың құқықтары мен

міндеттерін анықтайды. Құқықтық қатынас субъектілерінің бірі прокурор ерекше сипатқа ие болады.

Прокурордың қадағалау қызметінің ерекшелігін көбіре дәйектілікпен заңдылықтың құқықтық санаттары ашады. Прокурорлық қадағалау пәні ретіндегі заңдылық туралы түсінік алу үшін прокуратураның қадағалаулық қызметінің ерекшелігін ашуға мүмкіндік беретін заңдылығын ұғымының мазмұнын жақсылап білген маңызды.

Заңдылық ұғымының мазмұны келесідей элементтерден құралады: заңдар мен заңдылық актілері; заңдарды өмір жүзіне айналдыру; заңдардың нақты және бірыңғай қолдануылын қадағалау; заңның бұзылуына жол бергені үшін жауапкершілік.

Осыған орай, заңдылықты нығайту жайында сөз қозғалған кезде, мемлекет оның билік және басқару органдары заңнамаларды жетілдіру, атқарушы билік органдарының қызметін күшейту, прокурорлық қадағалауды белсендіре түсу, заң бұзушылыққа жол бергені үшін жауапкершілікті көтеру жөніндегі шараларды әзірлеу тиістігі жайында әңгіме туындайды. Осындай мәселелерді шешуге кешенді көзқараспен келгенде ғана мемлекеттегі заңдылық режимін құруға болады.

Шартты түрде «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы екі бөлімге бөлуге болады: Жалпы және Ерекше, деп.

Жалпы бөлім курсына мыналар оқытылады: прокуратура органдарының ұйымдастыру қағидалары мен қызметі, олардың функциялары, түрлі буындардағы прокуратура органдарының жүйесі мен құрылымы, прокуратура органдары қалыптастыру тәртібі, прокурорларға қойылатын талаптар. Бұл бөлімге сонымен бірге, мемлекеттік органдар жүйесіндегі прокуратураның алатын орны мен рөлі, прокуратураның пайда болуы тарихы мен дамуының негізгі кезеңдері, одан арғы келешегі, қызметін үйлестірудің мәні мен мақсаты, шет елдердің прокуратура органдарымен халықаралық-құқықтық ынтымақтастық туралы тақырыптар кіреді.

Ерекше бөлімге мыналар жатады: қадағалаудың түрлі саласындағы прокурордың мәні, міндеттері мен өкілеттігі және прокуратура органдарының қызметінің негізгі бағыттары, прокурорлардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуын қадағалау жөніндегі прокурорлардың қызметі мен ұйымдастырылуы; сотта мемлекет мүддесіне өкілеттік ету; жедел-ізвестіру қызметінің, алдын ала тергеу мен анықтаудың, әкімшілік және атқарушы іс жүргізудің заңдылығына қадағалу жүргізу.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсына заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтумен байланысты міндеттер, заңдылық ұғымы мен оның мазмұны, мемлекеттік қызметті жетілдірудің алуан

жақтарына әсер ету, сондай-ақ прокуратура органдарының өзге құқық қорғау органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттестігі ашылады. Қадағалаудың түрлі саласындағы да, сол сияқты прокурорлық қалыптасқан лауазымдық сатылардағы тұрғыдағы прокурордың өкілеттілігі зерделенеді. Курста ерекше орын сонымен бірге анықталған бұзылған заңдарға қатысты прокурорлық әрекет етудің процессуалдық актілерінің мазмұнын ашуға бөлінген.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңында қарастырылған прокурорлық әрекет ету актілері — наразылық, ұсыным, қаулы — әмбебап, алайда олардың қадағалау салаларында тиісті келесідей айырмашылықтарға ие болады: қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргіздеу саласында, мемлекеттік қызмет органдарының заңдылықты қадағалау тәртібіндегі ерекшеліктері.

Прокурорлық қадағалауға арналған курс құқықтың басқа да салаларымен және оқу пәндерімен тығыз байланысты. Мұндай жағдай объективті түрде заңның барлық жерде және сөзсіз күштілігін дәлелдейтін бағыттағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретіндегі прокурорлық қадағалаудың ерекшелігіне негізделген. Оқу пәндерінің әрқайсысында — қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу, азаматтық және азаматтық іс жүргізу, әкімшілік және басқа да құқықтарда прокурорлық қадағалауға құқықтың белгілі бір нақты саласында тиісті рөлдер мен орын беріледі. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсымен әсіресе қылмыстық және азаматтық іс жүргізу, еңбек, әкімшілік құқық пәндері прокурорлық қадағалау прокурорлық мейлінше елеулі орын алатын салаларда тығыз байланысады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына сәйкес қадағалау мемлекеттік қызметтің өз алдына бөлек дербес, ерекше саласын көрсетеді. Прокурорлық қадағалаудың мемлекеттік қызмет ретіндегі дербестігі Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалау тексерістер жүргізу арқылы жүзеге асырылуымен, кез келген заңдылық бұзушылықты әшкерелеу мен оларды жою жөніндегі шара қабылдауымен көрінеді. Мұндай қызметтік міндеттер мемлекеттік өзге құрылымдардың міндеттерінен айырықша болғандықтан прокуратурадан басқа ешбір мемлекеттік немесе өзге органдар жүзеге асыра алмайды.

Прокурорлық қадағалау ерекшелігі прокуратураның биліктің бірде бір буынына жатпайтындығымен, өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асыратындығымен және Республика Президентіне ғана есеп беретіндігімен көрінеді. Прокуратура кон-

ституциялық институттардың бірі болғандықтан Конституцияны құқықтық қорғаудың ажыратылмас элементтерінің бірі болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсы прокуратура ұйымы мен қызметінің негізгі қағидаларын, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтумен байланысқан білімдерге ие болуға мүмкіндік береді. Ол өзінің түрлі салалардағы прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру мен прокуратура органдарының қызметіндегі негізгі бағыттардың тактикасы мен әдістемелерін ашуды қарастырады.

Прокурорлардың қоғамдық қызметтің түрлі саласындағы заңдылықтың бұзылуын анықтауы мен жоюы жөніндегі өкілеттіктері бірдей емес. Мәселен, тергеу мен анықтаудағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ атқарушы іс жүргізудегі заңдылықты қадағалауда прокурор анықталған заң бұзушылықты жоюға мүмкіндік беретін бүтіндей бір өкілеттіктер кешендеріне ғана емес, сонымен бірге туындаған мәселе бойынша өз бетімен шешім қабылдау өкілеттігіне де ие болған. Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау саласындағы іс басқаша, онда мемлекеттік органның, кәсіпорынның немесе ұйымның жедел-шаруашылық ісіне прокурордың қатысуына тыйым салынған. Прокурорлар үшін осы сияқты шектеулер қолданыстағы заңнамада сот органдарының қызмет саласына аралсуына қатысты қарастырылған, өйткені сот тәуелсіз және тек заңға ғана бағынышты. Прокурордың міндеті — заңсыз үкімдерге, шешімдер анықтаумалар мен қаулыларға наразылық білдіру, ал қылмыстық және азаматтық істер бойынша шешім қабылдау — соттың міндеті.

«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының мазмұнына прокурорлық қадағалау бөлінбейді, оны прокурорлардың түрлік учаскелердегі оқшауланған қызметі деп түсінуге болады (тергеу мен анықтаудың қандылығын қадағалау, сотта мемлекеттің мүддесіне өкілеттік ету және т. б.). Прокурорлық қадағалаудың бірлігі мен бөлінбестігі әсіресе прокуратураның негізгі буындары ретінде аудандық (қалалық) деңгейінде айқын көрінеді. Оларда қадағалаудың түрлі салаларымен айналысатын құбылымдық бөліністер жоқ; ауданның немесе қаланың прокуроры бір мезгілде қадағалауды жүзеге асырудың барлық мәселелерімен айналысады. Ол мысалға, қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдауға, қылмыстық және азаматтық істер бойынша апелляциялық наразылық білдіруге, заңсыз қамауға алынғанды босатуға немесе заңмен көзделген негіздемелер бойынша қамауға алуға құқылы.

Жоғары тұрған облыстық және оған теңестірілген прокуратуралар, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жүйесі мен құрылымы туралы сөз қозғалғанда мәселе басқаша. Олардың әрқайсысы ұйымдық және штаттық тұрғыда болатын дербес бөліністірді (департамент, басқарма, бө-

лім) талап ететін, прокурорлық қадағалаудың нақты бір саласын жүргізетін белгілі бір бөліністерге бөлінген. Осыны бәрі алайда, бұл жерде прокурорлық қадағалаудың бірлік қағидалары бұзылған дегенді білдірмесе керек, оның бәрі сақталған, сонымен бірге іс жүзінде оны ыңғайлы ету мақсатында прокурорлық қадағалау прокурорлық қадағалау прокурорлық қадағалау прокурорлық қадағалау саласын жүргізетін құрылымдық бөліністерге бөлінген.

1.2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесіндегі прокуратура

Еліміздің мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесінде прокуратураның нақты орнын белгілеу прокуратура органдарының мәнін, оның функциялары мен құқықтық мәртебесін, ұйымдық құрылымын, қызмет нысандары мен әдістерін анықтау үшін негізгі маңызға ие болады. Мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесінде прокуратураның орны туралы мәселе Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген қазақстандық мемлекеттілік механизмінің жалпы тұжырымдамасынан туындайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі нышаны әрі кепілі мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететін Республика Президенті болып табылады. «Тежемелік әрі тепе-теңдік» жүйесінің маңызды буыны қоғамның қалыпты өмірі үшін соншалықты қажет прокуратура болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, прокуратура өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды.

Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылады. Құқықтық жүйе мен құқықтық тәртіптің ахуалына жауапкершіліктің көп бөлігін өз мойнына алатын мемлекет басшысы ретіндегі Ел Президенті халық пен мемлекеттің атынан сөз алуға құқылы. Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін ол Республи-

каның бүкіл аумағында міндетті күші бар жарлықтар мен өкімдер шығарады. Ол қол қойғаннан кейін заңдар белгіленген заңдық тәртіпте күшіне енеді.

Негізгі заң мен нормативті құқықтық актілер бұлжытпай сақталуы тиіс, ал құқық қорғау органы ретінде Президентке ғана есепті прокуратура олардың республика аумағында дәл әрі бірыңғай қолдануына қадағалау жүргізуге және кез келген заңдылық бұзушылықты әшкерелеп және оларды жоюға шара қабылдауға міндетті. Мемлекеттік қорғаудың қажетті буынының тармағы бола отырып, конституциялық қадағалау функциясына ие бола отырып, ол ең алдымен ол Республика Президентінің өкілеттіктерінің қамтамасыз етудің құралы болуға жұмылдырылып, биліктік барлық тармағына ықпал етуге міндетті, сонысымен еліміздің Конституциясымен көзделген құқықтық ережелердің орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте прокуратура өкілетті, атқарушы және сот органдары билігін алмастыра алмайды, тек қана өзінің арнайы өкілеттілігін әсерлі пайдалана отырып оларды толықтырады. Оның үстіне мемлекеттік биліктің барлық тармағы мен олардың органдары заңдылықты сақтауға және нығайтуға міндетті. Заңдылықсыз құқықтық мемлекетке айналуға ұмтылған мемлекеттің өзінің биліктік функциясын нәижелі орындайтын, күшті елге айналуы мүмкін емес.

Сөйтіп, прокуратура билік тармақтарымен (заң шығарушы, атқарушы және соттық) әрекеттесе отырып, биліктің барлық тармақтарының мүдделері үшін және олардың өкілеттіліктерінің жүзеге асырылуын бақылау механизмі ретінде заңнамалық актілердің дұрыс қолданылуына қадағалау жүргізуді жүзеге асырады. Прокурордың басты мақсаты — заңның бұзылуын әшкерелеу, оларды жоюға қол жеткізу, кінәсіздерді қорғау, құқық бұзушылардың жауапкершілігі туралы мәселелерді көтеру.

Қазақстан прокуратурасы билікті бөлудің дәстүрлі классикалық принципінің шеңберіне енбейтіні туралы мәселені анықтап алу қажет. Замануи қоғамдағы кез келген мемлекеттік орган осыдан үш ғасыр бұрынғы Дж. Локк пен Ш. Монтескье идеяларына негізделген билікті бөлудің теориясын басшылыққа ала отырып, билік тармақтарының үшбұрышына бөлінуі тиіс деген бекімі дұрыс емес. Биліктің үш тармағынан тыс прокуратура ғана қызмет етіп қоймайды. Республика Президенті осы биліктік тармақтарының бірде біреуіне жатпайды, осы үш тармақтың үстемдік ету жағдайына ие бола отырып, Конституцияның, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының мызғымас кепілі ретінде Конституциялық Кеңес, Есеп палатасы, Прокуратура сияқты органдарының көмегімен өзінің кейбір өкілеттіліктерін жүзеге асырады. Ең бастысы, осы институттар мемлекеттің демо-

кратиялық құрылысынан орын алып және биліктің түбегейлі теңдігіне көмек көрсететін болуы керек.

Прокуратураға арналған Қазақстан Республикасы Конституциясының «Соттар және сот төрелігі» жетінші тарауына енген конституциялық нормаларды шатастырмау керек. Негізгі заңның 75-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады. Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді. Осыған орай, мемлекеттік орган ретіндегі прокуратура өзінің мәртебесіне қарай, сот билігінің бөлігі болып табылмайды. Мұның Конституцияның аталған тарауына енгізілуі, біздің ойымызша, сот төреліндегі құқықтық қорғау қызметін жүзеге асыру, сондай-ақ заңның үстемдігін қамтамасыз етуде бірін бірі толықтыру прокуратураның көмегімен жүзеге асырылуына байланысты.

Қазақстан Республикасы Конституциясымен прокуратура органдарына заңның дәлме жәл әрі біркелкі қолдануына жоғары қадағалауды жүзеге асырудың жүктелуі маңызды мәнге ие болады. Қадағалаудың жоғары деп аталуы прокуратураның мемлекет атынан және еліміздің барлық аумағы бойынша, құқық қолданушы субъектілердің бәрін қадағалауға байланысты болып отыр. Елімізде, сондай-ақ, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттердің, ведомстволық, қоғамдық органдардың кең жүйесі қызмет етеді. Атап айтқанда, бақылаушы, ал кейбіреулері қадағалаушы қызмет атқаратын түрлі министрліктер мен ведомстволар, дербес агенттіктер, департаменттер мен инспекциялар бар. Мәселен, Қаржы министрлігі заңды және жеке тұлғалардың қаржылық тәртіпті сақтауды қадағалау мен бақылауды, мемлекеттік қаржылар мен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады; Ұлттық банк — банктердің қызметін қадағалау мен бақылауды, сондай-ақ республикадағы валюталық реттеу мен валюталық бақылауды; Төтенше жағдай жөніндегі комитет — төтенше жағдайды ескерту мен жою, азаматтық қорғаныс, өнеркәсіп жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздігін және тау-кен қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуына қадағалау мен бақылау жүргізеді. Сол сияқты өрт қадағалау, санитарлық қадағалау, энергетика қадағалау және басқалар бар.

Прокурорлық қадағалау заңдарды орындау ведомстволардың өздеріне жүктелетін ведомстволық қадағалауға қарағанда жоғары қадағалау болып табылады.

Аталған органдар мен прокуратура органдары өкілеттілігінің арақатысын анықтай отырып, прокуратура құқық қорғау мен бақылаушы органдардың лауазымдық сатысында осы қадағалаушы және бақылаушы органдардың да заңдарды қолдануына қадағалау жүргізеді. Сөйтіп, прокуратура өзінің құқықтық қатынастардың түрлі салаларындағы қадағалаушы қызметінің барлығын жаппай қамти алатын түріне және оның үйлестіру қызметінде де кеңірек өкілеттіктерінің болатындығына орай жалпы бірдей және ведомстволар үстінен қарай алатындығына қатысты жоғары қадағалаушы болып табылады.

Бұдан бұрын айтып өткеніміздей, прокуратура ең алдымен олардың үстінен заңдардың орындауын қадағалауды барлық жолмен жүргізе алатын болған соң биліктің барлық тармақтарымен тығыз байланысты болады. Белгілі болғаны, еліміздің заң шығарушылық қызметін жүзеге асыратын өкілетті органы Қазақстан Республикасының Парламенті болып табылады. 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін прокуратура өзінше заң шығарушы биліктің қарауындағы орган болып саналды. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Жоғарғы Кеңеспен бес жылғы мерзімге сайланатын болды. Қазіргі кезде Бас Прокурор Сенаттың келісімі арқылы Республика Президентімен тағайындалады. Конституция бойынша прокуратура заң шығарушы бастамашылық құқығына ие болмайды. Алайда бұл оны заңшығарушылық қызметіне белсене қатысуынан айырмайды. Ол өзінің бастамашылығы бойынша еліміздің Үкіметі мен Парламентіне қоғамдық өмірдің жекелеген салаларындағы заң шығарушылық олқылықтары туралы, республикадағы заңдылықтардың ахуалы туралы ақпараттар жіберу мен заңнамалардағы кемшіліктерді көрсетуге, оларды жою жөніндегі шараларды ұсынуға, сондай-ақ заң жобаларын дайындау кезінде жұмыстарға және парламенттік тыңдауға қатысу жолымен ықпал етеді.

Прокуратура атқарушы билік органдарымен өзара әрекеттестікті түрлі нысандарда, атап айтқанда, үкіметтік бағдарламалар келісу, азаматтардың конституциялық және өзге де құқықтарына қатысты Үкімет қаулыларын шығару жөнінде бастамашылық таныту жолымен қатысады. Прокуратура, мемлекеттік институттың өз алдына бөлек институты ретінде биліктің атқарушы тармақтарының, Үкіметтің құқықтық актілерінің, министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының, бақылау органдары мен ведомстволық қадағалаудың, олардың лауазымды адамдарының қызметіндегі заңдылыққа қадағалау жүргізуді жүзеге асырады.

Прокуратура мен соттың өзара әрекеттестігі заңдылықты сақтау мен құқық қорғау қызметінің әсерлілігін көтеру мақсатындағы ынтымақтастық пен өзара қадағалауға негізделген. Сот билігі биліктің басқа да тармақтарына тәуелсіз әрекет етеді және заң шығарушы және атқарушы биліктермен бірге Ел Президенті басқаратын біртұтас мемлекеттік билікті құрайды. Прокуратура мен соттың өзара әрекеттестігі сот төрелігін жүзеге асырудың конституциялық қағидалары, соттардың тәуелсіздігі мен олардың тек қана заң бағыныштылығы негізінде құрылады. Прокуратура соттың үстінен қадағалау жүргізбейді және соттық биліктің құдіретіне қол сұға алмайды. Прокурорлық актілердегі көрінетін құқықтық ұстанымдар міндеттеуші және күні бұрын белгіленген күше ие болмайды, тек қана жоғарғы тұрған сот алдында заңсыз сот қаулыларын кейін қайтару немесе өзгерту туралы мәселе қоя алады, сонысымен сот актілерінің заңдылығын қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады. Сот пен прокуратураның арасындағы мұндай қатынастар заңдылықты сақтау мен азаматтар құқықтарын қорғауды қамтамасыз мондай қажетті өзара әрекеттестік нысанын көрсетеді.

Сот пен прокуратура өзара қатынастарындағы өзгеріс прокуратураның қылмыстық және азаматтық іс жүргізудегі рөлінің төмендегенін білдірмейді. Олардың сот талқылауына белсенді, кәсіптік, сауатты қатысуы сот төрелігіндегі заңдылық пен әсерліліктің кепілі болып табылады. Ел Президентінің «Қазақстан халқына 2004 жылғы Жолдауында» мемлекеттің сот жүйесі қажеттілігіне қамқорлық сот қызметкерлеріне деген талапшылдықты көтерумен соттардың қызметіне бақылаудың құқықтық тұтқасын күшейтумен жалғасуы керек деп назар аударуы да тегін емес.

2-ТАРАУ. ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫ КЕПІЛДЕРІ

2.1. *Прокуратура органдарының ұйымдастыру принциптері мен қызметі*

Қазақстан Республикасы жарлықтарына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме дәл әрі біркелкі қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокуратураның ұйымдастырылуы мен қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Прокуратура туралы» Заңмен, заңнамалық актілерімен, Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісім-шарттармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарымен реттелген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес, заңдылықтың кез келеген бұзылуын әшкерелеу мен оны жою жөніндегі шара қабылдайтын, Республика Президентіне есепті мемлекеттік орган Конституция мен республика заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге қатысты наразылық білдіреді, сотта мемлекеттің мүддесін қорғайды, сондай-ақ, заңмен белгіленген тәртіп пен шекте қызмыстық ізге түсуді жүзеге асырады. Прокуратура төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды.

Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметі бірлік, орталықандыру, тәуелсіздік, заңдылық және жариялылық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бірлік қағидалары Қазақстанның барлық аумақтық және мамандандырылған прокуратуралары бірыңғай жүйені құрайды. Прокурорлық қадағалаудың бірлігі барлық прокурорлық органдардың ұйымдастырылуы мен қызмет қағидаларының бірлігімен, олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің бірлігімен көрінеді. Әрбір прокурор өзінің құзыреті шегінде бірыңғай өкілеттіктерге және оларды жүзеге асырудың құқықтық құралдарына ие болған. Жоғары тұрған прокурор өзінен төмен тұрған прокурорға өз міндетін атқаруды тапсыры, өзі төмен тұрған прокурордың міндетін қабылдай алады, оның кезкелген шешімін өзгертіп немесе алып тастай алады (заңмен арнайы көзделген басқа жағдайларда).

Орталықтандыру қағидасы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бағытталған және үйлестірілген прокурорлық тәжірибенің бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл қағиданы іс жүзіне асыру жер-жердегі прокурорлар-

дың шығармашылық белсенділігі мен бірыңғай басшылық бастамашылығының үйлесуімен көрінеді. Прокуратура жүйесін орталықтандыру прокуратураның мемлекеттегі орындайтын негізгі міндеттерінен туындайды, және прокурорлық қадағалаудың бірлігімен тікелей байланысты, республика аумағында біртұтас заңдылықты қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Әрбір жоғары тұрған прокурор өзіне бағынышты барлық прокурордың жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына жауап береді. Орталықтандыру қағидасы прокурорларды тағайындау мен олардың төменнен жоғарыға бағыныштылығы, ал барлық прокурорлар Бас прокурорға бағынады. Сонымен бірге әрбір прокурор шешім қабылдаудағы дербестіктерін сақтайды және сол үшін толық жауап береді.

Осы аталған қағидаға қарай, әрбір жоғары тұрған прокурор өзінің бағынысындағы прокурорлардың қызметіне басшылық пен бақылау жүргізуге міндетті және бағынышты прокурорлар жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына жауап береді.

Прокурорлық қадағалаудың тәуелсіздік қағидасының мәні мынада, әрбір прокурор өз қызметінде тәуелсіз және өз функционалдық міндеттерін орындау кезінде заңдарды және Бас Прокурор шығарған бұйрықтар мен нұсқауларын басшылыққа алады. Осы қағидаға сәйкес прокурор өз ісіне қандайда бір бөтеннің араласуынан қорғалған, өз қызметін басқа мемлекеттік органдардан және лауазымды адамдардан, саяси партиялардан және басқа да қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз атқарады.

Мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, олардың өкілдерінің, сондай-ақ лауазымды адамдардың қабылдаған шешіміне ықпал ету мақсатында қандайда болмасын жолмен ықпал ету (немесе оның қызметіне кедергі жасау) заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп тірейді. Прокурорлар, олардың орынбасарлары мен прокурордың көмекшілері өздеріндегі қылмыстық іс материалдарына қатысты ешкімге түсінік беруге, сондай-ақ заңмен қарастырылмаған жағдайда істерді біреуге беріп таныстыруға міндетті емес.

Дегенмен прокуратура органдарының тәуелсіздігі прокурорлардың жергілікті билік органдары мен басқаруынан жырақ қалды дегенді білдірмесе керек. Өздерінің заңдылықты нығайту жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын прокурорлар жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен өзара тығыз байланыста өткізеді. Прокуратураның тәуелсіздік қағидасы мемлекеттік және саяси мәнге ие болады, олай болатыны осы қағиданы бірізділікпен сақтаған жағдайда ғана прокуратура өзіне жүктелген республикадағы заңдылықтың нығайтуға жоғары қадағалау жөніндегі міндеттерді орындай алады.

Қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы прокуратура қызметіндегі қалған барлық қағидаларды орындаудың шарты ретіндегі, мемлекеттілікті дамыту мен нығайтудың маңызды құралы ретіндегі қағидалардың маңыздыларының бірі заңдылық қағидасы болып табылады. Заңдылық — демократиялық мемлекеттің құқықтық тұғыры.

Мәселен, «Прокуратура туралы» Заңда былай деп жазылған: «Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті». Заңдылықтың басты талабы заңдарды билік органдары мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының заңдық актілерінен жоғары үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қағида прокурорлық қадағалау үшін ерекше мәнге ие болады, өйткені прокуратураға заңдардың дұрыс қолданылуын қадағалау міндеті жүктелген, және сонымен бірге оның өзі де заңдарды бұлжытпай орындауы тиіс. Прокуратураның барлық жұмысы прокурорлардың өздерінің тиісті заңдарды сақтау мен оларды дұрыс қолдануына байланысты болады. Олардың әрқайсының әрекеті, кез келген әсер етуі заңға негізделіп, соның шегінен шықпауы керек.

Құқықтық мемлекеттің заңдылық қағидасы кеңес режимі кезіндегі социалистік заңдылықтан едәуір айырмашылығымен көрінеді. Егер соңғының түбегейлі негізі тұлғалар мен қоғамнан жоңғары тұрған мемлекеттің мүддесі болса, мемлекеттік құқықтық деп жариялаған жағдайда тұлғалардың құқығы мен бостандығы, азаматтық қоғамның мүдделері басым тұрады.

Жариялылық қағидасы Бас прокуратураның арнайы бөліністерімен, ал жергілікті жерлерде бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс үшін жауапты прокурордың көмекшілері арқылы қамтамасыз етіледі. Заңда, прокуратура органдары Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды, деп жазылған. Осы ережеге сәйкес, Бас Прокурор Ел Президентіне, мемлекеттік билік органдарына елдегі заңдылықтың ахуалы туралы, прокуратураның жұмысын нығайту туралы хабар беріп отырады. Атап өту керек, сонымен бірге прокуратура жұмыстары туралы ақпараттарының бәрі бірдей жариялылыққа беріле бермейді. Егер берілетін жариялылық ақпараты мемлекеттің немесе азаматтың мүддесіне зиян келтіретін болса, онда жариялылыққа жол берілмейді.

Прокуратура органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінде қағидаларды жүзеге асыруда маңызды мәнге олардың жұмыс регламенті ие болады. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы орталық аппаратының жұмыс регламенті 2003 жылдың 14-сәуіріндегі № 22 бұйрығымен тиісті өз-

гертулер мен толықтырулар енгізілген 2002 жылғы 7-сәуірдегі № 16 бұйрығымен бектілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жұмыс регламенті орталық аппараттың ұйымдық-бөлу, жоспарлау-талдау және бақылау-атқару қызметтерін қалыптастыру мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ, төменгі тұрған прокуратуралардың осындай жұмыс регламеті үшін типтік жұмысы қызмет етеді.

Өздерінің күнделікті ісінде прокуратура қызметкерлері сондай-ақ Бас Прокурордың бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады. Солардың арасынан Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі Кеңеспен мақұлданып, 2003 жылдың 18-ақпанындағы қабылданған Құқық қорғау органдарының қызметін бағалау критерийі туралы № 12 бұйрығы айрықша орын алады.

Құқық қорғау органдарының қызметін бағалау қазіргі кезде сандық көрсеткіштерге ғана сүйеніп қоймай, сонымен бірге іс жүзіндегі заңдылықтың, қылмыстылықтың, қоғамдық тәртіп ахуалына қарай өлшенеді. Прокуратура органдарының қызметі қылмыстық сот ісінің аясына тартылған адамның құқықтырын әсерлі қорғауға қарай, тергеу әрекеттері мен жедел-іздістіру қызмет шараларын жүргізуге санкция берудің заңдылығымен, айыпталушының сотқа тапсырылуының негізділігімен, азаматтардың құқықтарының дер кезінде қалпына келтірілетіндігімен (жәбірленушінің және басқалардың моралдық және материалдық зияндарын қалпына келтіру), кез келген заңдылық бұзушылықты ескерту мен болғызбау, заңсыз актілерге дер кезінде наразылық білдірумен бағаланады.

2.2. Прокуратура органдарының жүйесі мен құрылымы. Прокуратура органдарының функциялары мен қызметтерінің негізгі бағыттары. Прокурорлық қадағалау актісі

Қазақстан Республикасының Прокуратурасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және «Прокуратура туралы» Заңының 3 пен 4-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының прокуратурасы төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды.

Конституция мен заңдардың үстем тұруын қамтамасыз ету адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Президенті-

нің Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокуратура мемлекет атынан:

- Конституцияның, Заң актілерінің және Республика Президенті актілерінің бұзылуын анықтап, оларды жою шараларын қолданады;
- жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырады;
- сотта мемлекет мүддесін білдіреді;
- Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық жасайды;
- заңда белгіленген тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады;
- статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, арнайы есепке алуды жүргізеді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады.

Прокуратура органдарын ұйымдастыру жүйесі орталықтандыру прокурорлық қадағалаудың бірлігі қағидасында, құрылым элементтерінің өзара байланысы мен өзара әрекеттестіктерінің жалпы қағидасында құрылған.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін Бас прокуратура, облыстар прокуратурасы, республикалық дәрежедегі қалалар мен республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалалық және соларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралар құрайды. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы прокуратура функцияларын жүзеге асыру жөніндегі прокуратураның барлық органдары мен мекемелерінің үйлесімді жұмысын қамтамасыз етуге жұмылдырылған.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Республика Президентімен Парламент Сенатының келісімімен бес жыл мерзімге қызметке тағайындалады және Республика Президентіне есеп беріп отырады. Бас Прокурордың өзінің ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бірінші орынбасары мен орынбасарлары болады. Бас Прокуратурада құрамында Бас Прокурор, оның бірінші орынбасары мен басқа да орынбасарлары, сондай-ақ прокуратура органының басқа да басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Алқа кеңесші орган болып табылады, оның шешімдері Бас Прокурордың бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Республика Бас Прокуроры мен оның бірінші орынбасарының аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Бас прокуратураның құрылымын департаменттер, басқармалар мен бөлімдер құрайды. Бөлімде өз алдына бөлек болуы (басқарма құқығында) не департаменттер мен басқармалардың құрамына енуі мүмкін. Департаменттерде, басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлар лауазымы белгіленеді.

Республика прокуратурасының құрамында сондай-ақ Бас Прокурордың орынбасары-Бас әскери прокурор басшылық жасайтын әскери прокуратура мен Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті, сондай-ақ С. Есқараев атындағы заңдылық, құқықтық тәртіп және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін көтеру мәселелерін зерделеу институты бар. Прокуратура органдары Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті арқылы құқықтық статистиканы қалыптастырып және арнайы есептерді жүргізеді. Бас прокуратура жанындағы институт ғылыми зерттеулер жүргізу мен прокуратура органдары кадрларының біліктілігін көтеру үшін құрылған мемлекеттік мекеме болып табылады.

Прокуратура органдарының екінші буыны облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының, сондай-ақ облыс прокуратуралар құқындағы мамандандырылған прокуратуралар болып табылады. Облыс прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралар Республика Президентінің келісімімен Бас прокурор тағайындаған тиісті прокурорлармен басқарылады. Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшісі мен көмекшілері болады. Облыс прокурорларының орынбасарлары облыстық прокуратураның тиісті басқарма бастықтарымен тікелей тағайындалуы мүмкін. Облыс прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың басқармалары мен бөлімдері болады. Басқарма мен бөлім бастықтары тиісінше облыс прокурорларының аға көмекшілері және көмекшілері болып табылады. Басқармалар мен бөлімдерде аға прокурорлар мен прокурорлар лауазымы белгіленеді.

Прокуратура органдарының келесі негізгі буындары тиісті прокурорлары Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен тағайындалатын қалалар мен аудандардың, оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокуратуралары болып табылады. Қалалар мен аудандардың, оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокурорлардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері болады. Маманданған прокуратуралар да аумақтық прокуратуралық қолданатын заңдарды басшылыққа алады, прокуратураның барлық органдарына арналған жалпы міндеттерді орындайды, тек қана айырмашылықтары прокурорлық қадағалаудың арнайы объектілерімен немесе жекелеген салаларымен шектеледі.

Мамандандырылған прокуратураларға әскери, көлік, табиғат қорғау, сондай-ақ арнайы объектілер прокуратуралары жатады.

Кез келген мемлекеттік органдар жүйесі сияқты, прокуратура органдары да барлығы бүтіндей бір өзара байланысқан органдар жүйесін құратын жиынтықты көрсетеді. Прокуратура жүйесі үшін төменнен жоғарыға — жүйенің ішкі басқару бағыныштылығы бойынша, көлденеңінен — ішкі жүйедегі бірдей дәрежелі органдар мен бөліністердің, және басқа да органдар мен жүйелердің құрылымдық элементтерінің арасындағы өзара әрекеттестігі тән болады.

Көмекші жүйелерді мыналар құрайды: іс-қағаздарын жүргізу; тіркеуді, есептілікті ұйымдастыру мен жүргізу, заң шығаруды жүйелендіру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету.

Жұмысты үйлестіріп ұйымдастыру мен мақсатты басқара білу бүкіл прокурорлық жүйені біртұтас орган ретінде қызмет етуінің үйлесуі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді, прокурорлар мен прокуратура органдарының қызметкерлерін іс жүзіндегі күрделі әрі жауапты тапсырмаларды орындауға бағыттайды.

Прокуратура органдарының жұмысын ұйымдастыруды жақсарту, басқарудың стилі мен әдістерін жетілдіру, атқаруды бақылау Бас прокуратураның қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Қазіргі кезде барлық деңгейдегі прокуратура органдары республиканы дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешумен, Президенттің прокуратура органдарының алдына қойған міндеттерімен тығыз байланыста.

Барлық деңгейдегі прокуратура органдарының ұйымдастырушылық қызметінде, кез келген прокурорлық қызметкер үшін негізгі орынды прокурорлық қадағалау мен оны басқарудың стилін, нысандары мен әдістерін жетілдіру алады. Оларды өзгертудің қажеттігі, уақыт талабына сай, қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірін жетілдірудің талаптарына негізделген. Сондықтан қызметтің прогрессивті жақтарын дамыту мен жетілдіру бойынша саналы, мақсатты қызметті қолға алып, оларды күн өткен сайын іс-тәжірибеде игере түсу қажет. Басқарудың мәнері мен әдістерін өзгерту — мақсатты әрі мейлінше ұзақ үрдіс. Ол жүйе қалыптастыратын факторларды есепке алуды қамтамасыз ететін жүйелі көзқарастардың негізінде жүзеге асуы мүмкін, және біздің ойымызша, үш негізді бағыттарды, атап айтқанда, саяси, ұйымдастырушылық және психологиялық бағыттарды жүзеге асыруға байланысты.

Саяси бағыт «мемлекет — прокуратура» және «халық — прокуратура» қатынастарын қосады. Бұл жерде қарама-қайшылық жоқ. Бұл қатынастардың нағыз құқықтық мазмұны прокуратураның мемлекеттік құрылыстағы

алатын орнын және заңдылық пен ақыр соңында халықтың мүдделерінің күзегінде тұрған орган ретіндегі оның мәнін анықтайды.

Қазірде заң шығарушылықта орасан зор өзгерістер болып жатыр. Ғылыми және практикалық тұрғыдан прокурорлық өкілеттікті кеңейту мәселесі, оларға ауқымды мәнділік пен міндеттілік беру мәселелері қарастырылуда.

Ұйымдастырушылық бағыт басқару субъектілері мен объектілерін, жоғары тұрған және төменгі тұрған прокуратуралардың қатынастарын жетілдіру түрінде анықталуы мүмкін. Мұндай қатынастар орталықтан басқарумен және прокурорлық жүйенің барлық буындарының дербестігімен. Орталықтың билігі мен шеткері жақтың дербестігінің нақты үйлесуімен анықталады. Бұл бағыт көптеген мәселелер мен міндеттердің шешілуін талап етеді. Онда қолданыстағы заңнамалардың қатаң қолданылуын қамтамасыз ететін қадағалау мен басқарудың бағдары, оны саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы ғаламдық өзгерістері ескере отырып құқықтық қамтамасыз етуге, қылмыстылық туралы заңнамаларды орындауды қадағалауға жұмылдыру қажет. Бұл жол Бас прокуратураның және оған бағынышты органдармен жүзеге асырылады. Демократияландырудың елеулі резерві деп бағынышты органдарды басқаруда алқалар мен жедел кенестердің рөлін танып, тиісті прокуратуралар аппаратының жұмысын ұйымдастыруды жақсарту керек.

Психологиялық бағыт тұлғасы басқарудың өз алдына дербес құндылығы болып табылатын «прокуратура — прокурор» жүйесіндегі қатынастарды өзгертуге бағытталған. Маңыздысы — шын толық мәнінде прокурордың кәсіби және тұлғалық абыройын қалпына келтіру.

Басқару мәселелері жөніндегі ғылыми әдебиеттерді талдау еңбектің тиімділігін арттыру резерві көп дәрежеде басшылар мен бағыныштылардың арасындағы, бір деңгейдегі қызметкерлердің арасындағы қатынастардың демократияландырумен байланыстырылады, сонымен бірге басқару психологиясына да ден қойылады. Бұл жерде тұлғаның абыройы мен беделі, басқаруды гуманизациялау, ынтымақтастық пен прокуратура қызметкерінің әрқайсысының еңбек нәтижесін әділетті бағалау негізінде ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптастыру да аз орын алмайды.

Бұл ретте прокуратураның кәсіптік құзыреттілігінің ажыратылмас құрамдас бөлігі құқықты, прокурорлық қадағалау теориясы мен тәжірибесін терең біліп қою ғана емес, сонымен бірге нақты экономика негіздерін, басқарудың заманауи әдістерін және прокуратура жұмысын ұйымдастыруды білу керек. Прокурордың мұндай қасиеті мемлекеттік қызмет түрі ретінде жұрттың көз алдында заңны беделін арттырып, қадағалаудағы тәрбиенің рөлін арттыра түседі.

Кәсібилікпен бірге басшы тұлғасының адамгершілік қасиеттері басқарушылық қызметте негіз құрушы болып табылады, атап айтқанда, басшы мен бағыныштының арасындағы өзара қарым-қатынаста моральдық жоғары деңгейді анықтайды, ұжым арасында жақсы адамгершілік-психологиялық ахуал тудырады, шығармашылық ахуалды жақсартып, әкімшілік ки-кілжіңдерге жол бермейді.

Прокурорлық қадағалау актілерінің тізілімі ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 18-бабында берілген. Оларға жататындар: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыным, заңға түсіндірме. Прокурорлық әрекет ету актілері ҚР «Прокуратура туралы» Заңымен көзделген заң бұзушылықты болдырмау, құқық бұзушылықтың жолын кесу, заңдылықты қалпына келтіру, заң бұзушылықпен туындаған жағымсыз зардаптарды жою жөніндегі прокурор өкілеттілігін жүзеге асыру жолы.

Белігілі болғандай, нақты бір прокурорлық қадағалау заңдарыдың бұзылу сипатына, олардың себептеріне, бұзушылықтың таралуына, зиянды зардаптарына, құқық бұзушы кінәсінің дәрежесіне байланысты болады.

Прокурордың заңдылықты бұзуға әрекет етуі, сөз жоқ, дер кезінде, жедел, негізді, ескертілген, кешенді, барабар және аяқталған болуы керек. Тек осындай жағдайда ғана прокурордың ықпал ету шаралары нәтижелірек болады.

Прокурор тәжірибесінде олардың әрекет ету нәтижелерін тексеру кезінде бұл мәселенің көптеген ретте тиісті нәтиже бермей қалатынын жиі ұшырастыруға болады. Бұл жұмыстың әсерлі болуына кесел келтіріп, прокурордың ғана беделін түсіріп қана қоймай, сонымен бірге бүтіндей заңдылықпен қамтамасыз етудің қарқыны мен нығайтылуына кері әсерін тигізіп отырады. Осыған байланысты 2002 жылы Президенттің «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданып, онда прокуратураның кейбір іс-қимылдарын көп күш жұмылдыру жайында айтылды.

«Прокуратура туралы» Заңға жаңа өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты прокурорлардың өкілеттіліктері айтарлықтай күшейтілді, прокурордың кейбір құқықтық актілерінің кепілдері мен алдын ала атқару шаралары қарастырылды.

Прокурордың наразылығы — бұл Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қайшы келетін шешімдері мен іс-әрекеттеріне қатысты прокурордың әрекет жасау туралы құжаты.

Наразылық оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға беріледі. Лауазымды адамның заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады.

Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам он күн мерзім ішінде қарауға тиіс. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті. Наразылықтың сотта қаралу мерзімі заңдарда белгіленеді.

Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді.

Прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

Прокурорлық қадағалаудың басқа бір актісі қаулы болып табылады. Ол заңның бұзылу сипатына қарай қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөнінде шығарылады. Прокурор заңның қолданылуына тексеріс жүргізу туралы, заңсыз құқықтық актіні алдырып тастау, қарау, тұмшалау салу туралы, тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды жою немесе алып тастау туралы, күшін тоқтата тұру туралы, прокурордың талабын мәжбүрлеп орындату туралы, жеткізу (күштеп әкелу) туралы, сондай-ақ заңда көзделген басқа да реттерде қаулы шығарады.

«Прокуратура туралы» Заңға өзгертулер енгізілуіне байланысты прокурордың қаулысы орындалу мәселесіне қатысты міндетті күшке ие болды. Ол заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда, прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындамау Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұл жерде өте мұқият болу керек және прокурордың талаптарыны мәжбүрлі орындау туралы, сондай-ақ тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды кейінге қалдыру мен алып тастау туралы қаулылар шығару жөніндегі мәселеге өте салмақпен қарау керек. Мемлекеттік органдармен және олардың лауазымды адамдарымен салынған тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды кейінге қалдыру мен алып тастау туралы қаулыларды заңдылықты анық және өрескел бұзушылық көрінген кезде ғана шығару қажет. Бұл ретте мұндай шаралар қолдану туралы прокурорларға хабарлау жөніндегі мемлекеттік бақылаушы органдардың міндеттерімен мүлтіксіз қадағалау қамтамасыз етілген болуы тиіс.

Прокурордың басқа қаулылары, атап айтқанда зат алу, тексеру, мүлікке тыйым салу туралы қаулылар арнайы заңнамалармен қарастырылған талаптарды ескере отырып орындалады.

Бүгінгі таңда прокурордың талаптарын орындау кепілі күшейтілген. Прокурорлардың талаптарына байланысты лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеттері, сондай-ақ күнделікті қызмет үшін маңызы бар қызметтерді қасақана орындамағаны үшін жауапкершілік тізілімі заңмен толықтырыла түскен.

Мұнымен қатар, тиісті органдар мен лауазымды адамдар қажетті қайтарымсыз материалдар мен мәліметтер берумен бірге, тексеру мен қорытынды беру үшін мамандар бөлумен бірге прокурорлардың қадағалау қызметі мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Өткізіліп жатқан тексеріс бойынша түсінік беру үшін прокуратураға келуі туралы прокурордың талаптары да лауазымды адамдар мен азаматтардың міндетті түрде орындауына жатады. Белгіленген мерзімге келмеген жағдайда прокурор өзінің қаулысымен 24 сағаттың ішінде оны жүзеге асырушы ішкі істер органының күшімен мәжбүрлеп келтіруді қамтамасыз етеді. Хабарлама сол сияқты оларды жеткізетін телефонограмма, телеграмма немесе байланыстың басқа да құралдарының көмегімен жіберілуі мүмкін.

Прокурордың талаптарын орындамағаны және прокурордың шақыруы бойынша келуден жалтарғаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 521 және 522-баптары бойынша жауапкершілік қарастырылған.

Ұйғарым Заңды бұзушылықты жою туралы жазбаша ұйғарымды прокурор енгізеді және оны заңды бұзуға жол берген органға немесе лауазымды адамға, не жіберілген заң бұзушылықты жоюға өкілетті органға немесе лауазымды адамға жібереді. Егер заңды бұзу ашық сипатта болып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болған және ол дереу жойылмайтын болған жағдайда, ұйғарым енгізіледі. Ұйғарымды нормативтік құқықтық актілерге енгізуге болмайды.

Ұйғарымда Конституцияның, заңдар мен Республика Президенті актілерінің бұзылған нормалары көрсетіліп, құқық бұзушылықтың сипаты мен заң бұзушылықты жою жөніндегі шаралар туралы нақты ұсыныстар болуға тиіс.

Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс. Ұйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Проку-

рордың ұйғарымын орындамау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ұйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Ұйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата тұрмайды. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін ұйғарымның орындалуын тоқтата тұра алады.

Қадағалау актісі мен прокурордың ұйғырымының пайдасына шешім қажетті шешім қабылдауды таңдау кезінде жоғарыда айтылған тиісті талаптарды басшылыққа алу керек. Ұйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуы тиіс. Ұйғарымның орындалғаны туралы прокурорға дереу хабарланады.

Өтініш. Прокурор заңға сәйкес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін сотқа талаптық өтініш жасауға хақылы.

Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған немесе олар заңда белгіленген мерзімде қаралмаған жағдайларда прокурор органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекеттері мен актілерін жарамсыз деп тану туралы, сондай-ақ заңды бұзушылықты болдырмау туралы сотқа өтініш беруге құқылы. Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.

Сотқа берілген прокурорлық қадағалау актілерінің қабылданбауына немесе қараусыз қалдырылуына байланысты өтінішті сот заңда белгіленген тәртіппен қарайды. Прокурордың өтінішіне мемлекеттік баж бен өзге де алымдар салынбайды.

Санкция. Прокурор жазбаша түрде: қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда тінтуге; айып тағылған адамды қызметтен шеттетуге, сезік келтірілген немесе айып тағылған адамды сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыруға; Конституциямен және заңмен қорғалатын хат жазысу, телефонмен сөйлесу, телеграф хабарлары мен почта жөнелтімдері құпиясына, сондай-ақ тұрғын үйге қол сұғылмау құқығына қатысты жедел-іздістіру шаралары мен тергеу әрекетін жүргізуге; шетелдіктерді әкімшілік тәртіппен аластау үшін ұстауға; бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау мен жазып алуға, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау мен жазып алуға; мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге; жеке және заңды тұлғалардың банктердегі ақшасы мен басқа да мүлкіне тый-

ым салу; Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға; тікелей заңмен көзделген өзге жағдайларда санкция (келісім) береді.

Көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға санкция беруді немесе оны беруден бас тартуды прокурор санкция сұрауға негіз болған материалдарды зерделегеннен кейін лауазымды адамның қаулысына қарар түрінде немесе өзге жазбаша нысанда жиырма төрт сағаттың ішінде ресімдейді.

Адамның және азаматтың бостандық құқықтарын шектеуі мүмкін жедел-іздестіру және өзге қызмет мәселелері жөніндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің қолданылуына келісім береді.

Маңыздысы, республика бойынша бұл мәселеде, әсіресе салық төлеушілердің банктық есепшоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органдарының рұқсаттық өкім беру тәртібі мен жағдайындағы бірыңғай тәжірибесінің сақталуы.

Қазақстан Республикасының салық кодексімен салық төлеушілердің банктық есепшоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру үшін негіздемелік толық жеткілікті тізімі берілген. Занды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банк шоттары (корреспонденциялық шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен: салық төлеуші салық есептілігін тапсыру мерзімі аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде оны табыс етпеген; белгіленген төлеу мерзімі күнінен бастап отыз жұмыс күні өткеннен кейін салық берешегін өтемеген; салық қызметі органының лауазымды адамдарының, осы Кодексте белгіленген салық тексеруін жүргізу тәртібін бұзған жағдайлардан басқа реттерде, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді салық тексеруіне, қарауына жол бермеген; тиісті құжаттармен расталған салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру салық берешегін өтеу жөніндегі операциялардан басқа, салық төлеушінің барлық шығыс операцияларына қолданылады.

Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып белгілеген нысан бойынша шығарылады және банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым оны алған күннен бастап күшіне енеді.

Салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімін банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сөзсіз орындауға тиіс. Шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық орга-

ны банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себебі жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күшін жояды.

Салық төлеушінің банк шоты жабылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банк тиісті салық органына салық төлеушінің банк шотының жабылғаны туралы хабарламамен бірге шот бойынша шығыс операцияларының тоқтатыла тұратыны туралы өкімді қайтарады. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсімпұлдардың салық тексеруі нәтижесі бойынша есептелген сомасы туралы хабарламаға шағым жасалған жағдайда, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жүргізілмейді

Нұсқау. Прокурор: қылмыстық істерді қозғау мен тергеу жүргізуге байланысты анықтама және тергеу органдарына; жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға; заңмен белгіленген өзге де жағдайларда нұсқау береді. Республика Бас Прокурорының жедел-ізвестіру қызметі, анықтама және тергеу мәселелері жөніндегі нормативтік сипаттағы нұсқауын барлық тергеу және анықтама органдары, жедел ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар орындауға міндетті.

Прокурордың ұсынысы. Прокурор өз құзыреті шегінде: заңдылықты бұзуды болдырмау туралы; қылмыс жасауға және басқа тәртіп бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы; Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмау құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша; заңда белгіленген өзге жағдайларда ұсыныс енгізеді. Ұсынысты лауазымды адам немесе орган заңдылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып, бір ай мерзімде қарауға тиіс. Прокурор ұсынысты қарауға қатысуға хақылы. Ұсынысты қараудың нәтижелері және қолданылған шаралар туралы прокуратураға хабарланады.

Заңды түсіндіру. Органның немесе лауазымды адамның не азаматтың заңдарды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі салдарынан оларды дұрыс қолданбауға әкеліп соғатын жеткілікті негіздер бар деп санаған ретте, прокурор заңның мазмұнын, ал қажет болған жағдайда заңды бұзғаны үшін көзделетін жауапкершілікті түсіндіреді.

Құқықтық актінің жобасы заңға сәйкес келмеген жағдайда прокурор актіні қабылдайтын органға немесе лауазымды адамға заңның талабын түсіндіреді.

Заңмен қадағалаудың кейбір актілерін мәжбүрлі түрде орындау мүмкіндіктері қарастырылады. Оларға прокурордың ұйғарымы мен қаулысы жатады. Оларды ерікті түрде орындамаған жағдайда прокурор «Прокуратура туралы» Заңның 26-1-бабына сәйкес, Прокурордың қаулылары мен ұйғарым-


дарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды көздейтіндерін қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындауға дереу шаралар қолдануға міндетті. Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды прокуратура органдарына жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы, оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындайды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 520-бабы лауазымды адамның соттың жеке ұйғарымын, қаулысын, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының ұсынысын қарамауы немесе оларда көрсетілген заң бұзушылықты жоюға шара қолданбауы, сондай-ақ жекеше ұйғарымға, қаулыға немесе ұсынысқа дер кезінде жауап қайтармауына қатысты жауапкершілік қарастырылған. Прокурордың ұйғарымы мен қаулысын орындату міндеті сот орындаушысына жүктеледі. Алайда есте болатын жәй, онсыз да соттың шешімімен мүлкінен мәжбүрлеп айыруды мәжбүрлі түрде орындалатын талапқа айналдыруға болмайды.

Мысалға, стратегиялық маңызы бар электр қуатын беретін объектінің ағытып тастауға тыйым салуға қарамастан энергетиктер берешегі үшін әскери объектілерге немесе дәл операция үстелінде адам жатқан кезде ауруханаларға электр қуатын беруді тоқтатып тастайды. Мұның соңғы жағдайында аурухана әкімшілігі, әрине, сотқа жүгіне алады, алайда сот шарасы апта немесе айға созылады, мұндайда туындаған жағдайдың аяға адам өліміне әкеп соқтырады.


Басқа мысал. Кеден органдарының салғырттығынан кейде коммерциялық құрылымдар Қазақстанның шегінен стратегиялық шикізатты алып шығады. Прокурордың мұндай экспортты тоқтату туралы ұйғарымы қашанда орындала бермейді. Дегенмен соңында коммерциялық құрылымның мұндай әрекеті сотпен заңсыз деп танылады, алайда сыртқа шығып кеткен стратегиялық шикізатты енді Қазақстанға қайтара алмайсың. Мұндай жағдайда прокурор жедел түрде араласып және бұзылған заңды қалпына келтіре алады.

Мемлекеттік органның хабарламағаны үшін немесе талап етілгенді дер кезінде прокурорға хабарламағаны үшін жауапкершілік сияқты прокурордың өкілеттілігін күшейте түсетін жаңалықтың енгізілуінің де маңызы кем болып саналмайды. Бақылаушы және қадағалаушы органдардың кәсіпкерлердің құқығына қатысты тыйым салу-шектеу шараларын (жекелеген өндірістік объектілерді пайдалануға беруді, жұмыс түрлерін, өндірісіті және басқаларды тоқтата тұру немесе тыйым салу) қабылдауы жөнінде міндетті түрде хабарлауды енгізу — біздің заңнамаларымыздағы жаңа нормалар.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ



Мұндай хабарламаларды мыналар жіберуі тиіс:

- санитарлық ережелер мен нормативті тазалық нормасын бұзғаны, сондай-ақ мұндай әрекеттерді жалғастыруы адам өмірі мен денсаулығына қатер төндіретіні анықталған жағдайда шаруашылық жүргізуші субъектілердің жекеллеген қызмет түрлерін тоқтата тұруға немесе тыйым салуға құқық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары, лауазымды адамдар;
- өздерінің бақылауындағы саладағы тиісті ережелер мен нормалар бұзылған жағдайда жоғарыда аталғандай құқықтарға ие болған өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау органдары;
- тауарларды жою туралы шешім қабылдаған, сондай-ақ прокурордың санкциясын талап ететін, сонымен бірге онсыз әрекет жүргізген жағдайда кеден органдары.

Сөйтіп, аталған шаралардың қабылданғандығы жайында хабардар болған прокурор заңдылықтың бұзылу фактісіне жедел және дер кезінде әрекет жасауға мүмкіндік алады. Хабар алғаннан кейін прокурор жүргізілген әрекеттің заңдылығын тексеруі тиіс, және ол заңсыз болған жағдайда оны қайтаруға дейін (немесе тыйым салу-шектеу сипаттындағы шараларды алып тастауға дейін) тиісті қадағалау шараларын қолдануға тиіс.

Есте сақтау керек, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мемлекеттік органның заң актілеріне сәйкес хабарлау талап етілетін іс жүргізу туралы прокурорға хабарламауы немесе дер кезінде хабарламауы жауапкершілік қарастырыған 521-1-бап енгізілген.

3-ТАРАУ. ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕП ЖҮЙЕСІ

3.1. Прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы есеп жүйесі саласындағы негізгі кезеңдері мен міндеттері

«Статистика» термині (латынның «status» — (статус) сөзінен шыққан) «жағдай, заттың күйі» дегенді білдіреді. Бастапқы кезде статистиканы мемлекеттегі білімдердің жиынтығы деп түсінді, одан кейін статистиканы жаппай құбылыстар туралы деректерді жинау мен өңдеу және ең соңында ғылымның ерекше саласы деп атады.

Зандық статистика қылмыстық статистика құрылымында негізгі орын алып ұзақ уақыт бойы «моральдық» статистика деп аталып келді.

Қазақстандық құқықтық статистика Кеңес Одағы кезеңінде ғана пайда бола бастады және кеңестік заң статистикасының ажыратылмас бөлігі ретінде қалыптасты. Қылмыстылық туралы КСРО Милиция Бас басқармасының қарамағында болды; Еңбекпен түзеу мекемелерінің статистикасы — КСРО Халық әділет комиссариатында; Кәметке толмаған құқық бұзушылардың статистикасы Одақтас республикаларының Халық ағарту комиссариатында болды.

Қылмыстылық, сотталғандар, қылмыстылықпен күрес жөніндегі органдардың қызметі туралы деректерді жинақтаушы бірыңғай органның жоқтығы елдегі қылмыстылық туралы толық жағдайды біліп отыруға мүмкіндік бермеді. Қоғамдық тәртіп сақтау органдарының, соттардың, прокуратуралардың статистикалық нысандарының арасындағы айырмашылықтар статистикалық есептілікке тар ведомстволық көзқараста, қылмыстылықтың бірыңғай есеп жүргізуінің жоқтығы осы деректерді салыстыру нәтижесі мейлінше қарама-қайшылықта болды және елдегі қылмыстылықтың ахуалы мен қозғалысының толық суретін көрсете алмады.

Қылмыстылықпен күресте статистикалық есепке алу мен оның қолданбалы рөлін көтерудегі бірлік қалыптасуының маңызды қадамы КСРО Прокуратурасымен 1960 жылдың аяғында прокуратура органдарына да, сол сияқты ішкі істер органдарына орындау міндетті болып танылған Қылмыстың бірыңғай есепке алу туралы нұсқауының бекітілуі болды. Бұл іс-шаралар тіркелетін қылмыстарды бірыңғай есепке алу тууының, құқықтық статистиканың маңызды бөлігі ретіндегі қылмыстық-құқықтық статистиканың құрылу кезеңіне айналды. Осы нұсқаумен алғаш рет қылмыстық ізге түсу

органдары жұмысының тиімділігін бағалау ретінде қылмыстардың ашуға жататындық формуласы қабылданды.

1997 жылдың 22-сәуіріне дейін қылмыстылық туралы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы деректер жалпылама түрінде ҚР ІІМ Ақпарат орталығында, ҚР Мемлекеттік тергеу комитетінің қылмыстық ақпараттар орталығында, Әділет министрлігінде соттардың қараған істері көлемінде ғана болды.

Ішкі істер органдарының жұмыс тиімділігінің көрсеткіштері бұрын осы органдармен қалыптастырылып, мұның өзі есепке алу-тіркеу тәртібінің жаппай бұзылуының етек алуына, қылмыстық жағдайды дұрыс бағалауға кедергі жасайтын құқық қорғау қызметінің күнделікті тәжірибесіне зиян келтіруге әкеп соқтырып отырды. Өмірде бұл мемлекет пен қоғамды жаппай алдаушылық сипатын көрсеткендей болды.

Қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер бұл мәселені жартылай ғана шешті, бірақ олардың өзі сот төрелігі мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарына таралмады. Статистикалық деректерді объективті бағалауды сенімді қамтамасыз ету үшін есепке алуды жетілдіру жөніндегі одан әрі іс-шаралар талап етілді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 22-сәуіріндегі «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары жүйелерін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен ҚР ІІМ Ақпарат орталығы мен, ҚР Мемлекеттік тергеу комитетінің қылмыстық ақпараттар орталығы негізінде Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылды.

Өткен жылдар бұл қадамның ақталатынын айғақтады: тар ведомстволық ІІМ — МТК ақпараттық-анықтамалық құрылымдар өзгеріп, құқық қолдану мен сот төрелігі практикасын қамтамасыз ететін, өздерін сыбайлас жемқорлық қылмыстар немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаумен көрсететін адамдарды мемлекеттік қызметтен әсерлі алшақтататын жоғары технологиялы ақпараттық-анықтамалық мемлекеттік құқықтық статистика жүйесіне айналды.

Құқықтық статистиканы одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28-наурызындағы №1050 Жарлығымен Бас прокуратура жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығы негізінде оның функцияларын, мүліктері мен істерін беру құқығымен мемлекеттік мекеме — Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті құрылды.

Ережеге сәйкес комитет Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құзыретінің шегінде құқықтық статистика қалыптастыру және арнайы есеп жүргізу, сондай-ақ осы салада қадағалау жүргізу функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асырушы ведомство болып табылады.

Комитеттің ақпараттық қорының құрылымы өзіне қылмыс жасаған адамдардың аты-жөндері мен дактилоскопиялық есепке алу, сыбайлас жемқорлық субъектілерін, қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды іздестіру есебін жүргізу сияқты бірыңғай ақпараттық кешенге біріктірілген арнайы есепке алу түрлерін қосып алады.

Бұдан басқа, Комитетпен қылмыскерлердің тұлғасын идентификациялау, мәйіттерді тану, хабар-ошарсыз кеткендерді іздестіру жұмыстары жүргізіледі. Бұл құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру және тергеу жұмыстарын тиімділігі едәуір көтереді.

Комитетті Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тағайындалған Бас Прокурордың Орынбасары — Төраға басқарады. Комитет төрағасының оның өзінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алудың міндеттері:

- мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды біртұтас статистикалық принциптер және стандарттар негізінде елдегі заңдылықпен құқық тәртібінің жай-күйі туралы ақпаратпен тиімді және жеткілікті қамтамасыз ету;
- мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесін жетілдіру және дамыту болып табылады.

Мемлекеттік құқықтық статистика пәні оларды өзіндік сапамен ашу, ағымдары мен заңдылықтарын дамыту мақсатында нақты орын мен уақыты жағдайларында бұқаралық құқықтық немесе басқа да заңдық маңызы бар құбылыстар мен үрдістердің сандық жақтары болып табылады. Арнайы есепке алу пәні бұқаралық құқықтық немесе басқа да заңдық маңызы бар құбылыстарды сипаттайтын статистикалық қадағалау жолымен құжатталған ақпараттар болып табылады.

«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына сәйкес, мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті:

- мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады;
- жедел, ведомстволық есепке алу және жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен астыртын негізде жұмыс істейтін тұлғаларды есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізеді;

- құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәліметтерінің тұтастығына, объективтілігіне, анықтығына, жеткіліктілігіне қадағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы саладағы ақпаратты жинау, тіркеу, өңдеу, жинақтау, жиынтықтау және сақтау әдістемесін белгілейді;
- құқықтық статистикалық байқаулар өткізеді;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу саласында ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асырады;
- бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулердің есебін жүргізеді;
- мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде мемлекеттік органдардың статистикалық қызметін үйлестіреді;
- мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық принциптер және стандарттар, әдістеме әзірлейді;
- құқықтық статистиканың және арнайы есепке алудың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді.

Уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары өз өкілеттіктері шегінде:

- құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды жүргізу мәселелері жөнінде құқықтық статистикалық ақпаратты, ведомстволық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын, сондай-ақ статистикалық ақпаратты және арнайы есепке алуды жүргізу үшін басқа да ақпаратты тегін алуға;
- сот және қылмыстық ізге түсу органдарының іс жүргізу қызметіне араласпай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері беретін құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығына, объективтілігіне, анықтығына және жеткіліктілігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;
- Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдарын бұзушылықтарды анықтауға және

жоюға бағытталған бақылау және қадағалау шаралары кешенін жүзеге асыруға;

- құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері бойынша заңдылықтың бұзылуын жою мақсатында ұсыныстар енгізуге;
- тексерулер белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылғандығы анықталған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілерге тексерулер белгілеу туралы актілерді тіркеуден бас тартуға;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Комитеттің Төрағаға бағынатын облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы және соларға теңестірілген әскери басқармалар мен аймақтық көлік басқармаларында құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі басқармалары бар. Аумақтық органдардың қызметтері Комитет Төрағасының 2003 жылғы 28-сәуірдегі №155 л/с бұйрығымен бекітілген облыстардағы, Астана мен Алматы қалаларындағы және соларға теңестірілген комитет басқармалары туралы Ережелермен реттеледі.

Басқарманы Комитет төрағасымен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын бастық басқарады. Басқарма бастығының өзінің ұсынуы бойынша Комитет төрағасымен тағайындалатын және босатылатын орынбасарлары болады.

Басқарма бастығы жеке басшылық қағидасы бойынша Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, оған басшылық жасайды және Басқармаға жүктелген міндеттерді орындау үшін жеке жауапкершілік атқарады; белгіленген тәртіп пен мерзімде Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетке орталықтандырылған арнайы есепке алуды қалыптастыру үшін статистикалық есептерді, тіркеу актілері мен материалдарын, Басқарма қызметінің нәтижелері туралы есептердің берілуін қамтамасыз етеді; қала прокурорына жарты жылдық және жылдық қорытындылар бойынша есепті және есепке алу пәндердің ахуалы туралы ақпарат береді.

Бас прокуратурада тәуелсіз ақпараттық-статистикалық орган құру маңызды мәселелерді шешудің оңтайлы құралына айналды. Жаңаша мазмұндармен толыққан құқықтық статистика тергеу органдары мен сот төрелігі туралы, қылмысқа қатысты адамдар туралы есепке алу және есеп жүргізу функцияларын бірізді тізбектерін қосып алып қана қоймай, сонымен бірге ақпараттардың дұрыстығы үшін бақылау жөнінде қосымша өкілеттілік берілген.

Атап өту керек, аталған қадам толығымен белгілі ғалым криминолог ұсынғандарымен және қорытындыларымен түсіндіріледі, өйткені оларды бәрі

дерлік құқықтық статистика саласында бірыңғай орталықтандырылған орган құру қажеттілігін және оны ведомстводан тыс құру қажеттілігін таныды.

3.2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру

Мемлекеттік билік құрлымдар мен субъектілерін объективті статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету көптеген жағдайда осы жұмысты тиісті мінде ұйымдастыра білуге байланысты болады.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу:

- мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистика жүйесін басқарудың біртұтастығы;
- құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығы, объективтілігі, жеткіліктілігі, тұрлаулылығы және салыстырымдылығы;
- құқықтық статистикалық ақпараттың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде қолжетімділігі және ашықтығы;
- адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің мүлтіксіз сақталуы принциптерінде жүзеге асырылады.

Осы принциптерді ескере отырып, Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті ең бірінші кезекте басты назарын өзінің аумақтық органдарына аударуға, олардың жұмыстағы кемшіліктерді дер кезінде ашуын мен олқылықтарды ескертуіне іс жүзінде көмек көрсетіліп отырылуы тиіс

Аумақтық құқықтық статистика органдарының, статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жоспарлау, тексеру қызметінің әсерлілігін көтеруге ерекше назар аудару талап етілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 28-наурыздағы Жарлығына және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті өз өкілеттіктері шегінде:

- мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында ақпарат жинауды, өңдеуді, жинақтауды, жиынтықтауды және жаңартып отыруды;
- жүргізілетін құқықтық статистикалық байқаулардың бағдарламасын мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен келісуді және бекітуді;

- мемлекеттік органдарды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерін құқықтық статистикалық ақпаратпен, арнайы есепке алу мәліметтерімен өтеусіз негізде қамтамасыз етуді;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджетке түсетін өз қаражаттары есебінен, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте, көлемде және мерзімде жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуді;
- мемлекеттік құпиялары және заңмен қорғалатын құпиялары бар, алынған мәліметтердің сақталуын жүзеге асыруға міндетті.

Комитет пен оның аумақтық органдары есепке алу-тіркеу және есеп жүргізу қызметіндегі бұзушылық фактілерін болдырмауға міндетті.

Қылмыстылықпен күрес жүргізуде белгілі бір мәселелер қылмыстыр туралы хабарды қабылдау, есепке алу және тіркеу кезінде туындайды. Ис-тәжірибеде қылмыстылықпен күрес жүргізуде жекелеген лауазымда адамдардың ашылғын қылмыстардың санын көбейту мақсатында кейбір қиындау деген қылмыстарды тіркемей кететін жәйтері жиі кездесіп тұрады. Мұндай құбылыспен күрес жүргізуде баға жетпес көмекті Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2003 жылғы 10 ақпандағы № 6 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстар, оқиғалар жөніндегі арыздарды, хабарламаларды, өтініштерді және басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу жөніндегі» Нұсқауы көрсетеді.

Осы Нұсқауға сәйкес құқықтық статистика субъектілері қылмыстық ізге түсу органдары мен соттар болып табылады. Кез келген (жазбаша немесе ауызша) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстар белгіленген тәртіпте тіркелуге жатады. Қылмыстар мен оқиғалар туралы барлық ақпарат мазмұны мен түріне қарай өтінішке, қылмыс туралы хабарламаға және басқа да ақпараттарға бөлінеді.

Өтініштер мен хабарламаларға Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177-бабына сәйкес, мыналар жатады:

- азаматтардың арыздары;
- кінәсін мойындап келу;
- мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын атқарып отырған адамның хабарламасы;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар;

- лауазымды адамдардың және қылмыстық іс қозғауға құқық берілген органдардың қылмыс туралы мәліметтерді тікелей анықтауы.

Аталған ақпараттар міндетті түрде Арыздарды есепке алу кітабында тіркеліп, олар бойынша тексеріс жүргізілуімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 185-ші бабымен көзделген процессуалдық шешімдердің бірін қабылдауы қажет.

Басқа да ақпараттарды:

- қылмыс нәтижесінде түсуі мүмкін дене жарақаттарын алған азаматтардың көмек үшін барғандығы жөніндегі емхана мекемелердің хабарламалары;
- көші-қон полициясы бөлімшелерінің қылмыстық белгілер бар жағдайларда азаматтар төлқұжаттарын жоғалтқаны жөніндегі хабарламалары;
- жол, қаржы полиция органдарының, кеден, мемлекеттік күзет, мемлекеттік өртке қарсы қызметтерінің, Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінің, Ішкі істер министрлігінің әскерлерінің кезекші бөлімшелерінен және басқалардан телефон (телефакс), телетайп, факсимильдік байланыс бойынша, телерадио хабарлар арқылы келіп түскен хабарламалар құрастырады.

Аталған ақпарат міндетті түрде Ақпараттарды есепке алу журналында тіркеуге қажет, ол расталған жағдайда Арызды есепке алу кітабына да тіркеледі де, Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 185-бабымен көзделген процессуалдық шешімдерінің бірі қабылданады.

Хабарлама деп:

- қылмыс белгілері бар басқа да оқиғалар, деректер туралы құлақтандырулар;
- авария, індет жайлауы, дүлей апат және адамдармен болған жазатайым оқиғалар туралы мәліметтер;
- басқа да құқыққа қарсы сипаттағы әрекеттер жөніндегі мәліметтер есептеледі.

Арыздар жазбаша және ауызша түрде болады. Жазбаша арызға оны беріп отырған адам өз қолын қоюы тиісті. Жазбаша болып: азаматтардың арыздары, мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың хабарламалары, лауазымды тұлғалардың және қылмыстық іс қозғауға өкілетті органдардың (рапорт, қызметтік қысқа жазба) қылмысы туралы тікелей мәліметтерді айқындалу актілері, мемлекеттік органының лауазымды немесе ұйымда басқару функциясын атқаратын тұлғалардың жазбаша түрдегі хабарламасы (оқшауланған мәліметтер, тексеріс мәліметтері (актілер, анықтамалар және қорытындылар), кінәсін мойындап келу, бұқаралық ақпарат құралдарында

басылып жарияланған хабарламалар, хабар-ошарсыз жоғалуы, тастанды сәбилер және табылған мәйіттер, апаттар, авариялар, індеттердің жайлаулары және де басқа оқиғалар, сонымен қатар жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы иесі көрсетілмеген арыздар табылады.

Қылмыстық қудалау органдарының кезекшіліктегі нарядтардың радио байланыстарының ведомстволық арналары арқылы, сондай-ақ күзет сигнализациясының іске қосылып дабылданған түрінде телефон, телетайп, телеграф арқылы келіп түскен ақпараттар ауызша болып табылады.

Тергеу іс әрекетін жүргізу кезінде немесе сот талқылауы барысында жасалған қылмыс туралы ауызша арыз немесе хабарлама тиісінше хаттамаға енгізіледі.

Өзге жағдайларда жеке хаттама жасалады да оған арыз беруші және арызды қабылдаған лауазымды тұлғаның қолдары қойылады. Арыз беруші көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 351-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, бұл туралы хаттамада белгі қойылады, ол арыз берушінің қолымен куәландырылады.

Қылмыстық қудалау органы кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы арызды және басқа да ақпаратты — (бұдан әрі-өтініштерді) олардың уақыты мен жасалған орнына, тергеуге жататындығынан, сондай-ақ, берілген мәліметтердің толықтылығына байланысты емес, дереу қабылдауы, тіркеуі және қарауы тиіс. Кезекші бөлімдері бар қылмыстық қудалау органдары күні түні өтініш қабылдауды жүргізеді.

Қылмыстық қудалау органына тікелей арыз берушінің өтініші қабылданғаны жөнінде, қабылдаған қызметкерді көрсетумен, тіркеу және шешім қабылдануға тиіс уақыты көрсетіліп, құжат (талон) беріледі. Өтінішті қабылдаудан бас тартқанда қылмыстық қудалау органы, бас тарту себептерін көрсетіп жазбаша түрде арыз берушіні міндетті түрде хабардар етеді. Хабарлау-талоны қатаң есеп берушіліктің бланкісі болып табылады, олар тіркеліп 3 жыл бойында хатшылықта сақталады да, тек қана жедел кезекшіге, сондай-ақ полиция кезекші бөлімдері жоқ елді мекендерінің аумақтық инспекторларына беріледі. Талондар қылмыс туралы ақпараттардың толықтылығын тексеруде, ақпараттарды қабылдауға міндетті лауазымды тұлғалардың жұмысын тексеру кезінде қолданылады.

Кіріс байланыс жібермелердің жалпы ережелері бойынша тіркелген қылмыстар жөніндегі арыздар мен хабарлар тәулік ішінде арыздарды есепке алу кітабында қайта тіркелуі қажет.

Қылмыстық қудалау органдарының кеңсесіне (хатшылығына) почта, телеграф, факсимилдік байланыс немесе жорта түскен өтініштерді қабылдау осы органының кіріс байланыс жібермелерінің жалпы ережелері бойынша,

ал оның тіркелуі нағызғы Нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Кезекші бөлімде алдын-ала тіркеуден өткізілмей және қылмыстық қудалау органның бастығының жазбаша нұсқауысыз келіп түскен өтініштерді осы бөлімнің кеңсесіне (хатшылығына) беруге тыйым салынады.

Жол, қаржы полицияларының, кеден, мемлекеттік күзет қызметтерінің, мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметінің, медициналық айықтырғыштардың, арнайы қабылдағыштардың, түзету мекемелерінің, тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, бейімдеу, оқшаулау және қалпына келтіру орталықтарының, қабылдап-тарату бөлімдерінің, Қарулы Күшінің әскери бөлімдерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамалардың кезекшілеріне қызметін атқаруда белгілі болған қылмыстар мен оқиғалар туралы хабарламалар дереу аймақтығына сәйкес кезекші бөлімдеріне беріледі.

Өтініш беруші өтінішін берген кезде өзі білетін тілді қолдана алады. Қабылданған шешім туралы жауап мемлекеттік тілде, немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

Арыздарды есепке алу кітабына және Ақпараттарды есепке алу журналына тіркеусіз өтініштерді тексеруге тыйым салынады.

Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналының нысандары Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен (департаментімен) құқықтық статистика субъектілерінің ойлары мен ұсыныстары есепке алына отыра әзірленеді.

Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналы қатаң түрдегі есептің құжаттары болып танылады және 1-ші, 2-ші-қосымшаларға сәйкес толтырылады. Олар кезекші бөлімдерде немесе қылмыстық қудалау органдарының сәйкес бөлімшелерінде сақталуы қажет, тек қылмыстар туралы арыздарды тіркеуге жауапты лауазымды тұлғалармен толтырылады. Кітап пен журналдың парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

Арыздарды есепке алу кітабы мен Ақпараттарды есепке алу журналы құқықтық статистика субъектілерінің орталық аппараттарымен және олардың аумақтық бөлімшелерімен жүргізіледі.

Өтінішті алдын ала Арыздарды есепке алу кітабында тіркемей қылмыстық іс қозғауға, қылмыстық іс қозғаудан бас тартуға, тергеуге тиесілі, аумақтығы, соттылығы бойынша беру туралы шешімдерді қабылдауға тыйым салынады. Егер алынған ауызша ақпараттың шешімі осы органның құзыретіне жатпаса, әлде егер әрекет басқа органның қызметіндегі аумақта жасалса, мұндай хабарламалар Ақпараттарды есепке алу журналында тіркелгеннен соң дереу тергелулігі, аумақтығы бойынша жолданады да, ол

туралы Ақпараттарды есепке алу журналында белгі қойылады. Осымен бір уақытта қылмысты болдырмау немесе жолын кесу бойынша, сондай-ақ қылмыстың іздерін сақтау бойынша қажетті шаралар қабылданады.

Тергеулігі, аумақтығы бойынша жолданған қылмыс туралы арыз және хабарлама есептен шығарылады да, оны алған органда тіркелуі қажет. Материалдар қайтарылған жағдайда, бұл туралы Арызды есепке алу кітабындағы арыз және хабарламаның алғашқы тіркелгенінде белгі қойылады. Өтініш қарау мерзімі тергеулігі, аймақтығы бойынша органға түскен күннен бастап есептеледі.

Жекеленген бір қылмыс туралы бірнеше арыз, хабарлама, шағым және басқа да ақпарат келіп түскен жағдайда олар бірақ рет есептеледі. Алдын ала тергеу және анықтау органы қайталанған арыздар мен хабарламаларды Арыздарды есепке алу кітабында тіркеуімен және алғашқы арызға келесілерін қосу туралы Арыздарды есепке алу кітабында міндетті түрде тіркеумен қылмыстық іске (материалдарға) қосады.

Бір қылмыстың фактісі туралы қайталанған, бірақ оларда басқа қылмыстық фактісі туралы мәлімет бар арыз және хабарлама келіп түскен жағдайда, олар жеке тіркеледі.

Егер өтініштердің қандай да бір себептермен тіркелуі кешіксе, бұл жағдайда Арызды есепке алу кітабында және Ақпаратты есепке алу журналында ақпараттың осы органға келіп түскен уақытымен қатар өтініш бойынша шешім қабылдау тапсырылған қызметкерге ақпараттың алғашқы рет келіп түскен уақыты көрсетіледі. Осындай жағдайларда өтініштің қаралу мерзімі органға келіп түскен уақыттан басталады.

Ақпаратты есепке алу журналында тіркелген, бірақта расталмаған азаматтардың қылмыс туралы ауызша арыздары, тұрмыстық сипатты азаматтардың дене жаракаттары туралы өтініштері туралы емдеу мекемелерінің хабарламалары, сондай-ақ қылмыс сипаты жоқ азаматтық және басқа да заңнамалармен реттелетін жеке және заңды тұлғалардың қылмыстық қудалау органдарына даулары және басқа да құқықтық қатынастары туралы өтініштері туралы Ақпараттарға есеп жүргізу журналының 6-шы бағанында фактінің расталмағандығы туралы жазылады. Тексеріс өткізу фактісінің құжаттандырылған растауы болуы тиіс, ол растау тексеру әрекеттерін жүргізген лауазымды тұлғаның рапорты түрінде болады, рапортта көрсетілген қабылданған шешіммен келіскендігі жөнінде қылмыстық қудалау орган басшылығының бұрыштамасы болуы тиіс. Көрсетілген материалдар кеңсенің (хатшылықтың) арнайы нарядының номенклатуралық ісінде сақталуы қажет.

Арыздарды есепке алу кітабының және Ақпаратты есепке алу журналының деректемелері түскен ақпараттардың тіркелу уақыты мен нөмірлері бойынша хронологиясын сақтай отырып, олардың бағандарының мазмұны-

на сәйкес толтырылады. Арызданушы туралы деректер, хабарланған қылмыс туралы мәліметтер, өтініштің қозғалысы және қабылданған шешім туралы деректер толық жазылуы керек.

Тіркеуге жауапты лауазымды тұлға, ретті нөмірлерін сақтай отырып, өтінішті дереу Арыздарды есепке алу кітабына немесе Ақпаратты есепке алу журналына толтырады. Жазбаша өтініште немесе айыбын мойындап келу хаттамада тіркеулік мөртабан басылады.

Органның тіркеу мөртабанына органның атауы, тіркеу уақыты, реттік нөмірі, ақпаратты қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі жазылып, қолы қойылады.

Өтініштерге тіркеу ережесінің орындалуын қамтамасыз етуге жауапкершілік орган басшысы және бөлімшенің кезекші бөлімінің лауазымды тұлғаларына жүктеледі. Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдар қылмыстық қудалау органның қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жөнінде шығарған қаулысымен Материалдарды есепке алу журналында тіркеледі.

Жазбаша өтініштің қылмыстық іске немесе тексеру материалдарына қосылып тігілуі жөнінде Арызды есепке алу кітабында тиісті жазу ендіріледі, оның келіп түскен күні жазылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 185-бабына сәйкес, қылмыс туралы арызды немесе хабарды алған әрбір жағдайда немесе қылмыс тікелей анықталғанда анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші немесе прокурор мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- қылмыстық іс қозғау туралы;
- қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- арызды, хабарды тергеу ретімен, ал жеке айып тағу істері бойынша - сот ретімен беру туралы;
- сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізуді осы Кодекстің 23-1-тарауында көзделген тәртіппен жүзеге асыру туралы.

Қабылданған шешім туралы арыз берушіге хабарланады және сонымен бір уақытта оған шешімге шағым беру құқығы түсіндіріледі. Арыз немесе хабар тергеу немесе соттау ретімен жіберілген жағдайда анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор қылмысты болдырмау немесе бұлтартпау, сонымен қатар қылмыс ізін бекіту шараларын қолдануға міндетті.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 187-бабының 4-бөлігіне сәйкес, егер келіп түскен арызда (хабарда) азаматтардың саяси, еңбек, тұрғын үй, отбасы және өзге де құқықтарын бұзушылық, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қорғалатын ұйымдардың заңды мүдделерін бұзушылық байқалса, онда қылмыстық іс қозғаудан

бас тартумен бір уақытта мүдделі адамдарға құқықтары және бұзылған құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіру үшін азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну тәртібі түсіндірілуге тиіс.

Осы статистика субъектілерімен өтініштерді қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау ретін толық және жан жақты бақылау мақсатында, есептік-тіркеу материалдарын салыстырып тексеруді жүзеге асыратын комиссия құрылады. Комиссия қызметі ведомстволық ретте ретке келтіріледі және қылмыстық қудалау органы бастығымен қамтамасыз етіледі.

Жеке айыптау ретіндегі қылмыстық іс тұлғамен (немесе бірнеше адамдармен) сотқа тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы шағым беруімен қозғалады. Шағым анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға берілген жағдайда оны сотқа жолдау қажет. Осыған байланысты тек жеке айыптау істер бойынша шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау жағынан соттар осы статистиканың субъектілері болып табылады.

Жеке айыптау ретінде емес қылмыстық қудалауға жататын қылмыс туралы сотқа түскен өтініш бойынша прокурорға жолданады да сол туралы арыз беруші хабарланады. Шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыстық оқиғаның сипаттамасы, дәлелдемелері көрсетіліп қылмыстың жасалған орны мен уақыты, сотқа істі өз өндірісінде қабылдау туралы өтініші, қылмыстық жауапкершілікке тартылушы тұлға туралы мәліметтер, сотқа шақырылуы қажет куәлардың тізімі көрсетілуі керек. Шағымға оны беруші адамның қолы қойылады. Иесі көрсетілмеген шағымдар өндіріске қабылданбайды.

Жеке айыптау іс бойынша, жәбірленушінің шағымы болмаса да, егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқада себептермен өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамның мүдделерін қозғайтын болса прокурор іс қозғауға құқылы.

Соттармен шағымдарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау заңнамалармен және осы Нұсқаумен орнатылған тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Сот кеңсесіне почта, телеграф, факсимильдік байланыс арқылы немесе әдейі келіп түскен шағымдарды қабылдау кіріс хаттарының жалпы ережелері бойынша жүргізіледі. Шағым сотқа келіп түскен күннің келесі күнінен кешіктірілмей Шағымдарды есепке алу кітабында тіркелуі тиіс.

Шағымдарды есепке алу кітабының нысаны (3-ші қосымша) Құқықтық статистика және ақпарат орталығымен (департаментімен) әзірленеді. Шағымдарды есепке алу кітабының қатаң түрдегі есеп құжаты болып табылады, ол сот кеңсесінде сақталады да шағымдарды тіркеуге жауапты тұлғалармен жүргізіледі. Кітап парақтары нөмірленіп тігіледі және мөрмен бекітіледі. Шағымдарды есепке алу кітабының реквизиттері бағандардың маз-

мұнына сәйкес түскен шағымды тіркеу уақыты мен нөмірі бойынша хронологиясы сақталып толтырылады.

Егерде берілген шағым осы Нұсқаудың 5-ші тарауының 41-ші тармағына сәйкес келмесе, сот оны берушіге көрсетілген талаптармен сәйкестікке келтіруді ұсына отыра, сол үшін мезгілді уақыт белгілейді. Нұсқау орындалмаған жағдайда сот бұл туралы шағымданушыны хабардар етеді де, шағымды қараусыз қайырып береді. Егер қойылған талаптар орындалған жағдайда судья шағымды қарап, үш күн ішінде қаулы шығарады:

- шағымды өз өндірісіне қабылдау туралы;
- шағымды тергеу ретімен немесе сот ретімен беру туралы;
- шағымды өндірісіне қабылдаудан бас тарту туралы.

Толтырылып біткен Шағымдарды есепке алу кітабы соттарда іс жүргізуді регламенттеуші нормативтік-құқықтық актілерімен белгілеген мерзім бойынша сақталады. Соттарға түсетін шағымдардың құрылымын, олардың қаралу нәтижелерін және солар бойынша қабылданған шешімдердің негізділігін сипаттайтын ақпараттарды жинақтау мен жүйеге келтіру есебінде тұратын, 2-Ж нысанды есеп берушілік құрастырылады.

Жедел-анықтама және қылмыстық тіркеу саласында қылмыс жасаған және сотталған адамдың, тергеу, анықтау, соттана жасысырынып жүрген, ҚР ҚДЖК 132-бабы бойынша ұсталған, хабар-ошарсыз кеткен адамдардың мен белгісіз азаматтар мәйіттерінің аты-жөні бойынша және дактилоскопиялық тіркеулері, сондай-ақ айдап әкетілген және ұрланған көліктердің тіркеулері жүргізіледі.

Қылмыстарды дұрыс есепке алудың маңызды мәнін ескере отырып, қылмыстық ізге түсу органдары мен соттарда (жеке айптау істері бойынша) есепке алу-тіркеу тәртібіне тексеру жүргізудің мерзімділігі белгіленген.

Жалпыға мәлім, сыбайлас жемқорлық кезкелген елде мемлекет пен қоғам қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. 1998 жылғы 2-сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заң құқық қорғау органдарының қызметіне нақты, мақсатты сипатта мән берді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруда құқықтық статистика органдары прокуратура органдарының қадағалау қызметінде ақпараттық-мәліметтік тиімді қамтамасыз етуде маңызды құрал болып саналады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерін есепке алу мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы ақпараттық-статистикалық қамтамасыз ету жүйесінің қажет етілетін негізгі және тұрақты бөлігіне айналды. «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 10-бабына сәйкес, осы саладағы қызметке орналасардан бір жыл бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған, аталған мерзім ішінде қасақана құқық бұзғаны үшін соттық тәртіпте жойылмаған немесе алынып

тасталмаған әкімшілік жаза қолданылған адамдар қабылданбайды. Осы заңдық актіні орындауды ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика органдарының деректер банкіне сыбайлас жемқорлықпен байланысқан құқық бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік жауапкершіліктерге тартылған адамдарға қатысты мәліметтер үнемі толтырылып отырылады.

2001 жылдың 1-қаңтарында Әділет министірлігімен тіркелген, Бас Прокурор мен Жоғарғы сот Төрағасының бірлескен бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерді есепке алуды жүргізу мен пайдаланудың бірыңғай тәртібі туралы Нұсқауға сәйкес, мемлекеттік органдар мен ұйым басшылары, сондай-ақ жарғылық қорында мемлекеттік меншіктің үлесі 35-тен кем емес пайызды құрайтын сыбайлас жемқорлық құқық әшкереленген ұйымдардың басшылары құқықтық статистика органдарына сапалы және дер кезінде бастапқы есепке алу актілерімен қамтамасыз етіп отыруға міндетті.

Прокурорлар мен құқықтық статистика қызметкерлері арасындағы үйлестіру мен өзара әрекеттестік те айтарлықтай маңызға ие болады.

4-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

4.1. Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері

Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты қадағалау прокуратура органдарының Қазақстан Республикасының Конституциясының, қолданыстағы заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің ведомстволық және жергілікті жағдайларға қарамастан жоғарыдан қараушылығын қамтамасыз ететін негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Аталған прокурорлық қадағалау саласы дәстүрлі түрде «жалпы қадағалау» деп аталып келді. Алайда бұл термин «Прокуратура туралы» Заңда да, басқа да нормативтік актілерде және прокуратураның өзге де ресми құжаттарында қолданылмайды.

Прокурорлық қадағалаудың қызметін тарылтқысы келгендердің қатаң сындары, бәрін бірдей қадағалау мен осы саладағы екіұштылық олардың ойынша, елдің демократиялық қайта түлеуіне сыйыспайды дегенді білдіріріп, осы бір сөз тіркесінен бас тартуды мәжбүр еткізгісі келді. Бірақ бұл, осы терминнің кәсіби сөздік, ғылыми және жалпы білім беретін деңгейде орында алуға құқығы жоқ дегенді білдірмесе керек, оның үстіне «жалпы қадағалау» атауы мамандар үшін де дәстүрлі түрде түсінікті және үйреншікті сөзге айналып, осы саладағы санқырлы, жалпығы бірдей сипатты көрсетеді, және белгілі бір дәрежеде оны прокурорлық қадағалаудан басқа саладан шектейді де.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері прокуратура органдары осы салаларға және ең алдымен мемлекеттік басқару жұмыстарына қадағалау жүргізе отырып, еліміздің Конституциясымен жария етілген қоғам мен мемлекеттің алдында тұрған адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғаудағы қоғам мен мемлекеттің шын мәніндегі міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Прокурорлық қызметтің осы бағыттағы пәні республика аумағында адам мен азаматтың әлеуметтік-экономикалық саладағы құқықтары мен бостандықтарын сақтауда заңдардың, еліміздің Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің толық және біркелкі қолда-

нылуын қадағалау болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, бұл қадағалау мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының, лауазымды адамдардың сондай-ақ өзге де ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің Конституцияны сақтауын және заңдарды қолдануын қадағалайды. Қарастырылып отырған бағыттағы қадағалау саласына, ең бірінші кезекте аталған органдардың қабылдаған құқықтық актілерінің, соның ішінде әсіресе нормативтік құқықтық сипаттағы актілердің заңдылығы яғни заңды екендігі кіреді.

Прокуратура Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің заңдылығын қадағалауға міндетті.

Қадағалаудың басқа түрлерімен салыстырғанда бұл сала қадағаланатын объектілерінің көп және әралуан болуына байланысты ол көп қырлы және көп еңбектенуді талап етеді.

Прокурорлық қадағалау объектілерінің шеңберіне өкілетті және атқарушы органдар, министрліктер мен ведомстволар, комитеттер, өзге де мемлекеттік және шаруашылық басқармалары мен бақылау органдары, кәсіпорындар, мекемелер және меншік түріні қарамастан ұйымдар кіреді.

Прокурорлық қадағалау объектілерінің қатарына қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, түрлі қоғамдық қорлар, діни бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар жатады. Сонымен бірге ескеретін жай, азаматтар қадағалаудың бұл саласының объектісі болып табылмайды. Олар прокурордың көзіне сирек түседі, олар тек қана елеулі құқық бұзушылық жасаған кезде оларға қатысты мемлекеттік органдармен шара қабылданбағанда, не прокурордың заңды талаптары олармен орындалмаған жағдайда көрінеді.

Осы бағыттағы жұмыстардың көлемі жайында жалпы мағлұмат алу үшін келесідей бір мәліметтік деректерге жүгінейік. Атап айтатын болсақ, тек қана 2003 жылы прокурорлық әрекет шараларымен 30 мыңға жуық заңсыз құқықтық актілер кері қайтарылып және өзгертілген, соның 898-і нормативтік сипатқа ие болып, сол бойынша тәртіптік, әкімшілік және материалдық жауапкершілікке 30 мыңнан аса адам тартылған, іс жүзінде мемлекетке 9,7 миллиард теңгенің шығыны қайтарылған.

Кейбір аймақтарды маңызды деген заңнамалық актілер жергілікті көзқараста түсіндірілді (әсіресе жер мен меншік туралы заңнамалар), заңсыз тыйым салушылықтар мен ұйымдар мен азаматтардың құқықтары шектелді.

Заңмен және прокуратураның құқықтық актілерімен прокуратураның құқық қорғау функцияларын белсенді түрде пайдалану қарастырылған. Соның ішінде жаппай сипат алатын, көптеген азаматтар мен тұлғалардың немесе өз құқықтары мен мүдделерін денсаулығы нашар немесе жасы ұлғайған адамдардың, сондай-ақ мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін бұзушылықтарды жою үшін сотқа талап-арыз беру бар.

Қалған жағдайларда прокуратура соттық тәртіпте әркімнің өздерінің құқықтары мен мүдделерін өз бетімен қорғау жөніндегі құқығы жайында түсініктер береді.

Бұл ретте негізгі нормативтік құқықтық акті 2002 жылдың 21-қарашасында Бас прокурордың бұйырығымен бекітілген «Заңдардың, әлеуметтік-экономикалық саладағы адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқауы болып саналады. Онда Бас прокурордың немесе оның орынбасарының тура тапсырмасынан басқа жағдайларда прокуратура органдарын азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтық-құқықтық дауларына тартуға тыйым салынған.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 28-бабына сәйкес, прокурорлық қадағалаудың келесідей міндеттері белгіленген: заң мен құқықтық актілерге сәйкес адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; заңдылықты бұзудың кез келген түрін әшкерелеу мен жою жөнінде, мұндай бұзушылықтарға итермелейтін себертер мен жағдайларды әшкерелеуге, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау.

Мемлекеттік органдарды қызметіндегі заңдылыққа прокурорлық қадағалауды жүзеге асыра отырып. Прокурорлар сонысымен нарықтық қатынастардың дамуына, қоғамдағы тұрақтылықтың деңгейін көтеруге, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына жағдай жасайды.

Прокуратураның алдында тұрған міндеттердің бірі құқықтық акттерді заңнамаларға сәйкестендіруді қамтамасыз етіп қана қою емес, сонымен бірге органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың іс-қимылдарын заңнамаға сәйкестендіру болып табылады. Яғни қадағалаудың осы түрі заңдарды қолдану тәжірибесімен байланысқан құқықтық ақиқаттың ең саласын қамтиды. Ол еліміздегі заңдылықтың жалпы ахуалына көзге көрінерліктей ықпал етеді. Онда прокуратураның алдын алу мүмкіншілігінің негізгі бөлігі орныққан, сондықтан оны негізді түрде қылмысты күні бұрын ескертудің тиімді құралы деп есептейді.

Құқықтық мемлекет құру мен прокуратураның алдында тұрған міндеттері жүзеге асыруға көмегін көрсету үшін прокурорлар өздерінің қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің № 949 Жарлығымен мақұлданған 2002 жылғы 20-қыркүйектегі Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының Тұжырымдамасында мазмұндалған қағидаларға сәйкес ұйымдастырып жән жүзеге асыруға тиіс. Оларға мына төмендегілер жатады:

- заңдылық, яғни Конституция мен заң нормаларын, соларға негізделген заңдық нормативтік құқықтық актілерді сақтау мен тиісті мән-де қолдану;

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының жоғары тұрған жағдайын білдіретін адам құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;
- адамгершілік, яғни адамзат тұлғасының жоғары құндылығын тани білу, оның қабілеттілігін еркін дамуы мен пайда болу құқығын мойындау, қоғамдық қатынастар сапасын бағалудың өлшемі ретінде жеке адамның игілігін айғақтау;
- қазақстандықтардың өз еліне деген жан-жақты қолдайтындығы берілгендігімен және Отанға деген махаббатымен көрінетін қазақстандық патриотизмді.

Заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауға қойылатын негізгі талап — бұл соңғы нәтиже — заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйіне ықпал етумен көрінетін әсерлілік пен тиімділікті көтеру.

4.2. Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттілігі

Заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды нәтижелі жүзеге асыру үшін прокурорлар құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп танылатын белгілі бір өкілеттілікке ие болған. Прокурордың өкілеттілігінің сипаты мен шегі заңның қолданылуын қадағалау міндеттерінің ерекшеліктеріне қарай анықталады.

«Прокуратура туралы» Заңының 29-бабына сәйкес, прокурор қадағалауды жүзеге асыру кезінде мыналарға құқылы:

- азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыртып алып, тексеріліп жатқан мәселе бойынша айғақ алуға;
- қызметтік куәлігін көрсетіп, мемлекеттік органдардың, сондай-ақ меншіктің барлық нысанындағы ұйымдардың аумағы мен ғимараттарына бөгетсіз кіруге;
- коммерциялық, банктік мәліметтерді және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды жария етпеу талаптарын сақтай отырып, тексеріліп жатқан мәселеге қатысты жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен есепшоттары туралы банктерден мәлімет алуға;
- жасырын қылмыстарды әшкерелеу мақсатында құзыретті органдардан жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді талап етуге;
- басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан заңдылықтың жайы туралы және оны қамтамасыз ету жөніндегі қабылданған ша-

ралар туралы қажетті құжаттар, материалдар, мәліметтік деректер және өзге де мәліметтер алуға;

- тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандар тартуға;
- өз құзыреті шегінде прокуратураға түскен материалдарға тексеру жүргізуді талап етуге, оның нәтижелерін хабарлауды міндеттеуге;
- қызметтің қауіпсіздігін және қадағалу қызметін қамтамасыз ету үшін басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеру жүргізуге тартуға;
- сараптама тағайындауға;
- заңмен қарастырылған өзге де тексеру әрекеттерін орындауға.

Бұл өкілеттіктер, ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, Заңдарды, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді жүзеге асыру жолымен прокурордың өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін: Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына; заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге; заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына; жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізіледі.

Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады. Прокуратураның талап етуі бойынша тиісті органдар мен өкілетті адамдар қажетті материалдар мен мәліметтерді өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып беруге; тексеріске қатысу және қорытынды беру үшін мамандар бөлуге; прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Прокурордың өз құзыреті шегінде берген тапсырмасы анықтама мен тергеу органдары үшін міндетті. Талап етілген ақпарат прокуратура органдарына заңдарда белгіленген нысандарда, сондай-ақ прокурор белгілеген тәртіп пен мерзімде беріледі. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысуда қол жеткізуге және оларды соттан талап етіп алдыруға құқығы бар.

Тексерісті прокурор сондай-ақ өзге де тиісті құзыретті органға тапсыруы мүмкін, ол тексерістің нәтижелері туралы прокурорға заңда немесе прокурор белгілеген мерзімде хабарлауға міндетті. Заңдардың қолданылуын тексеру бір ай мерзімнің ішінде жүргізіледі. Тексерісті тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оны жүргізу мерзімін ұзарта алады.

Прокурорлардың барлық іс-әрекеттері мен прокурорлық қадағалау актілері, егер олар ҚР «Прокуратура туралы» Заңында және басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіп пен нысандарда жасалған болса, заңда белгіленген салдарларға әкеліп саяды.

Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндетті. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

Прокурордың өкілеттілігінен туындаған талаптарды орнындамағаны және оны орындаудан жалтарғаны үшін заңмен белгіленген жауапкершілік қарастырылған.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылы туралы кодексінің 521, 521-1 және 522-баптарында прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, сот приставына келуден жалтарғаны үшін, прокурорға хабарламағаны немесе дер кезінде хабарламағаны үшін, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, сот приставының, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сонымен бірге, ҚР ҚК 321-1-бабында Прокурорлық қадағалау актілерін орындамау, сол сияқты оның қызметіне кедергі жасау, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіргені үшін жауапкершілік қарастырылған. Сонымен бірге ұйғарым мен қаулыны орындамаған жағдайда прокурор өз құзыреті шегінде мәжбүрлеп орындатуды қолдануға құқылы.

Өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру кезіндегі прокурордың тәуелсіздігінің құқықтық кепілдігі, оның өз қарауындағы іс мәні бойынша қандайда бір түсінік бермейтіндігі, сондай-ақ заңмен қарастырылмаған басқа жағдайларда

оны ешкімге танысуға бермейтіндігі болып табылады. Ешкімнің де прокурорсыз тексеріс материалдарын және өндірістегі іс материалдарын жария етуге құқығы жоқ.

Заңдылықтың бұзушылығын жою үшін прокурорға кең өкілеттілік бере отырып, заң прокурорлық іс-әрекет жасауды айқындап реттеп және нысандарын белгілейді.

Өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзған органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттері мен шешімдеріне прокурорлық қадағалау актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады.

Прокурор қабылдануы заңмен қарастырылған қолданыстығы заңнамалардың нормаларына қатысты олқылықтарды не қайшылықтарды және нормативтік құқықтық актінің жоқтығын байқайтын болса, бұл жөнінде Бас прокуратураға хабарлағаны жөн.

Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан прокуратурасына егер олар Конституцияға және жоғары тұрған заңдарға қайшы келетін болса, наразылық білдіру құқығы берілген. Алайда өмір тәжірибесінде әлі мұндай жағдай бола қойған жоқ. Бұл, ең алдымен мұндай конституциялық нормаларды іс жүзіне асырудың әлі механизмінің жоқтығымен түсіндіріледі. Ол «Қазақстан Республикасының Парламенті туралы» Конституциялық заңда да, «Прокуратура туралы» Заңда да көрсетілмеген, ал Конституцияға да және заңдарға да қайшы келетін заңдар қабылданып жатады.

Заңдардың қолданылуын қадағалауды жүргізе отырып, прокурор бір жағынан, кез келген заң бұзушылықты назардан тыс қалдырмай, ал ұйымдар мен лауазымды адамдардың жедел-шаруашылық жұмыстарына араласпауы, екінші жағынан, бақылаушы органдар мен ұйым басшыларының қызметін ауыстыруға бағытталған қадам қабылдамауға тиіс.

Егер прокурор өзінің пікірі бойынша заң бұзушылыққа қатысы басқа қандайда бір кемшіліктерді айғақтайтын фактілерді көріп, сезген болса, бұл жөнінде тиісті лауазымды адамда хабардар етуі тиіс.

Іс жүзінде барлық прокурорлар мемлекеттік тіркеуге жататын, азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты заңсыз нормативтік құқықтық актіні әшкерелеген кезде кінәлі лауазымда адамды заңмен белгіленген әкімшілік не өзге де жауапкершілікке тартуы тиіс. Ал мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ мұндайдан өтпеген нормативтік құқықтық актіні байқап қалған кезде прокурорлар бұл әрекетті тоқтата тұруға тиіс. Егер прокурор қабылдануы заңмен қарастырылған қолданыстығы заңнамалардың нормаларына қатысты олқылықтарды не қайшылықтарды

және нормативтік құқықтық актінің жоқтығын аңғарған болса, бұл жөнінде Бас прокуратураға хабарлауы тиіс.

Тиісті қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР Бас Прокуроры жағрыда көрсетілген салалық Нұсқауда осы бағыттағы прокуратура органдарының басымдылықтарын анықтады. Оларға атап айтқанда мыналарды қадағалау жатады:

- адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтауды;
- ұлттық қауіпсіздікті, сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуге бағытталған заңнамаларды дәлме-дәл әрі бірдей қолдануды;
- мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің Жарлықтарына сәйкестігін;
- қоршаған ортаны қорғау және оның ресурстарын ұтымды пайдалану туралы заңнамаларды қолдануды;
- кәсіпкерлікті қорғауға және қолдауға бағытталған заңнамаларды қолдануды.

Нұсқауда әлеуметтік және қаржы-несие саласындағы заңдылықты, меншік пен кәсіпкерлікті қорғау туралы, көліктегі, қоршағанын ортаны қорғау туралы, төтенше табиғи жағдай мен техногендік сипаттағы жағдай туралы, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану, қоғамдық, діни бірлестіктер және бұқаралық ақпараттық құралдар туралы, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларды қадағалауды күшейтуге басты назар аударылған.

Белгілі болғаны, қадағалау функциясын негізінен мемлекеттік органдардың қызметіне және олардың қабылдаған шешімдеріне бағыттаған жөн. Шаруашылық жүргізетін субъектілердің қызметі, әдетте мемлекеттік органдардың шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) тексеру ретінде тексерілуі тиіс.

Тексеруді тек өз құзыреті шегінде ғана және заңнама талаптарына сәйкес, қадағаланатын аумақтағы заңдылықтың ахуалын мұқият талдау негізінде, сондай-ақ Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша жоспарлап және өткізу қажет. Тексеруге қаулылар шығаруға құқылы Бас Прокурор, оның орынбасарлары, департамент бастықтары, Бас прокуратураның дербес басқармалары мен облыс прокуратура бөлімдері, және оларға теңестірілген бөлім бастықтары, облыс прокурорларының аға көмекшілері мен оларға теңестірілгендер, қалалар, аудандар, мамандандырылған прокуратура прокурорлары, олардың орынбасарлары, сондай-ақ олардың міндетін атқарушылар шығарған тексеру туралы қаулы болғанда ғана кірісуге болады.

Прокурор тексеру барысында заңдарды бұзу туралы фактілерді әшкерелегенде немесе олар туралы хабарға ие болғанда бұзушылықтың сипатына

қарай әрекет етуге, прокурорлық қадағалау актісін тиісті деңгейде әзірлеуге, оның орындалысын бақылауды және заңдылықтың бұзылуын іс жүзінде болғызбауды қамтамасыз етуге міндетті.

Нұсқауға сәйкес прокурорлар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты заңдылық пен құқық тәртібінің ахуалы жайлы, қоғамның көтеріңкі қызығушылығы туралы прокурорлық тексерістің нәтижелері жайлы, сондай-ақ жүргізу барысында заңдылықтың өрескел бұзушылығы ашылған прокурорлық тексеріс жайлы, прокуратурамен мемлекет мүддесі мен жекелеген азаматтарға келтірілген шығындардың қайтарылуы туралы хабардар етіп отыруға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу жөніндегі жұмыста прокурорлар негізсіз ақпарат беруден бас тартуға тыйым салалтын, сол сияқты прокурорлық қадағалау жүргізуге араласпаушылық туралы талаптарды ескеруі; әркімнің өміріне, жеке және отбасы құпиясына, ар-ожданы мен абыройын сақтау құқықтарына қол сұғылмаушылық кепілдігін беретін Конституция талаптарын қатаң басшылыққа алу; бұқаралық ақпараттық құралдар үшін берілетін берілетін материалдардың заңдық мінсіздігін қамтамасыз ету; орынсыз шулатуға, айғай-шу көтеруге және жеңілтектікке жол бермеушілік туралы талаптарын қатаң сақтауға міндетті.

4.3. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықтарды қадағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықтарды қадағалау жөніндегі жұмыстар кез келген заңның бұзылуы дер кезінде ашылатындай және оларды жоюдың түбегейлі шаралары қабылданатындай болып ұйымдастырылуы керек.

Елімізде бақылаушы, ал кейбіреулері қадағалаушы функцияларды атқаратын министрліктер мен ведомстволар, дербес агенттіктер мен департаменттер, инспекциялар, басқа да ұйымдар баршылық. Атап айтатын болсақ, Қаржы министрлігіне республикалық және жергілікті бюджеттерді тиімді және мақсатты пайдалануын, банкроттық шараларының өткізілуін (банктер мен сақтандыру ұйымдарынан басқаларын) бақылау, сондай-ақ соттық емес шарамен халі мүшкіл борышкер ұйымдарды жабу жүктелген, ал Ұлттық банк екінші деңгейтегі банктердің қызметіне қағалау мен бақылау, республикадағы валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асырады, Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет төтенше жағдайлар, азаматтық қорғанысты ескерту мен зардаптарды жою, өнеркәсіптік және тау-кен жұмыс-

тарын қауіпсіз жүргізу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді сақтауға бақылау мен қадағалау жұмыстарын жүргізеді. Осындай функциялар басқа ведомстволарда да жүргізіледі.

Прокурор мемлекеттік, бақылаушы органдардың қызметінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, ең алдымен олардың заңдарды дұрыс қолдануын қадағалауы тиіс және сонысымен олардың жұмысын белсендіре түсіп, олардың күшін заңдылықты нығайтуға жұмылдырып, басты назарларын нақты бұзушылықтар прокурорлық тексеруге дейін неліктен әшкереленбегеніне аударуы тиіс. Мұндай органдардың әрекетсіздігі жағдайында олардың басшыларының жауапкершілігі туралы мәселені шешкен жөн болады.

Прокуратура органдарында пәндік жұмыстарды ұйымдастыру олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында тиімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған өзара әрекеттескен іс-әрекеттердің кешенін көрсетеді. Түсініктісі, прокурорлық қадағалауды дұрыс ұйымдастырау қадағалаудың басымдылығын анықтауды және прокурор өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде тактикалық әдіс-тәсілдерді білгірлікпен пайдалануды талап етеді.

Заңдардың қолданылуына қатысты прокурорлық қадағалау адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды тексеру үшін жоспарланып және қадағаланатын аумақтағы заңдылықтың ахуалына тиянақты талдау жасау негізінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты прокурорлар заңдылықтың ахуалына толық сипаттамасы бар өз аймағының тұрақты жаңартылып отыратын паспортына, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне, демографиялық жағдайдың сипаттамасына, халықтың қоғамдық, дәни және саяси жағдайы жөніндегі деректеріне ие болуы тиіс.

Аймақтағы жағдайды талдау мен заңдарды қолданудың тым проблемалы саласын анықтау үшін прокурорлар соттармен қаралған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер туралы деректерді талдауы таразылауы тиіс.

Тексерулер прокурорлардың құзыреттері шегінде ай ішінде жүргізіледі. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеру міндетті түрде оны жүргізу туралы қаулы болғанда және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық органында тіркелген жағдайда ғана басталуы тиіс. Әдетте, тәртіп бойынша, шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеру мемлекеттік органдардың шешімдері мен іс-әрекеттерінің заңдылығын қайта тексеру үшін жүргізілуі тиіс. Құқықтық актілер мен мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдарға прокурорлық қадағалау жүргізу туралы айтқанда, прокурорлар осы ұйымның қызметін реттейтін және олардың құқықтық мәртебесін белгілейтін тиісті нормативтік құқықтық актілерді алдын ала оқып-біліп алуы қа-

жет. Мұнсыз іс жүзінде олардың қызметіндегі қандайда бір заңдылықтың бұзылушылығын ашу мүмкін емес.

Тексерудің тақырыбына қарамастан ерекше назар сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнаманы қолдануға және мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің заңдылығына аударылу тиіс.

Мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау тұрғысынан алғанда күшті мемлекеттік меншікті басқару мен билік етуді реттейтін заңнамалардың қолданылуына қадағалау жүргізуге жұмылдырған қажет болып көрінеді. Прокурорлық қадағалау тәжірибесі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі арнаулы өкілетті органдар өздеріне жүктелген функцияларды тиісті деңгейге орындамайтындығын көрсетеді.

Прокуратура органдары барлық кәсіпорын мен мекемелерді тексерумен қамти алмайды. Дегенмен олар мемлекет мүлкін, қаржы қаржаттарын талан-таражға салуына, шашуға және ұтымсыз пайдалануына тосқауыл қою үшін барлық шараларды қолға алуға міндетті. Тиісті мүліктер мен қаржы қаражатына билік етуге өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіндегі заңдылықты қадағалуды күшейту қажет.

Еліміздің экономикасындағы шын мәніндегі қалыптасқан жағдай, бюджетті орындаудағы ахуал бюджеттік заңнаманы орындауға прокурорлық қадағалау жүргізуді одан әрі күшейте түсуді талап етеді, бұл ретте ерекше назарды бюджет қаражаттарын мақсатты пайдалану (атап айтқанда, жалақыға, зейнетақыға, жәрдемақыға бөлінгенін) мәселесіне аударған жөн. Заңдардың бұзылу фактілері бойынша бақылаушы органдар қолға алған шараларды тексерудің толықтығынан және заңдылығына айтарлықтай назар аудару талап етіледі. Бұл ретте басымдысы бюджеттік қаражат шығатын көздер мен оны пайдаланумен тікелей байланысты органдардың заңдарды қолдануын қадағалау болып табылады.

Прокуратураның мақсатқа қол жеткізуі мен міндеттерді орындауы мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылыққа прокурорлық қадағалау жүргізу сияқты нақты іс-әрекет түрімен қамтамасыз етілетінін ескеретін болсақ, онда жұмысты ұйымдастыруда ең бірінші кезекте осы салада «Прокуратура туралы» Заңның 28-бабында тізіліп көрсетілген негізгі бағыттар қолға алынады.

Атап өту қажет, қарастырылған салада прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру заңдылықтың ахуалының шын мәніндегі жағдайын ғана біліп қоймай, бұзушылықты әшкерелеу қабілетіне ие болып қана қоймай, сонымен бірге прокурорлық әрекет ету шараларын дұрыс жоспарлап және жүзеге асыра білуді, әшкереленген заң бұзушылықты шын мәнінде қалпына келтіруді талап етеді.

Прокурорлар басты назарларын прокурорлық қадағалау актілерінің сапалы дайындалуына аударуы тиіс. Прокурордың актілері дәлелді, бұзуға жол берілген заңның маңызы мазмұндалған және оны жою туралы нақты талаптар көрсетілген болуы керек. Бұл талаптарды сақтамау прокуратураның абыройы мен беделін түсіретіні есте болуы керек.

Жұмысты ұйымдастыруда озық тәжірибені дер кезінде тарату, төмен тұрған прокуратуралардың қызметі туралы ақпараттарды жинақтап қорыту, жұмыстың нәтижелі тәжірибелері, сондай-ақ жұмыстағы орын алған кемшіліктер туралы ақпараттық хаттар әзірлеу маңызды мәнге ие болады.

Прокурорлық қадағалаудың әсерлілігі көп ретте қабылданған шешімнің орындалуын бақылауға алуға байланысты болады. Жер-жерлерде тексерумен бірге бақылауды қамтамасыз ету үшін бағынышты прокурордарды атқарған жұмыстары туралы есептерін немесе жоғары тұрған прокуратураның олардың жұмысының тексеріс нәтижелері бойынша есептерін, төменгі буындағы прокуратуралардың прокурорлық әрекет ету жөніндегі түскен актілерін зерделеуді пайдалану керек.

Қадағалаумен айналыса отырып, прокурорлар мыналарды естерінде сақтау керек:

- заңдылықты көбірек бұзушылықтың салдарынан стратегиялық маңызы бар экономиканың маңызды деген салаларында қолайсыз жағдайлар туындайды. Бұл энергетика кешеніне, көлікке, банкроттық мәселесіне, мемлекеттік сатып алуға, жерде сирек кездесетін және қымбат металдар өндіру мен өткізуге, қару-жарақ айналысына қатысты;
- банкроттық, дегенмен ол заңмен экономиканы сауықтырып, қалпына келтірудің құралы ретінде енгізілсе де меншікті қайта бөлісу үшін және қаржы тасқынын заңсыз пайдалануға айналатын болды;
- кеден органдарының қызметінде кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласу, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға заңсыз жеңілдіктер беру, қызмет жағдайын асыра пайдалану, заңсыз сыйақы алу, кеден ережелерін бұзушылықты және басқаларды жасыру сияқты заңдылықты өрескел бұзушылықтар кездеседі. Мысалға, қаржы органдарының деректері бойынша 2002 жылы экспорттық-импорттық операцияларды кеден органдарында дұрыс декларацияламаудың салдарынан тек ҚХР шекарасында 40 миллион АҚШ долларын құрайтын мемлекеттік бюджеттен шығын шыққан.

Заңдылықты бұзушылықтың аталған барлық жиынтығы мемлекет басқару тетігін жоғалып алатындай жағдай туғызады; әділетті ашу-ыза тудырып және ризашылық жай тудырмайтын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді; бюджеттік міндеттемелердің орындалмауы

салдарынан әлеуметтік мәселелер өршіп, нарықтың бәсекелестік тетігі бұзылады да пара арқылы жеңілдікке ие болғандар ұтып, оны ала алмағандар бәсекелестікке қабілетсіз болып қалады; сыбайластықтың ауқымы мен аумағы өсе түседі. Сондықтан, мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау бағыттың көп қырлылығына қарамастан прокурорлар нақты бір аймақтағы заңдылық режимін жақсартуға елеулі түрде ықпал ететін жолдарды таңдай білуі керек.

Мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің заңдылығын тексеруге назар аудару кезінде әрбір заңнамалық актіде осы актілерді қолданатын субъектілердің құқықтары мен міндеттері, соның ішінде мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеттері қарастырылуы қажет екендігін ескеру керек. Атап айтқанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексіне сәйкес, салық қызметі органдары, басқа да міндеттерімен бірге, сондай-ақ салық төлеушілердің құқығын сақтауға, мемлекеттің мүддесін қорғауы, салық бақылауын жүзеге асыруы керек.

Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы» Заңына сәйкес, монополияға қарсы орган монополиялық қызметке қарсы ескерту, шектеу және жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға, монополияға қарсы заңнамалардың сақталуына және баға белгілеуге бақылау жасауға, туар рыногында субъектілердің биік тұру жағдайларын бақылауға тиіс.

«Банкроттық туралы» Заң бойынша өкілетті мемлекеттік орган жалған және қасақана банкроттық белгілерді әшкерелеуге, жариялылықтың сақталуына бақылау жасауға, сауда конкурстарында борышкердің конкурстық санын жүзеге асыру кезіндегі бәсекелестікті бақылауға тиіс.

Жұмыс берушілердің міндеттері «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңның 8-бабында қарастырылған. Бұл заңда (26-бабында) жұмыс беруші сақтауы тиіс сол жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың негіздемесі қарастырылған. Еңбек туралы заңнаманың сақталуын бақылау еңбек жөніндегі мемлекеттік орган (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі) өкілеттілігі берілген мемлекеттік инспекторларына жүктелген.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 10-тарауында ата-аналардың міндеттері қарастырылған, осы Заңның 13-тарауында ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүдделерін қорғау қамқоршы және қайырымдылық органдарына жүктелген.

Заңнамалық актілермен (атап айтқанда, Үкімет туралы; ұлттық қауіпсіздік туралы, ішкі істер органдары туралы, Ұлттық банк туралы, Кеден ко-

дексі және басқа да заң актілерінде) анықталған басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың құқықтық мәртебелерінің жағдайы мен қатынастары да осындай.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленген құқықтармен бірге адам міндеттерге де ие болады. Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы және азаматтығы жоқ адамдар Конституция мен заңдарды сақтауға, басқа адамдардың құқығын, бостандығын, ар-намысы мен абыройын құрметтеуге, салықтарды, алымдар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеп отыруға міндетті, ал Қазақстан Республикасын қорғау оның азаматтарының қасиетті борышы мен міндеті болып табылады.

Қазақстан азаматтары тарихи және мәдени мұраларды сақтау, тарих пен мәдениет ескерткіштерін құнттау, табиғатты қорғау мен табиғи байлықтарға ұқыптылықпен қарау жөнінде қамқорлық танытуға міндетті. Сондықтан заң бұзылған туралы дабыл, хабар және өтініш түскен кезде нормативтік құқықтық актілердің заңға қайшы келуін сәйкестікке келтіру мақсатында прокурор тексеру ұйымдастырып және нормативтік мемлекеттік органдарға, олардың лауызымды адамдарына және азаматтарға қатысты шара қабылдауға міндетті.

5-ТАРАУ. СОТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАУЫНА ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

5.1. Соттардың істерді қарау кезіндегі прокуратураның мәні мен міндеттері

Азаматтық және қылмыстық істерді қарау кезіндегі заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы прокуратураның міндеттері негізгі мәні әділетті соттық қарау мен заңды дұрыс қолдануды жүзеге асырумен көрінетін сот органдарының міндеттерімен біртұтас. Оларды жүзеге асыру, ең алдымен, сенімді құқықтық негізге және бүкіл сот жүйесінің әсерлі қызмет етуіне байланысты. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес сот төрелігі елімізде тек қана сотпен жүзеге асырылады. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және өзге де сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген нысандарымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік және қоғамдық өмір елімізді заңдарды қатаң және нақты сақталуын қамтамасыз ететін, демократияны, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын тетіктің болуын талап етеді. Конституция мен заңдардың басымдылығын қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау барлық құқық қорғау органдарының, соның ішінде прокуратураның лауазымды адамдарының конституциялық міндеттері болып табылады. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 5-бабына сәйкес, прокурор сотта мемлекеттің мүддесін қорғайды. Дегенмен прокуратураның бұл міндетін тура мәнінде түсініп, адам мүддесі екінші кезекте қалады деп ойлайуға болмайды. Прокуратура сотта мемлекеттің мүддесін қорғай отырып, бір мезгілде кез-келген демократиялық мемлекеттің ажыратылмайтын міндеті болып табылатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, тұлғалардың құқықтарын қорғайды.

Прокурор өзінің өкілетілігін Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес жүргізеді. Іс бойынша сот төрелігінсіз сот актілері анықталған болса, ол тек қана құқылы емес, іс жүргізу заңнамасының нормасына сәйкес заңсыз жүргізілген сот актісіне наразылық білдіру арқылы әрекет етуге міндетті. Мұндай жағдайда сол сияқты прокуратураны кез келген заңдылық бұзушылықты әшкерелеу мен болғызбауға, белгіленген заңдық тәртіпте құқықтық актігі наразылық жасауға міндеттейтін тура жоғары заңдық актісі болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алу қажет.

Прокурор қылмыстық іс бойынша мемлекеттік айыптауды қолдай отырып, бір жағынан қылмыстық ізге түсу функциясын іске асырса, екінші жағынан оның қатысу іс бойынша соттың ақиқатты ашуына, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын дұрыс қолданылуына, заңды және негізді үкім шығаруға жағдай жасауға жұмылдырылған.

Соттардың қылмыстық және азаматтық істерді қарау кезінде прокурордың алдында келесідей міндеттер тұрады:

- соттың істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективтілігі туралы заң талаптарын қамтамасыз ету және соттың іс бойынша заңды, негізді және әділетті шешім қабылдауына жағдай жасау;
- сот ісін жүргізудің барлық сатыларында, оған кімнің тарапынан жол берілсе де заң бұзушылыққа дер кезінде шара қолдану;
- әрбір заңсыз және негізсіз сот актісіне дер кезінде наразылық жасап, сондай-ақ іс бойынша заңды, негізді және дәлелді қорытынды беру керек;
- заңды күшіне енген сот актісіне түскен шағымды терең және тыңғылықты тексеріп және наразылық білдіруден бас тартқан жағдайда негізді қорытынды жасап, шағым түсірген адамға дәлелді жауап қайтару керек.

Прокурор құқық қорғау функциясын жүзеге асыра отырып, өзінің міндеттерін заң шеңберінде және Бас Прокурордың нұсқауларына сәйкес орындауы тиіс.

Аудандық және соған теңескен деңгейдегі сот актілерінің заңдылығын қадағалауды осы мақсаты үшін арнайы бөлінген аудандық прокурордың орынбасары немесе көмекшісі жүзеге асырады. Облыстық және соған теңестірілген прокуратураларда қадағалауды прокурордың орынбасары және соттардағы істерді қараудың заңдылығын қадағалау жөніндегі тиісті басқармалар немесе бөлімдер жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасысында осы жұмысқа басшылықты соттардағы қылмыстық істерді қарау заңдылығын қадағалау жөніндегі Департамент және азаматтық істер бойынша сот қаулылырының заңдылығын қадағалау жөніндегі Басқарма жүргізеді. Олар төменгі буындағы прокуратуралардың жұмысына басшылық жасап қана қоймай, сонымен бірге түгелдей төменгі буындағы прокуратуралар арқылы нақты істерді қарау кезіндегі заңдылықты, соның ішінде Бас прокуратура басшылығы бақылауға алған істер бойынша; сондай-ақ Жоғарғы соттың бірінші сатысы бойынша істерді қарау кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қылмыстық және азаматтық істер алқасында және қадағалау алқасында (апелляциялық және қадағалау тәртібінде) қадағалау жүргізеді. Негізінде барлық прокурорлар, өздері жүргізетін қадағалау саласына қарамастан кәсіби

деңгейлерін көтеру үшін, тәлімгерлік мақсатында, прокурорлық қызметте жинақтаған тәжірибелерін басқаларға, прокуратураның жас қызметкерлеріне беру үшін соттар іс қараған кезде үнемі қатысып отыруға міндетті.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Жоғарғы соттың пленарлық отырысында сот тәжірибелері мәселесі бойынша түсінік беру туралы ұсыныс беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативті қаулыларының Конституцияға және заңдарға сәйкес келмеген негіздемелері бойынша наразылық білдіруге құқылы.

Прокуратура органдарының қызметінде олардың деңгейіне қарамастан негізгі орынды жұмысты дұрыс ұйымдастыру, прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың тиімді нысандары мен әдістері алады. Істерді тексеруді келіп түскен шағым-арыздармен танысудан, тексеруге жататын мәселелер шеңберін анықтаудан, жоспар жасаудан, істерді сұратып алу мен зерделеуден бастап, сондан кейін солардың нәтижелеріне қарай, қорытынды жасап немесе наразылық жобасын әзірлеу қажет. Сотқа қатысқан прокуратура қызметкерлерінің істерді қарау нәтижелері жайлы прокурорға баяндап және соттық қарауда атқарған жұмыстары туралы есеп бергені өте маңызды.

Жұмысты ұйымдастырудың маңызды тұрғысы сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексеру болып табылады. Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен Азаматтық іс жүргізу кодексінде қарастырылған заң бұзушылықты тексеру кезіндегі анықтаулар прокурордың апелляциялық наразылық туралы мәселе бойынша негізді шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Бірде бір сот актісін тексерусіз қалдырмас үшін сотпен қаралған қылмыстық және азаматтық істерді тіркеу журналын дер кезінде толтырып отырған жөн болады. Ерекше назарды олардың өздері қатысқан қаралған істер бойынша қадағалау жүргізуді дұрыс толтырылуына аударған жөн болады.

Пәндік-аймақтық принцип бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір прокурорға белгілі бір қызмет көрсететін аймақ бекітіледі, ал жұмыс келешектік, ағымды және жеке жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Сот актілерінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асырушы прокурорлардың жұмыстарын ұйымдастырудың басқа маңызды бағыты тиісті жинақтап қорыту, сондай-ақ прокурорлық қадағалау нәтижесінің тиімділігі мен деңгейін бағалау мақсатында осы жұмыстың тұтастай мәліметтерін көрсететін тиісті есеп жүргізу болып табылады. Прокурорлардың бірінші сатыдағы, апелляциялық және қадағалау наразылығы бойынша істер қаралған кезіндегі сотқа қатысу тәжірибелерін зерделеу мен қорыту соттардың қылмыстық және азаматтық істерді қарау кезіндегі заңдылықтарын прокурорлық қадағалау жағдайы туралы айқын түсінік береді. Сот төрелігін жүргізудің сапасын жақсарту үшін қылмыстық және азаматтық істерді соттардың дер кезінде қарауын қадағалауды, қарау мерзімінің сақталуын қадаға-

лауды, негізсіз тоқтатылған немесе сот ісін жүргізуді кейінге қалдыруды әшкерелеу мен болғызбауды күшейтуге бағытталған ұйымдастыру сипатындағы шараларды қолға алған, сондай-ақ прокурорлық-соттық тәжірибелерді талдауға назар аударған жөн.

Соттық-прокурорлық тәжірибелерді зерделеу мен жинақтап қорыту жекелеген санаттар бойынша аудан (қала) прокурорына прокурорлық қадағалау кемшіліктерін анықтауға, аудандық соттардың материалдық және іс жүргізулік нормаларын бұзушылықты әшкерелеуге және олардың пайда болу себептері мен жағдайларын ашуға мүмкіндік береді.

Жинақтап қорыту үшін іс санаттарын таңдау кезінде олардың өзектілігі-гін, прокурорлық қадағалау жағдайы мен осы істерді қарау кезіндегі соттардың заңдылықтарды сақтауын ескеру қажет. Әдетте соттық-прокурорлық тәжірибе жылында, жартыжылдықта қорытындыланады. Қорыту алдында негізгі мәселелердің жобалы тізімдерінен жоспар құрастырылады.

Қорыту кезінде, мысалға, азаматтық істерді, басты назарды азаматтық дау-дамайдың туындау себептеріне, нақты істерді қарау кезіндегі сотпен жіберілетін қателіктерді, істердің тиісті санттары бойынша прокурорлық қадағалау жағдайына ерекше назар аударған жөн. Қорыту барысында қандай заңдарды бұзу нәтижесінде азаматтық-құқықтық даудың туындағанын, бұл бұзушылықтың кіммен бұзылғанын, сотсыз тәртіппен заң бұзушылық зардаптарын жою шаралары қабылданған-қабылданбағанын анықтау керек. Жинақтап қорыту кезінде анықтауға жататын мәселелердің тізілімі тұтас-тай және толығымен қортындылатын санаттағы істердің сипатына байланысты болады.

Қортындылау материалдарын талдай отыра, прокурорлар заңдылықтың бұзылғанын, сот ісіндегі жетіспеушіліктерді ғана әшкерелеп қоймай, сонымен бірге жұмыстың оң тәжірибесін одан әрі тарату мақсатында дұрыс сәттерін ескеру қажет.

Қорыту нәтижелері бойынша онымен прокурор танысқаннан кейін нақты тұжырымдармен және ұсыныстармен анықтама құрастырылады, егер облыстық прокуратурада танысса онда прокуратура немесе бөлім қызметкерлерімен бірлесе отырып бөлім бастығы немесе басқарма бастығы және қортындылауды жүргізген адаммен бірге қорыту нәтижесін жүзеге асыру жөніндегі шаралар белгілейді. Қорытуды жүзеге асырудың жолдары өте әрқилы болуы және айтарлықтай алдын алу маңызына ие болуы мүмкін.

Қорыту нәтижелерін прокурорлық қадағалау жүзеге асырудағы кемшіліктерді жоюға арналған жедел кеңестерде талқылауға да оны жетілдіруге және оны әсерлілігін көтеруде пайдалануға болады.

Төменгі тұрған буындағы прокурорларға жіберілетін ескертулерде соттардағы азаматтық істерге, қылмыстық істерге тергеу жүргізулерге және

олардың соттарда қаралуына тиісті прокурорлық қадағалау жүргізуді қамтамасыз етпеген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қойған жөн. Прокурорлық қадағалаудың әсерлілігін көтерудің маңызды құралы қадағалауды жүзеге асыру бойынша кемшіліктерді әшкерелеу мен болғызбауға мүмдік беріп қана қоятын үнемі тексеріп отыру ғана емес, сонымен бірге қадағалаудың озық әдістері мен заңның бұзылуына прокурорлық әрекет етудің тиімдірек құралдарын ұсыну болып табылады. Ерекше назарды енгізілген наразылықтың негізділігіне және ақпараттық хабардың жіберілуі мен қадағалау тәжірибесін зерделеу материалдары бойынша төмен тұрған прокурорлардың жұмыстарына шолу жасауға аудару қажет.

Жыл сайынғы мемлекеттік айыптаушылардың конкурстарын өткізу мен олардың таңдаулыларын прокуратура басшыларының бұйрығымен марапаттаған, білікті айыптаушыларды қолдау мен шешендік өнерінің үлгісі ретінде таңдаулы сөздер жинағы түрінде мемлекеттік айыптаушылардың таңдаулы сөздерінің мәтіндерін басып шығарған пайдалы. Мұндай жинақтар әсіресе жаса мамандар үшін сотта сөз сөйлеп үйрену үшін, біліктіліктерін арттыру мен кәсіби деңгейін арттыру үшін қажет.

Бас Прокурормен соттарда істерді объективті қарауды қамтамасыз ету, мемлекеттік айыптауды біліктілікпен қолдау жолымен заңның дұрыс қолданылуын және іс бойынша негізді және заңды қорытынды беруді, соттардың апелляциялық және қадағалау сатыларында азаматтық және қылмыстық істерді қарауға белсене араласуды, соттық және тергеулік қателіктерді дер кезінде түзеу жөніндегі мәселені, сот төрелегін жүргізу кезінде кез келген заңдылық бұзу бойынша әсерлі шаралар қабылдауды қамтамасыз ету міндеттері қойылады. Прокурорларға соттағы алға қоятын көзқарастарының заңдылығы мен құзыреттілігіне орай жеке жауапкершілік жүктеледі.

Сондай-ақ облыс прокурорларының сот органдары Конституция, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу, азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамалары нормаларының талаптарын қатаң орындауын қадағалау бағыты туралы, бағыныстағы прокуратуралардың қызметіне бақылауды күшейту туралы, сот ісін жүргізудің барлық сатыларында прокурорлық қадағалау тәжірибесін талдауды, зерделеу мен қорытуды тұрақты жүргізіп отыру туралы, сондай-ақ, прокуратура қызметкерлерінің іскерлік біліктілігі мен кәсіби деңгейін өсіріп отыру туралы жұмыстар туралы көрсетілген. Прокурорларға соттардың қылмыстық және азаматтық қарау тәжірибесін үнемі талдап отыру, іс жүргізуге қатысушылардың конституциялық құқықтарын бұзудағы кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілік мәселесін дереу және негізді түрде шешіп отыру тапсырылған.

1997 жылғы 13-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қабылдануымен айыпталушыны сотқа беру сатысы іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезеңіне беріліп және ол прокурорға жүктелген. Осыған байланысты прокурор жүргізілген тергеудің толықтығын, объективтілігі мен негізділігін тексеріп қана қоймай, сонымен бірге, айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығару жолымен өзінің пікірі мен шешімін процессуалдық түрде бекітеді. Осымен заңды түрде прокурордың жүргізген тергеуіне және оның сотқа қарау нәтижесіне жеке жауапкершілігі бекітіледі және прокурордан кәсіби білгірлік, заңдылықтың бұзылу фактілерінің барлық фактілері бойынша негізді ұстаным, қабылдаған шешіміне жауаптылық талап етіледі.

Соттардың қылмыстық істерді қарау кезіндегі барлық сатыларда орын берген материалдық заң мен қылмыстық іс жүргізу нормаларын бұзушылықтары прокурорлармен келесідей түрлі жолдармен әшкереленуі мүмкін: сот қараған істер бойынша үкімдердің заңдылығы мен негізділігін тексерумен; прокурорлардың соттардың апелляциялық және қадағалаулық сатыларына қатысуымен; жүгінудің дер кезділігі мен үкімнің орындалуының, сондай-ақ үкімді орындау барысының дұрыстылығын тексерумен; қылмыстық істердің белгілі бір кезеңдері немесе жекелеген санаттары бойынша сот тәжірибесін қорытумен.

Соттардағы қылмыстық істерді қараудың заңдылығын қадағалау жөніндегі департамент кем дегенде жылына бір рет қылмыстық істер бойынша сот қаулыларының заңдылық жағдайын, сот төрелігін жүргізу тәжірибесін, арыз-шағамдар мен өтініштерді қарау жөніндегі жұмыстардың заңдылығын талдауға міндетті. Материалдық және іс жүргізу заңдарының нормаларын қолдану мәселелері жөніндегі жекелеген санаттардағы істер бойынша сот тәжірибесін, қадағалау тәжірибесін оқтын-оқтын қорытып және қолданыстағы заңнамаларды қолдануға түсінік беру туралы Жоғарғы сотқа ұсыныс енгізіп отыру керек. Жылына екі реттен кем емес сот тәжірибесі материалдарының шолуы, қорытуы, әдістемелік нұсқулар мен ұсынымдар негізінде ақпараттық бюллетендер шығарып отыруды үнемі тәжірибеге айналдыру керек.

Соттық істерді сұратып алу кезінде іс жүргізулік өзара қатынастарды қатаң сақтай білу қажет. Атап айтқанда, істер қадағалау арыз-шағамдары бойынша да, сол сияқты сот-тергеу тәжірибесі жұмыстарының жоспарын орындау үшін прокурордың бастамашылығымен де сұратып алынуы мүмкін. Бұл ретте сұратып алу қағазында сұратып алудың себептерін көрсету ұсынылады. ҚР ҚІЖК 37-бабының 5-бөлігінде қарастырылған басқа жағдайларда (тараптардың — жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен татуласқан жағдайында) соттың бірінші және апелляциялық саты-

сындағы өндірістегі істерді сұратып алуға болмайды. Заңды күшіне енген сот актілері, әдетте, жоғары тұрған сотпен немесе прокурормен қадағалау тәртібінде тексеру үшін және жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты сұратып алынады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабына сәйкес, адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі, бұл қылмыс жасаған адамға қатысты соттың жазалау шараларының барынша толық жауаптылықпен қарау міндетін жүктейді. Заңды, негізді және әділетті жаза тағайындау қылмыстылықпен күресудің және құқықтық тәртіпті нығайтудың маңызды құралы болып табылады, ол сотталғандарды түзеуге және қайта тәрбиелеуге, сондай-ақ сотталғандардың және өзге де адамдардың жаңадан қылмыс жасауын ескертуге жағдай жасайды.

Қылмыстық заңнама сотқа жаза тағайындауда теңестірілген көзқарастарды жүзеге асыру үшін кең мүмкіндік береді. Бір жағынан, ауыр және асауыр қылмыстар үшін, қайталанған және ұйымдасқана қылмыстылық үшін жоғары жауаптылықты сақтау, екінші жағынан қауіптілігі онша емес қылмысті бірінші рет жасап отырған және қоғамнан оқшауламай-ақ түзелетін адамдарға бас бостандығынан айырумен байланысы жоқ жазалау шарасын тағайындау.

Заң шығарушымен қылмыстық жаза ұғымы анықталып және оның мақсаттары белгіленген. Атап айтқанда, ҚР ҚК 38-бабына сәйкес, жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Жаза тағайындаудың жалпы бастауы ҚР ҚК 52-бабында анықталған. Осы бапта көрсетілгендей, Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға белгіленген шекте және тиісті ережелер ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Жасалған қылмыс үшін көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған

қылмыс үшін қатаңдығы төмен де жаза белгіленуі мүмкін. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Ескеретін жай, қылмыс жасаған адамға жаза қолдану мақсаттарының бірі олардың жаңа қылмыс жасауға жол бермеу болып табылады. Осыған орай іс дер кезінде қарау, соттық талқылаудың жариялылығын сақтау және заңды, негізді және әділетті жаза тағайындау қылмыстылықпен нәтижелі күрес жүргізудің мен құқықтық тәртіпті нығайтудың, заңдылық режимін қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі болап табылады. Міне осы соттың қылмыстылықпен күрес жүргізуге қосқан салмақты үлесі саналады. Сот мәжілістері мен соттың объективті қаулыларының да, сондай-ақ құқық пен моральға деген құрметті қалыптастыруға қатысудың да ескертулік-тәрбиелік ықпалы да баға жетпес болып саналады.

Жасаған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау нақты бір қылмыстық іс-әрекет жасалған кездегі барлық мән-жайдың жиынтығынан туындайды (кінәнің түрі, себептері, әдіс-тәсілдері, мән-жайлары мен сатылары, келтірілген зардаптың ауыртпалығы, қылмысқа қатысушылардың әрқайсысының қатысу дәрежесі мен сипаты).

5.2. Прокурордың соттың бірінші сот сатысына қатысуы

Сот ісін жүргізу — күрделі де сан салалы жүйе, және сот залындағы мәжілісте бірінші рет болған адам көбінесе жабыраңқы, абыржыңқы күйге енеді және қашанда өзіне берілген құқықтарды дұрыс пайдалана алмайды, сондықтан сотта психологиялық жайсыздыққа орын берілмейтіндей жағдай жасалуы тиіс.

Прокурор жариялы билікті айғақтайды және сондықтан оның сөздері объективтің дәлеледі, заңдық сауатты, ешкімінің ар-намысын аяққа баспайтындай және алдын алу ықпалын тигізетіндей болуы керек. Адамының ішкі сенімін дұрыс қалыптастыру үшін айтылған сөздері мірдің оғындай дөп тип жататындай, нақты, анық, ақиқатты, орынды, түсінікті, айқын қисынды, дұрыс болуы керек. Прокурор өз сөзінде жасалған іс-әрекеттің, азаматтар мен қоғамға келтірілген зиянның қоғамға жат көрінетінін ашатындай болуы

тиіс. Мұндай бағаны ол жасалған іс-әрекеттің сотпен анықталған нақты мән-жайларымен қабыстыра, байланыстыра білуі керек.

Соттың прокурордың, сол сияқты қорғаушының қорытындыларымен байланысы болмайды. Сонымен бірге, егер мемлекеттік айыптаушының айыптау сөзі немесе прокурордың қорытындысы заң жүзінен қарағанда мінсіз болса, онда сот сот ісі бойынша шешім қабылдау кезінде прокурордың пікірін ескермей қалдыра алмайды.

Соттарда азаматтық істерді қарау кезінде прокурор келесідей алдына қойылған негізгі міндеттерді орындайды: шын мәніндегі істерді шешеді; тараптардың арасындағы дау-жанжалды құқықтық қатынастарды реттейді; сот қызметінің тәрбиелік әсерін қамтамасыз етеді, азаматтардың нұқсан келтірілген құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүддені қалпына келтіру.

Прокурордың алдындағы міндеттердің жауапкершілігі оны заңмен қарастырылған жағдайда немесе жоғары тұрған прокурормен және сот пен қажет деп танылған жағдайда сот талқылауына қатысуды міндеттейді. Бұдан басқа, кейбір санаттар бойынша қатысу Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 27-желтоқсандағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы» Нұсқауымен анықталған. Мұндай істерге мыналар жатады: мемлекеттің, халықтың әлеуметтік қорғалатын қабаттарының материалдық мүдделерін қорғау туралы, азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін мемлекеттік органдар басқармалары мен лауазымды адамдарының теріс әрекеттеріне шағым білдіру тура, банкроттық туралы істер.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы мұның өзі заңмен көзделген немесе осы іске прокурордың қатысуы қажеттілігін сот таныған жағдайларда міндетті. Заң прокурорға өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысуға құқық береді (ҚР АІЖК 55-бабы).

Тараптардың бәсекелестігі мен теңдігіне қарай өзінің бастамасы бойынша қозғалған істер бойынша прокурор сот талқылауына қатыса отырып, талап-арызға негізді дәлелдемелер ұсынуға, басқа тараппен ұсынылған дәлелдемелерді зерттеуге белсене қатысуға міндетті. Жоғарыда аталған іс бойынша қатыса отырып, прокурор заңды және азаматтық дау тараптарының сотқа ұсынған дәлелдемелерін басшылыққа алап отырып, өз ұстанымдарын анықтап, білікті қорытынды беруге тиіс.

Сот талқылауына қатысушы прокурордың міндетіне істі қарауға өкілетті сот құрамы туралы заңның сақталуын қадағалау да кіреді. Бұл ретте бірінші, апелляциялық сатыдағы соттарда азаматтық істерді соттың атынан әрекет ететін судья жеке-дара қарайтынын ескеру керек. Істерді кассациялық немесе қадағалау сатысындағы сотта қарауды соттың алқалы құрамы жүзеге асырады. Іс алқалы түрде қаралған кезде соттың құрамына саны тақ (кем дегенде үш) судья кіруге тиіс, олардың біреуі төрағалық етуші болып табылады, оның міндетін алқа төрағасы не оның тапсырмасы бойынша судьялардың бірі атқарады.

Егер судьяның істі жеке-дара қарау барысында оның алқалы сотпен қаралатындығы анықталатын болса, онда прокурор бұл жөнінде тиісті ұсынысымен өтініш білдіреді (ҚР АІЖК 42-бабы).

Қарсылық білдіруді қабылдамай тастау немесе қанағаттандыру туралы ұйғарым шағым беруге, наразылық келтіруге жатпайды. Ұйғарымға келіспеушілік туралы дәлелдер апелляциялық, кассациялық шағымдарына немесе сот актісін сот қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініштерге, наразылыққа енгізілуі мүмкін (ҚР АІЖК 42-бабының 5-тармағы).

Сот мәжілісінде істі қарау кезінде заң мен іс жүргізу нормаларын бұзушылыққа прокурор тиісті мәнде әрекет етуі тиіс. Кейбір жағдайларда сот, істі сот отырысының уақыты мен орны хабарланбаған, іске қатысушы адамдардың біреуі болмаған жағдайда, істі қарау кезінде сот ісі жүргізіліп отырған тіл туралы ережені, сот шешімін қабылдамай тастауға әкеп соқтыратын бұзушылықтармен жүргізеді (ҚР АІЖК 364-366-баптары).

Өзінің дәлелдері мен ойларын мазмұндай отырып, прокурор заңның тиісті нормаларына сүйенуі тиіс. Тек осындай жағдайда ғана ол бірінші сот сатысындағы азаматтық істерді қарау кезіндегі заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды тиісті жүзеге асыра алады.

Прокурор сотта қылмыстық істерді қарау кезінде атқаратын лауазымына қарамастан заңмен анықталған мемлекеттік айыптаушының процессуалдық мәртебесіне ие болады және сотта белгілі тұлғаға айналады. Іске қатысушылар аса ықтиятты көңілмен мемлекеттік айыптаушының мінезін жіті байқап отырады және оған сын көзбен баға беріп отырады.

Сотта мемлекеттік айыптауды қолдау прокурорлық қызметтің ең маңызды учаскелерінің бірі болып табылады. Осы бағыттағы прокурор қызметінің негізгі нормативтік құжаты Қылмыстық іс жүргізу кодексі болып табылады. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы қаңтардағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, жеке айыптау істерінен басқа істерге сот талқылауына прокурордың мемлекеттік айыпталушы ретінде қатысуы міндетті болып саналады.

Мемлекеттік айыптауды қолдау тапсырылған прокурорлық қызметкер қылмыстық іс материалдарын жақсы білуі тиіс. Бұл үшін ол сот талқылауына мұқият дайындалып, іс бойынша дәлелдемелер жиынтығын анықтап, сот талқылауы барысында туындап қалатын мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік айыптаушының көзқарасын танытуға дайын болатындай жауап алудың жоспарын құрып және әдіс-тәсілдерін мұғдарлап алуы тиіс. Прокурордың қаншалықты белсенділігі мен кәсіби дайындығына орай шешуші дәрежеде дәлелдемелердің толықтығы мен жан-жақты шешілуі, істің объективті және дұрыс шешілуі, сонымен бірге жалпы алғанда соттың заңды және әділетті үкімі соншалықты айқын көрінеді.

Басты сот талқылауын тағайындау туралы мәселені шешу үшін оны өткізер алдында кейбір заңмен белгіленген істі алдына ала тыңдау қарастырылған. Алдын ала тыңдау жабық сот мәжілісінде мемлекеттік айыптаушының, сотталушының, оның қорғаушысының міндетті түрдегі қатысуында судьямен жеке-дара жүргізіледі. Алдын ала тыңдауды ҚР ҚДЖК 284-бабында қарастырлаған басқа жағдайларда сотталушының қатысуынсыз оның міндетті түрдеге ұсынысы болғанда ған жүргізілуі мүмкін. Қорғаушы келмей қалған жағдайда оның себептері, сондай-ақ осы сот мәжілісінде оны ауыстыру мүмкіндігі, ал бұған сотталушының келісімі ескеріледі.

Сот алдын ала тыңдау барысында ҚР ҚДЖК 300-бабында көзделген мәселелерді анықтап және шешеді. Судья сонымен бірге адамдар мен ұйымдардың іске қатысуға жіберуі туралы ұсыныстары мен өтініштерін қарауын, істі одан әрі жүргізу туралы, қосымша дәлелдемелерді сұратып алу туралы, бұлтартпау шараларын өзгерту туралы, азаматтық талап-арыз және оны қамтамасыз ету шаралары туралы, сондай-ақ істі объективті, толық және жан-жақты зерттеу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды қамтамасыз етуді қарастыруға міндетті. Ұсыныстар мен өтініштерді шешу кезінде судья ұсыныс берген адамды немесе ұйым өкілін шақыртып алып, оған ұсыныс мәлімдеу мүмкіндігін және оның негіздемесін түсіндіруге құқылы.

Егер алдын ала тыңдау барысында прокурор айыптауды өзгертсе, судья мұны қаулыда көрсетеді. Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттауға жатқызудың өзгеруіне әкеп соқса, судья істі айыптау қорытындысын, айыптау хаттамасын қайта жасау және істі соттауға жатқызу бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Прокурор алдына ала тыңдауға қатыса отырып, міндетті түрде бас сот талқылауын тағайындауға ұмтылуы тиіс емес, мәселелерді дұрыс шешууді қамтамасыз етуге және соттың заңды шешім шығаруына жағдай туғызуға міндетті. Прокурор айыптауды сотталушының пайдасына шешілетін фактілерді көзден таса қылып алмай, оның дәлелденуіне қарай қолдауы тиіс, жә-

не өз функциясын қылмыстық іс жүргізуге қатысушы барлық адамдардың құқықтарын қорғау заңын дәлелдеуге жағдай туғызатындай атқаруы тиіс.

ҚР ҚІЖК 317-бабына сәйкес, прокурордың жеке айыптау істерін қоспағанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатысуы маңызды мәнге ие болады. Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурор қолдауы мүмкін.

Қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы мәселенің ең соңында сотпен шешілуіне байланысты мемлекеттік айыптаушыдан барысында қылмыстың жасалуы мән-жайлары және қолдағы және ұсынылған дәлелдемелік материалдың тексерілуі зерттелетін істерді соттық талқылауға белсене қатысуы талап етіледі. Әрине бұл жерде белсенділік асыра сілтеушілікке асып кетпейтіндей болуы керек.

Басты сот талқылауының ең маңызды және жауапты бөлігі — бұл мемлекеттік айыптаушының сотталушыға тағылған айыптың мәнін мазмұндап түсіндіру. Бұл жерде айыптаушы айыптаудың фабуласын — сотталушыға тағылатын нақты қылмыстың уақыты, орны мен оны жасау әдісін, оған айыптаудың қай баппен тағылып отырғанын және қандай көлемде қолдау тауып отырғанын хабарлауы тиіс.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңы прокурорға сот талқылауының басқа қатысушыларына қарағанда дәлелдемелер ұсығу, оларды зерттеуге қатысу, ұсыныстар мәлімдеу бойынша ешқандай артықшылық бермейді. Айыптауды қолдау кезінде прокурор заң талаптарын және сот талқылауы істің барлық мән-жайларын зерттеуге негізделген өзінің ішкі сенімі мен түсінігін басшылыққа алады.

Соттың мәлімделген ұсыныстарды қарау шаралары да маңызды мәнге ие болады. Соттық тергеуді жүргізу жөніндегі тәртіпті анықтау үшін, әдетте, бірінші болып мемлекеттік айыптаушының ұсыныстары тыңдалады. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін анықтау — бұл техникалық шара емес, сот талқылауы тактикасының мәселелері. Прокурор сотта айтарлықтай орынды тиісті дәлелдемелердің болуы ғана емес, ақиқатты анықтау алатынын есінде сақтауы керек. Мәселен, егер сотталушы өзінің кінәсін мойындап және ол іс материалдарымен дәлелденетін болса, онда ең жақсысы әрине, сот тергеуін сотталушыдан бастап, ал содан кейін басқа іс жүргізу амалдарын өткізі. Ал егер, ол бәрін жоққа шығаратын болса, онда жауап алуды қылмыстың мән-жайлары туралы шын айтып беруге бейім сотталушыдан, жәбірленушіден немесе маңыздырақ куәден бастаған жөн. Қандайда болмасын жағдайда мемлекеттік айыптаушының сотқа дәлелдеме ұсынуының нақты ойластырылған жүйесі болуы керек.

Сот талқылауында іс бойынша барлық дәлелдеме тікелей зерттелуге жатады. Сот сотталушының, жәбірленушінің, куәнің берген айғақтарын тың-

дап, сарапшыларды қорытындыларын зерттеуі, заттай дәлелдемелерді қарап өтуі, хаттамалар мен өзге де құжаттарды жария етіп, сондай-ақ дәлелдемелерді зерттеу бойынша басқа да сот амалдарын жүргізуі тиіс.

Дәлелдемеге жататындығы туралы мәселені шешер кезінде тергеу амалдарының хаттамалары мен істегі және тараптармен ұсынылған өзге де құжаттар дауыстап хабарланады. Осы мәселе бойынша прокурор Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 9-тармақшасы бойынша заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес. ҚР ҚЖК 116-бабына сәйкес, іс жүзіндегі деректер, егер олар заң талаптарын бұза отырып, процеске қатысушыларды олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды қысу жолымен немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзумен алынған болса дәлелдер ретінде танылмайды және айыптау негізіне алынбайды.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында сотталушылар құқықтарының кең шеңбері қарастырылған. Атап айтқанда, сотталушыға оның алдын ала тергеуде немесе анықтаудағы кінәні мойындауға немесе мойындамауға байланысты емес екендігі, ол кінәлілігі немесе кінәсіздігі туралы сұраққа жауап беруге міндетті емес екендігі және сотталушының жауап беруден бас тартуы өзіне зиян болып танылмайтындығы заңмен қарастырылғандығын түсіндіру. Сотталушының үн қатпауы оның өз кінәсін мойындамағандығы ретінде бағаланады. Құқықтың болу фактісі мен оны жүзеге асыру дұрыс сот төрелегін жүргізу үшін де қажет, өйткені олар қылмыстық сот ісін жүргізудің толықтығына, жан-жақтылығына, объективтілігіне, шындықты ашуға көмектеседі.

Заң сот үкімі сот мәжілісінде зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделген болуын талап етеді, ал қысқартылған сот тергеуі тәртібінде анықтау жүргізу кезінде және сотта бәскеге түспеген тараптардан алынған дәлелдемелерге негізделеді. Соттың айыптау функциясынан босатылуын және бәсекелестіктің тереңдей түсуін ескере келгенде айыптауды дәлелдеудің барлық жауапкершілігі прокурорға жүктеледі.

Прокурор айыптауды оның соттағы дәлелдемелері мақұлданып, бекітілгенде ғана қолдауға тиіс, сол сияқты тең дәрежеде сотталушыны айыптаушының да, сол сияқты кәулік етушінің де дәлелдемелері оның кінәсіздігінің пайдасына қарай шешілуіне жағдай туғызуы тиіс, яғни прокурор мемлекеттік айытау өкілі ретінде ғана емес, сонымен бірге құқықтық қорғау функциясын орындаушы лауазымды адам ретінде көрінуі тиіс. Прокурор сот талқылауы барысында соттың дәлелдемелердің толық, жан-жақты және объективті зерттелуіне, іс бойынша ақиқаттың ашылуына, заңға негізделген әділетті үкім шығаруына көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге сот

мінберін соттық талқылауында қашанда тәрбиелік рөл атқаруына пайдалануы тиіс.

Прокурормен орындалатын қылмыстық ізге түсу функциясы айыптау сөзіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Тараптардың жарыссөзі сот ісін жүргізудің шарықтау шегі болып табылады, сондықтан мемлекеттік айыптаушы өзінің қорытындысында дәлелдемелерді терең талдап, сотталушының тұлғасына объективті мінездеме беріп, оның іс-әрекетін объективті бағалап және негізді және дәлелді түрде өз пікірін айтуы керек. Атап өтетін жай, айыптау сөзі судьяның бойында оның көзқарасы мен дәлелдеріне тиісті шешім қабылдауға психологиялық әзірлікті қалыптастыратындай мемлекеттік айыптаушыға судья мен іске қатысушылар сенгенде ғана сенімді әсер қалдырады. Сотталушының іс-әрекетін атүсті және жетімсіз бағалау прокуратураның беделіне де теріс әсерін тигізеді.

Мемлекеттік айыптаушының сөзінде онымен ұсынылған айыптаушы түйін негізделеді, дәлелденеді. Сонымен бірге, сотталушының кінәсін қандай дәлелдеме дәлелдейтінін, прокурордың қандай айыптауды дұрыс санайтынын және зерттелген дәлелдемелердің, болжамдардың, мән-жайлардың сот талқылауы нәтижесінде қолдау таппағанын көрсету қажет. Нақты дәлелдердің арқасында прокурор заң талаптарын қатаң басшылыққа алып және іс бойынша жиналған дәлелдемелерді сыни көзбен бағалай отырып сотты сендіре білуге ұмтылуы тиіс. Білікті де білгір мемлекеттік айыптаушы қорғаушының мүмкін деген сөздерін күні бұрын қарастырады және өз сөзіндегі орынсыз сәттерін күні бұрын бейтараптандыруға тырысады.

ҚР ҚІЖК 317-бабына сәйкес, прокурор сотталушыға қылмыстық заң мен жаза тағайындау туралы сотқа өз пікірін ұсынады. Сонымен бірге, мекеме түрі мен режимі көрсетіледі. Бұдан басқа, прокурор азаматтық талап-арыз шешімдері туралы, заттай дәлелдемелердің тағдыры туралы және үкімінің заңды күшіне енгенге дейінгі сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы, сондай-ақ үкім қаулысымен бірге сотпен шешілетін мәселелер туралы хабарлауы тиіс.

Айыптау сөзі, дегенмен соттың қылмыстық істі қарауына прокурордың қатысуының соңғы кезеңін көрсетсе де, мемлекеттік айыптаушы қорғау тарапы мен сотталушының сөзіне деген өз қарсылғын қысқаша болса да мазмұндап, құлаққағыс жасауды пайдалану мүмкіндігін ескерусіз қалдырмауы тиіс.

Соттық тергеудің немесе сот жарыссөзі барысында мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі. Прокурордың айыптаудан толық бас тартқан жағдайында, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартатын болса, сот өзінің қаулысымен істі тоқтатады. Егерде жәбірленуші айыптауды қалайтын болса, сот талқылауды одан әрі жалғастырып және

істі жалпы тәртіппен шешеді. Прокурор бұл жағдайда іс жүргізуге одан әрі қатысудан болсатылады, ал айыптауды жәбірленуші жеке өзі немесе өкіл арқылы қолдайтын болады.

Прокурордың ішінара және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқан жағдайында сот тараптардың бас тартқан бөліктері бойынша іс тоқтатылады да, ал айыптаудың қалған бөліктері жалпы тәртіпте қарастырылады. Егер прокурор айыптауды айыппауды жеңіл түрге өзгерткен болса, және айыптаудың бұрынғы күйінде қалуын жәбірленуші қаламайтын болса, сот істі жаңа айыптау бойынша қарайды. Ескеру қажет, айыптауды одан ауырырақ түрге өзгерткенде немесе немесе айыптаудың біраз бөлігінен бас тарту кезінде айыптаушы айыптаудың жаңа дәлелденген тұржырымын жазбаша түрде көрсету керек.

Мемлекеттік айыптаудың деңгейі мен прокурорлық қадағалаудың тиімділігін көтеру мақсатында прокурор қызметінің жиынтығын талдаудан өткізу қажет. Мемлекеттік айыптау ахуалы туралы жалпы түсінік алу үшін ең алдымен соттағы қолдау тапқан істердің саны, прокурордың негізді қорытындылары мен ұсыныстарының саны, толық немесе ішінара қанағаттандырылған прокурор ұстанымының сандары және басқалар туралы статистикалық деректерді зерделеу қажет. Пайдалы ақпаратты бастапқы есепке алу материалдары, мемлекеттік айыптаушылардың есебі. Олардың қадағалау ісіндегі жазбалары, ақтаушы үкімдер шығарылған істерді зерделеу, қосымша тергеуге қайтарылған істер және қорыту нәтижелері туралы анықтамалар береді. Мемлекеттік айыпталушы көзқарасының сотта зерттелген нақты дәлелдемелерінің қаншалықты негізді болғандығы аса маңызға ие болады. Сонымен бірге прокурордың ұстанымын басқа шешім қабылдауына байланысты теріс бағалауға болмайды, біржақты, күні бұрын теріс түсінілген прокурор қателігін анықтау білу керек. Соттың прокурордың ұсыныстарымен келіспеген тұстарын талдау кезінде олардағы кереғарлықты, елеусізін елеулісінен айыра білумен қарау керек.

5.3. Прокурордың апелляциялық және қадағалаулық сот сатыларына қатысуы

Апелляциялық іс жүргізу азаматтық және қылмыстық сот істерін жүргізуде жаңалық болып саналады. Қазіргі қолданыстағы амалдарда ол 2001 жылдың 11-шілдесіндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен енгізілген. Апелляциялық іс жүргізу жалпы алғанда сот ісін жүргізу міндеттерін орындағы жағдай жасайтын сот актілері-

нің заңдылығын тексеруді жеделірек жүзеге асыруға және соттардың жіберіп алған қателіктерін әсерлі түзетуге мүмкіндік туғызатын жоғары тұрған сот тарапынан сот қызметіне бақылау жасаудың маңызды жолдарының бірін көрсетеді.

Сот актілерінің заңсыздығы мен негізсіздігін сезген прокурор өзінің осы істі қарауға қатысқанына немесе қатыспағанына қарамастан жоғары тұрған сот наразылық білдіруі тиіс.

Апелляциялық іс жүргізу прокурордың наразылық білдіруіне, ал сотталғанға, ақталғанға, талапкерге, жауапкерге, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдеріне, жәбірленуші мен оның өкіліне олардың ойлары бойынша соттың әділетсіз үкімі мен шешіміне шағым-арыз беруіне мүмкіндік беретін жалпы іс жүргізудің әдеттегі, міндетті сатысы болып табылады. Заңсыз және негізсіз сот актілерінің күшіне енуіне жол бермеу — прокурордың маңызды міндеттерінің бірі. Апелляциялық тәртіпте азаматтық және қылмыстық істерді тексеру тәртібі іс жүргізу соттардың жіберген қателіктері үкімінің заңды күшіне дейін түзетілуі мүмкін жағдай туғызады.

Апелляциялық іс жүргізу сатысындағы прокурорлардың міндеті ең алдымен азаматтық және қылмыстық іс материалдарын дер кезінде және толық тексерумен, ісі материалдарының сай келмейтін және заңға қайшы сот үкімдері мен қаулыларына наразылық білдірумен, сондай-ақ прокурордың қорытындысы сот құрамына іс бойынша дұрыс шешім қабылдауымен көрінеді.

Апелляциялық немесе жеке наразылық білдіру мәселесін шешу кезінде прокурор объективсіздікке, біржақтылыққа және ведомстволық көзқарасқа жол бермеуі тиіс. Прокурордың наразылығы — бұл соттардың істерді қарау кезіндегі заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік орган өкілінің ең маңызды процессуалдық актісі. Апелляциялық іс жүргізу сатысындағы прокурорлық қадағалаудың әсерлілігі көптеген жағдайда прокурордың барлық азаматтық және қылмыстық істерді, соның ішінде өзінің қатысуымен қаралған істерді дер кезінде және тереңірек тексеруіне байланысты болады.

Прокурордың азаматтық және қылмыстық істерді зерделеу кезінде қабылданған шешімді істің барлық материалдарымен салыстыра отырып тек сот актілерін ғана тексеріп қоймай, сонымен бірге сот мәжілісінің хаттамасына да назар аударғаны жөн. Істерді тексеру кезінде прокурор мыналарды анықтауы тиіс:

- соттардың құрамы заңды ма;
- тараптарға құқықтары түсіндірілді ме;
- қорғау құқықтары жүзеге асырылды ма;

- айыптау қорытындысы немесе талап-арыз өтінішінің көшірмесі дер кезінде табыс етілді ме;
- сот ісін жүргізуде тіл қағидасы сақталды ма;
- істі соттық қараудың толықтығы қамтамасыз етілді ме;
- үкімде немесе шешімде мазмұндалған сот қорытындысы ісі іс жүзіндегі мән-жайларына сай келе ме;
- заңның қолданылуы дұрыс па;
- басқа да елеулі заң бұзушылыққа жол берілді ме.

Апелляциялық наразылықты прокурор ақталған түріндегі сот актісінен кейінгі заңмен белгіленген мерзімде білдіруі тиіс. Яғни, сот үкімі жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде, ал қамаудағы сотталғандар өздеріне үкімнің көшірмесі табыс етілген күннен бастап наразылық білдіре алады. Азаматтық істер бойынша шешім шығарылған 15 күннен кейін ғана наразылық білдіріледі. Мерзімі өтіп кеткеннен кейін берілген наразылық сотпен қаралмайды да, ол наразылықты әкелген прокурорға қайтарылып беріледі. Мұндай жағдайда іс соттың апелляциялық сатысында қарауға шығарылмайды.

Наразылық білдіру құқығы істі қарауға қатысқан прокурорға ғана беріледі. Бас Прокурор мен оның орынбасары, обылыс және соған теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандар және соған теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары өздерінің құзыреті шегінде іске қатысуы немесе қатыспауларына қарамастан үкімге немесе шешімге наразылық білдіруге құқылы.

Прокурордың міндеті соттың заңсыз немесе негізсіз үкімін немесе шешімінің күшін жоюға қол жеткізуден тұрады. Сондықтан прокурор наразылығында сот актісін неліктен заңсыз немесе негізсіз санайтындығының себептері мен негізін мазмұндауы тиіс. Атап айтқанда, құқықтың нақты қандай нормасының бұзылғанын, бұзушылықтың маңызы қандай, оның мәні мен теріс зардаптарын көрсеткен жөн. Үкімнің немесе шешімнің негізсіздігі (істің іс жүзіндегі анықталған мән-жайларының толық еместігі, қайшылықтары, соттың анықталды деп санаған фактілердің дәлелденбегендігі). Одан кейін істің нақты мән-жайларына қарай үкім мен шешімнің күшін жою туралы, өзгерту туралы өтініші бойынша немесе жоғары тұрған соттың жаңа сот актісі бойынша әрекет еткен жөн.

Сот бірінші сатыда үкімге (қаулыға), шешімге шағымдану, наразылық білдіру үшін белгіленген мерзім өткен соң бір тәуліктен кешіктірмей сотталғанға немесе ақталғанға, қорғаушыға, айыптаушыға, жәбірленушіге және оның өкіліне, сондай-ақ, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге немесе оның өкілдеріне, егер шағым, наразылық олардың мүдделері үшін қажет болатын болса, шағым-арыз беру немесе наразылық білдіру туралы хабарлайды. Шағым-арыз, наразылық көшірмесі аталған адамдарға аталған

келісіпеген жағдайда жазбаша түрде қарсылық білдіруілеріне болатындығы жөнінде түсінікпен бірге тапсырылады. Осыдан кейін сот шағым-арызбен, наразылықпен және қарсылықпен келіп түскен істер апелляциялық сатыға жіберіледі және онда ісі жүргізуге қатысушыларға апелляциялық сатыдағы істің қаралатын уақыты мен орны хабарланады.

Апелляциялық тәртіптегі іс ол жөнінде өтініш түскеннен бастап бір айдан бір күн де кешіктірілмей өткізілуі тиіс. Төрағалық етуші сот отырысын ашып: қандай іс, кімнің шағымы және (немесе) наразылығы бойынша және қай соттың шешіміне орай қаралуға жататынын хабарлайды. Төрағалық етуші іске қатысатын тұлғалардың және өкілдердің қайсысы келгенін анықтайды, келген тұлғалардың жеке басын анықтайды, сондай-ақ лауазымды адамдар мен өкілдердің өкілеттігін тексереді (ҚА АІЖК 351-бабы).

Апелляциялық сатының артықшылығы тараптардың апелляциялық сатыға жаңа дәлелдемелер ұсынуымен көрінеді. Қосымша материалдар сотқа істі қарау басталғанға дейін беріледі, алайда олар тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы алынбайды. Сотқа қосымша материалдар ұсынушы адам, олардың қандай жолмен алынғанын және оларды ұсыну қандай қажеттіліктен туындап отырғанын көрсетуге міндетті.

Апелляциялық шағыммен немесе наразылықпен бірге келіп түскен істі қарау кезінде сот үкімнің заңдылығын тексеру және істі дұрыс шешу мақсатында тараптардың өтініш жасауы бойынша немесе өз бастамасы бойынша:

- сотталған адамның, жәбірленушінің және іске қатысушы басқа да тұлғалардың денсаулық жағдайына, отбасы жағдайына және бұрынғы сотталғандығы туралы деректерге байланысты құжаттарды талап етіп алуға, тараптардың өтініштері бойынша басқа да құжаттарды талап етіп алуға;
- сот-психиатриялық немесе өзге де сараптама тағайындауға;
- сот отырысына қосымша куәларды, сарапшыларды, мамандарды шақыртып, олардан жауап алуға, тараптар табыс еткен немесе олардың өтініштері бойынша талап етіп алынған жазбаша, заттай немесе өзге де дәлелдемелерді зерттеуге;
- бірінші сатыдағы сот зерттеген материалдарды дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмейді деп тануға және оларды дәлелдемелер қатарынан алып тастауға;
- бірінші сатыдағы сот дәлелдемелер қатарынан алып тастаған материалдарды дәлелдеме ретінде пайдалануға жол беріледі деп тануға және оларды зерттеуге;

- азаматтық талап қоюға қатысты мән-жайларды зерттеуге және азаматтық талап қою бойынша шешім қабылдауға;
- істің барлық материалдарын толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеуді қамтамасыз ету және іс бойынша ақиқатты анықтау үшін қажетті басқа да іс-әрекеттерді орындауға құқылы.

Сот істі апелляциялық тәртіппен қараудың нәтижесінде мынадай:

- бірінші сатыдағы соттың үкімін (қаулысын) — өзгеріссіз, ал апелляциялық (жеке) шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы;
- үкімді өзгерту туралы;
- үкімнің күшін жою және істі қысқарту туралы;
- айыптау үкімінің күшін жою және ақтау үкімін шығару туралы;
- айыптау үкімінің күшін жою және жаңа айыптау үкімін шығару туралы;
- ақтау үкімінің күшін жою және айыптау үкімін шығару туралы;
- үкімнің күшін жою және істі соттың жаңадан қарауына жіберу туралы;
- үкімнің күшін жою және істі қосымша тергеуге жіберу туралы шешімдердің бірін қабылдауға құқылы.

Апелляциялық қаулы кеңесу бөлмесінде шығарылып, соттың барлық құрамымен қол қойылып және соттардың кеңесу бөлмесінен сот залына оралғаннан кейін қатысушыларға хабарланады.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандар сөз жоқ, апелляциялық сот ісін жүргізу азаматтық және қылмыстық іс жүргізудің прогрессивті үлгісі және процессуалдық экономияның құралы бола отырып, өзіне кассациялық сатының да артықшылықтарын қосып алып бүкіл сот ісін жүргізуді жеделдетеді, деген қорытынды айтуға болады.

Соттың екінші сатыдағы алдында тұрған міндеттерін орындап шығуды кепілі прокурордың қылмыстық істердің апелляциялық қаралуына қатысуы болып табылады. Прокурордың апелляциялық наразылығы іс бойынша ақиқатты анықтау үшін қызмет етеді. Дейтұрғанмен, бұл мақсат наразылық мазмұны заң талаптарына айқын сәйкес келгенде ғана орындалады.

Заң апелляциялық сатыдағы іске қатысушы прокурорларға қорытынды берер кезінде іс жүргізудегі дербестік құқығын береді, солайша оның дұрыстығына жеке жауапкершілігін күшейтеді. Соттардың азаматтық және қылмыстық істерді қарау кезіндегі заңдары қолдануын қадағалауды жүзеге асырушы органның өкілі ретінде істерді апелляциялық қарауға қатысушы прокурор әрбір заңсыз немесе негізсіз сот актілерінің күшін жоюын және өзгертілуін қадағлайды және соған жауап береді. Өзінің қорытындысында

ол прокуратураның шағым түскен немесе наразылық білдірілген актілердің заңдылығы мен негізділігі туралы ұстанымын білдіреді.

Заңға сәйкес заңды күшіне енген соттың үкімі, қаулысы және шешімі міндетті түрде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, заңды, лауазымды тұлғалардың, азаматтардың бәріне бірде және Қазақстан Республикасы аумағының бәрінде бірдей мүлтіксіз орындауға жатады. Заңды күш — үкімінің жалпыға бірдей міндеттілігі, өзгертілмейтіндігі және болмай қоймайтындығы сияқты өзіне тән қасиеттерге ие болған сот төрелігінің ерекше құқықтық әрекеті. Сот актісінің күшіне енген сәтінен бастап сот ісін жүргізудің аса ерекше жағдайын жататын, оның күшін жою мен өзгертуі туралы мәселе тек қана ерекше тәртіпте шешілетін ақиқаттық презумпциясы іске кіріседі.

Бірқатар субъективті және объективті себептерге байланысты соттармен бірінші сатыда кейбір қателіктер жіберіледі және олар әрқашан апелляциялық тәртіппен шешіле бермейді. Мұндай соттық актілер сот төрелігіне қатысты жоғары тұрған соттармен заңдылық пен негізділік жөнінде күдік келтірген кезінде тексерілуі мүмкін. Тексерудің бұл тәртібі азаматтық және қылмыстық іс жүргізу сатыларының бірі ретінде қадағалаулық іс жүргізу деп аталып, сот төрелігін жүзеге асырудың елеулі кепілі болып табылады.

Істі апелляциялық қараудан кейін прокурор апелляциялық қаулының заңдылығы мен негізділігін тексереді. Егер ол сот актісі заңға сәйкес келмей немесе қайшы келетінін анықтайтын болса, онда қадағалау тәртібімен наразылық білдіру мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Бұл жағдайда ол іс жайында қадағалау тәртібімен прокурорға баяндайды, және ол соңғы шешімді қабылдайды.

Азаматтық және қылмыстық іс жүргізуде қадағалау жүргізу ерекше саты болып табылады. Бірінша сатыдағы соттардың қателіктерін түзету әдетте соттың апелляциялық сатысында өтуі тиіс. Қадағалау жүргізу сатысындағы прокурорлық қадағалау заңды күшіне енген шешімдерді, үкімдерді және қаулыларды нәтижелі қайтадан қараудың елеулі кепілдерінің бірі болып табылады.

Қадағалау наразылығын субъектілері тізімі азаматтық іс жүргізу мен қылмыстық іс жүргізу заңдарына көрсетілген лауазымды тұлғалар болып табылады. Мәселен, ҚР АІЖК 385-бабына және ҚР ҚІЖК 460-бабына сәйкес, заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларына наразылық білдіруге: Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры — облыстық және соған теңестірілген соттардың қадағалау алқасына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі алқаға; Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының орынбасарлары — облыстық және соған теңестірілген соттардың қадағалау алқасына және Қазақстан

Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі алқаға; облысы прокурорлары және соларға теңестірілген прокурорлар — облыстық сотың және соған теңестірілген соттардың қадағалау алқасына наразылық келтіруге құқылы. Бұл тізім кеңінен түсінік беруге жатпайды. Қадағалау назарылығын білдіру құқығына ие болмаған прокурор мұны жасауға құқылы жоғары тұрған прокурорға тиісті ұсыныс жасайды.

Сондай-ақ заңмен қарастырылған негіздеме болған кезде, іс жүргізуге қатысушылардың арыз-шағымдары бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Төрағасы, Жоғарғы сот алқасының төрағасы, облыстық және соған теңестірілген соттардың қадағалау алқасының судьялары тиісті сот сатыларына шағам берліген сот қаулысын қайта қарауға ұсыныс жасайды.

Азаматтық және қылмыстық іс жүргізудің ерекше сатыларының бірі ретіндегі заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау сот ісін жүргізу міндеттерін жүзеге асыруда маңызды мәнге ие болады және заңға қатаң сәйкестікте сот әділдігін жүзеге асырудың ең елеулі кепілі болып саналады. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарауды жүзеге асырушы сот органдары бірінші және екінші сатыдағы соттардың нақты қателіктерін түзеп қана қоймай, сонымен бірге қолданыстағы заңды біркелкі түсіну мен қолдануды қамтамасыз етеді.

Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық білдірудің өзіндік процесуалдық ерекшеліктері бар. Заңға сәйкес заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау негіздемесі тергеу жүргізу немесе істерді соттық қарау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзу, сондай-ақ ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде (364, 365, 366-баптарында) қарастырлаған негіздемелер, не болмаса негізсіз сот актісін шығаруға әкеп тіреген заңдарды дұрыс қолданбаушылық болып табылады.

Егер бұрын заңды күшіне енген сот үкімі мен шешімі бойынша сот қателіктері облыстық және Жоғарғы сот басшыларымен, сол сияқты жоғары тұрған прокурордың наразылығы бойынша күшін жоятын болса, ал енді қолданыстағы заңнамаға сәйкес қадағалаулық наразылық білдіру прокурордың негізгі артықшылығына айналып, оның жауапкершілігін бұрынғыдан да гөрі көтере түсті.

Қадағалау тәртібімен сот актілеріне наразылық білдіру туралы ұсыныстарды тексеру кезінде прокурорлар азаматтардың өтініштері мен жүгінулерін қарау тәртібі туралы ержелерді басшылыққа алулары тиіс. Прокурорлардың қадағалау жүргізу сатысындағы міндеттері заңды күшіне енген сот актілеріне қатысты берілген арыз-шағымдарды терең әрі мұқият тексеруден және осындай арыз-шағым берілген істерді зерттеуден тұрады. Ұсыныстарды қанағаттандарудан бас тартқан кезде прокурормен жасалған қорытынды

толық, жан-жақты және сенімді болуы, ал арыз-шағыммен, ұсыныспен жүгінген адамдарға жауабы дәлелді және негізді болуы тиіс.

Прокурорлар заңды күшіне енген үкімдердің заңдылығы мен негізділігін тексере отырып, кез-келген күшін жойған сот актілерінің негізді болғанын, іс бойынша бұрын қабылданған шешімді өзгертуге немесе күшін жоюға сот елеулі негіз болғанда ғана құқылы екенін ескеруі тиіс. Осындай мән-жайлардың барлығы әсіресе заң күшін жоюды шектеудің арнайы кепілдіктерін қарастыратын заңға қатысты қадағалау тәртібімен үкімдер мен қаулыларды өзгерту туралы мәселені шешу кезінде ескерілуі тиіс. ҚР ҚЖК 461-бабы ақтау үкіміне немесе істі тоқтату туралы қаулысына наразылық беруге тыйым салып, сондай-ақ, заңды күшіне енген ақтау үкімі, айыптау үкімі не соттың істі қысқарту туралы қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде оларды неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі себептері бойынша, жазаның жеңіл болғаны үшін немесе сотталушының жағдайын нашарлатуға әкеп соғатын өзге де негіздер бойынша қайта қарау туралы өтініш, наразылық беруге жол береді, дегенмен бұл жағдайда уақыт факторы мен сотталғанның құқығы шешуші мәнге ие болады.

Прокурордың қадағалаулық наразылығы қадағалау тәртібімен істерді қайта қарау жөніндегі өкілеттілікке ие болған сотпен міндетті түрде қарауға жатады, ал қадағалаулық арыз-шағым алдын ала қарау кезеңдерінен өтеді.

Қадағалаулық арыз-шағымдарды алдын ала қарау нәтижелері бойынша келесі шешімдердің бірі қабылданады: қадағалаулық тәртіпте арыз-шағым берілген сот актілерін қайта қарау туралы; сот актісіне берілген арыз-шағымды қараудға негіздік жоқтығы туралы. Заңды күшіне енген үкімді, қаулыны қайта қарау туралы заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішті Жоғарғы Сот Төрағасының немесе алқа төрағасының тапсырмасы бойынша құрамы үш судьядан тұратын сот алдын ала зерделейді және қарайды. Қажет болған жағдайда қылмыстық іс талап етіліп алынуы мүмкін. Егер істі талап етіп алу кезінде сот істі қабылдап алған болса және ол бойынша сот талқылауы басталса немесе қосымша тергеу жүргізіліп жатқан болса, соттың істі қосымша тергеуге немесе жаңадан сот қарауына жіберу туралы қаулысына өтініштің, наразылықтың дәйектерін тексеру үшін істі талап етіп алуға болмайды. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс талап етіліп алынған жағдайда — іс келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады. Өтініштің алдын ала қаралатын күні туралы прокурорға, сондай-ақ өтінішті берген тұлғаға хабарланады, алайда олардың келмеуі іс бойынша сот қадағалауы тәртібімен іс жүргізуді қозғаудың негізі бар

немесе жоқ екендігі туралы мәселені шешуге кедергі болмайды. Арыз-шағым берілген сот актілерін қайта қарауға негіз болмаған жағдайда оның иелеріне дәлелді жауап қайтарылдады.

ҚР ҚІЖК 466-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры және олардың орынбасарлары өз құзыреттері шегінде қылмыстық істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы. Мұндай ереже ҚР АІЖК 396-бабында да бекітілген.

Қылымыстық істі қарайтын сот қадағалау арыз-шағымын берген адамға, сол сияқты іс бойынша мұндайда жағдайы нашарламайтын барлық сотталғандарға қатысты толық көлемде сот үкімінің заңдылығын, негізділігі мен әділеттілігін тексереді. Жағдайды нашарлату туралы шешімді сот тек прокурордың наразылығында немесе жәбірленушінің және оның өкілінің шағымында көрсетілген сотталғандарға ғана қатысты қабылдауға құқылы. Сот сотталған адамның жағдайын оның өзінің қадағалаулық шағымы бойынша қадағалауға құқылы емес. Прокурордың қызметі соттың қадағалау сатысында оның соттың қадағалау сатысындағы қабылдаған қаулысының заңдылығы мен негізділігін қадағалауымен аяқталады.

Заңды күшіне енген шешімдер, ұйғарымдар мен қаулылар жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін. Шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін: арыз берушіге белгілі болмаған және белгілі бола алмаған іс үшін елеулі мән-жайлар; заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, заңсыз не негізсіз шешім шығаруға әкеп соққан, куәнің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы; заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің қылмысты әрекеттері немесе судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмысты әрекеттері; белгілі бір шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің немесе қаулысының не өзге де орган қаулысының күшін жою; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің соттың сот актісін шығаруы кезінде қолданған заңын немесе өзге нормативтік құқықтық актісін конституциялық емес деп тануы негіздер болып табылады.

Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қайта қарайды. Бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатыларындағы ұйғарымдарды, шешімдерді, қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша

қайта қарауды шешімді өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған сот жүргізеді.

Шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іске қатысқан адамдар, құқықтары мен заңды мүдделерін шығарылған сот актісі қозғаған өзге де мүдделі тұлғалар немесе прокурор шешім, ұйғарым немесе қаулы шығарған сотқа береді. Мұндай арызды іске қатысушы адамдар қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады. Жоғарыда айтылған мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 404-407-баптарымен қарастырылған.

ҚР ҚІЖК 475-бабына сәйкес, тексеру немесе жаңадан ашылған мән-жайды тергеу аяқталғаннан кейін іс бойынша іс жүргізуді қайта бастауға негіздер болған кезде прокурор істі өзінің қорытындысымен, үкімнің көшірмесімен және тергеу материалдарымен тиісті сотқа жолдайды. Прокурор іс бойынша іс жүргізуді жаңғыртуға негіздер болмаған кезде өзінің дәлелді қаулысымен жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өзі қозғаған іс жүргізуді тоқтатады. Іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы жаңадан ашылған мән-жайларға орай осы іс бойынша іс жүргізуді жаңғырту туралы мәселені шешуге құқылы сотқа шағымдану құқығын мүдделі адамдарға түсіндіре отырып, олардың назарына жеткізіледі.

Айыптау үкімін жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты сотталушының пайдасына қайта қарау ешқандай мерзіммен шектелмейді. Сотталушының қайтыс болуы ақтау мақсатында жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қайта бастауға кедергі болып табылмайды. Ақтау үкімін, істі тоқтату туралы қаулыны қайта қарау, сондай-ақ жазаның жұмсақтығы себебі бойынша немесе сотталушыға анағұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі бойынша айыптау үкімін қайта қарауға қылмыстық жауаптылыққа тартудың мерзімнің ескіруі ішінде ғана және жаңа мән-жайлардың ашылған күнінен бастап бір жылдан кешіктірілмей жол беріледі. Жаңа мән-жайлардың ашылған күні болып: жалған айғақтар беруге, жалған дәлелдер ұсынуға, теріс аударма жасауға немесе істі тексеру немесе қарау барысында жасаған қылмыстық істері үшін кінәлі адамдарға қатысты үкімнің (қаулының) заңды күшіне енген күні; жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қайта бастау қажеттігі туралы қорытындыға прокурордың қол қойған күні есептеледі (ҚР ҚІЖК 473-бабы).

6-ТАРАУ. ЖАЗАНЫ АТҚАРУ САТЫСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

6.1. Жазаны атқару сатысындағы заңдылықты прокурорлық қадағалау мәні мен міндеттері

Жазаны атқару заңдылығын прокурорлық қадағалау үкімді орындау кезінде заңды күшіне енген соттық актілерді жүзеге асыру жүргізілетін болғандықтан, сондай-ақ оны орындау барысында үкімді орындауда сотпен пайда болатын мәселелерді шешілетін болғандықтан прокуратура органдары қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сот ісі жүргізу үкім орындалған сәттен бастап аяқталған деп саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады, сондықтан заңды күшіне енген сот актілері мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін баршасында бірдей міндетті. Жазалаудың өзінің әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу және жаңа қылмыстарды ескерту сияқты мақсаттары болады. Шындығына келгенде үкімді дер кезінде және тиісті мәнде жүзеге асыру қыдымыстық жазаның әсерлілігін көтереді.

Жаза мен қылмыстық-құқықтық орындау мен өтеу тәртібі мен шарттары заңдылық, баршаның заң алдындағы теңдігі, адамгершілік пен демократия, жазаны атқарудың теңдестірілуі мен жекелендірілуі, жазаны түзеу ықпалымен біріктіру принциптеріне негізделген қылмыстық-атқару заңнамасымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Сонымен бірге заңда бекітілген ережелер үкімдерді толығымен нәтижелі және дер кезінде атқаруға кепілдік бере алмайды. Заңды өмірде шын мәнінде іс жүзіне асыруды қамтамасыз ету үшін тиісті қадағалау мен бақылау қажет. Бүгінде прокуратура түзеу және басқа да мекеме әкімшіліктері мен жазаны орындаумен және сотпен тағайындалған мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындаумен байланысқа органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау функциясын бір орталықтан жедел атқаратын жалғыз ғана мемлекеттік орган болып саналады.

Прокурорлық қадағалауды осы саладағы пәні ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 43-бабына және 2002 жылдың 28-қарашасында Бас Прокурордың № 62 бұйрығымен бекітілген Азаматтарды жазалау мен ақтауды атқару заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы Нұсқауына сәйкес, сот тағайындаған жазалау мен мәжбүр ету сипатындағы өзге де шаралардың атқарылуы кезінде адамдардың бас бостандығынан айыру орындарында болуының

заңдылығын; аталған мекемелерде сотталған адамдарды ұстаудың заңда белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын; бас бостандығынан айыруға қатыссыз жазаларды атқарудың заңдылығын; азаматтық және өзге істер жөніндегі сот шешімдерін атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асыру болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың заңдылықта болуы деп оларды осы орындарға орналастыру мен ұстаудың, ұстау мерзімін сақтау мен босатудың заңдылығы танылады.

Жазаны атқарудың заңдылығын прокурорлық қадағалау оның пәнінен және прокуратура органдарының жалпы міндеттерінен туындайды. Прокурор, заңмен берілген өкілеттілікті пайдалана отырып, тұтқындалғандар мен сотталғандарға адамгершілікпен қарау жөніндегі адам құқықтары туралы заңдар мен халықаралық келісім-шарттарды дәлме-дәл әрі біркелкі қолдануға қол жеткізуі; бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық жаза мен сотпен тағайындалған мәжбүрлеу сипатындағы өзге де шаралары өтеу кезінде қайталап жасалатын қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз ететін азаматтардың конституциялық және өзге де құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар қабылдауы тиіс; заңға қайшы келетін бұйрықтарды, өкімдер мен қаулыларды дереу тоқтатуға және наразылық білдіруге міндетті.

Қылмыстық жаза түрлерінің әралуандығы оны орындаушы мекемелер мен органдардың да әралуандығын талап етті. Солардың арасынан ерекше орынды әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мүддесінде, сотталғандарды түзеу, олардың жаңа қылмыс жасауын ескертуді мүддесінде жаза өтеу режимі белгіленген және әсіресе олардың азаматтық құқықтары шектелген бас бостандығына айру түрінде жазаларды атқаратын мекемелер алады. Ескеру қажет, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17-желтоқсандағы № 1251 Жарлығымен елімізде өлім жазасын толығымен жою туралы мәселе толығымен шешілгенге дейін мораторий енгізілді. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы өмір бойы бас бостандығынан айыруға немесе жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

Заңды күшіне енген соттың үкіміне немесе қаулысына сәйкес, әрбір санаттағы сотталған адам оған белгіленген орынға, мекеме немесе органға орналастырылуы тиіс.

Прокурордың қадағалауына жазаны атқарушы органдар мен мекемелер жатады. Атап айтқанда, айыппұл салу немесе мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны үкім шығарған сот, сондай-ақ мүліктің орналасқан жері бойынша және сотталушының жұмыс орны бойынша сот атқарады.

Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды сотталушының тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы, түзеу мекемесі жүзеге асырады. Белгілі бір лауазымда болу немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің талаптарын сотталушының жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігі, сондай-ақ лицензиатты жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына берілген лицензиясынан айыруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықты органдар атқарады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциялары атқарады.

Қамау, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаларды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері атқарады.

Түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қылмыстық-атқару инспекциялары атқарады.

Әскери қызметшілерге жазаларды: қамауды — сотталған әскери қызметшілерге арналған гауптвахталарда гарнизондардың командованиесі немесе гарнизон гауптвахталарының тиісті бөлімшелері; әскери қызмет бойынша шектеуді — аталған әскери қызметшілер қызметтен өтіп жүрген әскери бөлімдердің, мекемелердің, органдар мен әскери құрамалардың командованиесі атқарады.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (ҚАЖК) ішкі істер әскерімен күзетілетін түзеу мекемелері атқарады. Олардың қатарына түзеу колониялардың барлық түрлері, колония-қоныстары, кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колониялары және түрмелер жатады. Бұл жазаның түрлері сонымен бірге мекемелерде шаруашылық бойынша қызмет көрсету жұмыстырын орындау үшін қалдырылатын сотталғандарға қатысты сондай-ақ тергеу оқшаулағыштарымен де атқарылады. Қандайда бір мәжбүрлеу сипатындағы шаралар тергеу оқшаулағыштарында атқарылмайды. Республика аумағында 81 түзеу мекемелер, 17 тергеу оқшаулағыштары және Арқалық қаласындағы түрме жанында 1 жергілікті учаске бар.

Қолданыстағы заңнамалар түзеу мекемелері мен онда ұсталатын сотталғандар санаттарын нақты реттейді (ҚР ҚАК 69-бабы және ҚР ҚК 48-бабы), сондай-ақ сотпен тағайындалған жазалар мен өзге де мәжбүрлеу сипатындағы шараларды өтеу орындарында адамдарды ұстау тәртібі мен шарттарын егжей-тегжейлі реттейді. Осы орындардың әкімшілік қызметтерінің бәрі белгіленген ережелерді қатаң атқаруға негізделеді, лауазымды адамдар олардың қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз ету үшін жауапкершілік ат-

қарады. Сотталғандар өздерін ұстауағы тәртіп пен шарттарды анықтайтын заңдарды мүлтіксіз сақтауы тиіс.

Мұндай мекемелерде қылмыстық жазаны атқарумен бірге сотпен тағайындалатын мәжбүрлеу сипатындағы түрлі шаралар атқарылады: атап айтқанда: созылмалы маскүнемдіктен, нашақорлықтан, тері аурулары мен ЖКТБ-дан мәжүрлеп емдеу. Қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған есінің кемістігі болуы мүмкін, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарға атқарушы мекемелер соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Мұндай шара соттың арнаулы қаулысымен психиатриялық емдеу мекемелерінде атқарылады.

Шартты сотталғандар қылмыстық-атқару инспекциясының бақылауында болады. Шартты сотталған әскери қызметшілерге бақылау жасауды әскери бөлімдердің командованиесі жүзеге асырады. Олар қылмыстық-атқару инспекциясының және әскери бөлімдердің командованиесі алдында өздерінің іс атқаруы туралы есеп береді, олардың шақыртуы бойынша келіп отыруға міндетті. Шақыртуға келуден жалтарған сотталған адам мәжбүрлеп алып келінуі мүмкін.

Прокурорлардың ерекеше назар аударатын объектісі әкімшілікпен белгіленген және заңмен қорғалатын сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды атқару болуы тиіс. Қамауда ұстау орнына қарамастан бұл адамдар қамауда ұстау ережелеріне, тәртіптік талаптарға, отбасымен байланыс жасасудың рұқсат етілген жолдарына, арыз-шағым беруге, сол сияқты басқа да мәселелерге қатысты толық ақпарат алуға, өздерінің құқықтыры мен міндеттеріне қатысты есеп беруге мүмкіндік жасайтын және осы мекеменің өмір жағдайына бейімделуіне қатысты мәселелерді алға қоюларына құқылы. Олар өздеріне адамгершілікпен қарауды және санитарлық-тұрмыстық жағдайларының тиісті болуын, білікті дәрігерлік көмек, жеңілдіктер, үлгілі тәртіпті марапттауға, заңды құқықтары мен мүделлерін заңдық қорғауды талап ету құқықтарына ие болады.

Прокурорлық қадағалау түзеудің негізгі құралдары туралы заңның жазалау талаптарының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге жұмылдырылған және құқық бұзушыларды тәрбиелеу оның көз алдында болуы тиіс.

Жаза өтеу орындарындағы құқықтық тәртіпті ұстап тұруда заңмен белгіленген режимдік шектеулер кешені ерекше рөл атқарады. Олар мекемелердің мәртебесіне және нақты адамдарға тәрбиелік ықпал ету қажеттілігіне қарай айырмашылықта болады. Мұндай орындарда тәртіп пен реттілікті заңнамалармен белгіленген шектеулерді ғана пайдалана отырып қатаң сақтау керек. Әкімшілікпен жеңілдіктер беру мен мадақтау, сол сияқты заңмен қарастырылмаған кез келген қатыгездікпен ұстау тәртібі мен жағдайы

прокурордың кінәліні тіпті қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін әрекет жасауға баратын заңды өрескел бұзушылық деп танылады.

Қолданыстағы заңнамалар сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысы жоқ (ҚР ҚК III-бөлімі), атқару тәртібі ҚР Қылмыстық атқару кодексімен реттелетін (III-бөлім) бірталай шараларды қолдануды қарастырады. Прокурордың міндеті осы жазаларды атқару кезінде заң талаптарының қатаң сақталуын қадағалау болып табылады.

Өтеуі түзеу жұмыстарына тағайындалған адамдарға қатысты жазаны атқару заңдылығына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор үкімді орындауға бөгет жағдайлардың бар-жоқтығын анықтайды. Мысалы, егер түзеу жұмыстарына сотталған адам үкім заңды күшіне енген сәттен бастап ауырып қалған болса, онда прокурор түзеу жұмыстары инспекциясына сотталғанды жеңіл жұмысқа орналастыру үшін дәрігерлік комиссияға жіберуді ұсынады. Сотталған адам еңбекке жарамсыз деп танылған болса, сот түзеу жұмыстарын одан жеңілірек жазаға ауыстыру жағын қарастырады.

Прокурор сонымен бірге тиісті органдар сотталғандардың еңбек ақысынан мемлекет пайдасына ұстау мен ұсталған соманы аударудың дұрыс жүргізілуін қадағалауға міндетті.

Заң бұзушылықты болғызбау мақсатында прокурор қылмыстық-атқару инспекцияларының қызметіндегі заңдылықта, сондай-ақ түзеу жұмыстарына сотталғандарды еңбекке пайдалану жөніндегі мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктерін жүйелі түрде тексеріп отыруға міндетті.

Айыппұл төлеумен байланысқан үкімді атқаруды жүргізу туралы сөз қозғалғанда, прокурор басты назарын борышкерлердің жағдайының жеткіліксіздігі туралы сот орындаушысының жасаған актісіне аударуы тиіс. Мұндай актілердің заңсыздығы сотталғанның мүліктік жағдайын қайта тексерген кездерде байқалады.

Прокурорлық қадағалауды жүзеге асру кезінде ескеретін жай, бас бостандығынан айырумен байланысы жоқ жазаларды атқаруды бақылау және Қазақстан Республикасындағы соттар мен басқа да органдардың атқарушы құжаттарын мәжбүрлеп толтыру сот приставтарына жүктелген. Сот приставтары соттардың жанында болады, олардың бөліністері аудандық (қалалық), облыстық және соларға теңестірілген соттарда құрылады. Жергілікті соттардағы соттық приставтардың жұмыстарын ұйымдастыру Жоғарғы сот жанындағы сот әкімшілік жөніндегі комитетке жүктелген. Жоғарғы сот жанындағы сот приставтарының жұмыстарын бақылауды Жоғарғы сот Төрағасы жүзеге асырады.

Сөйтіп, прокурор атқару сатысы кезіндегі заңдылықты қадағалау кезінде түзеу мекемелеріндегі адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, ұстай режимінің заңдылығының бұзылуын дер кезінде әшкерелеуге, жолын

кесуге және ескертуге көмек көрсетуге, сондай-ақ өзінің барлық қызметінде сотталғандардың түзелуіне, сотталғандар мен өзге де адамдардың жаңадан қылмыс жасауын ескертуге жағдай туғызуға міндетті.

6.2. Жазаны атқару сатысындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттілігі

Прокурор алдына қойылған міндеттерді шеше отырып, бас бостандығынан айырылған және өзге де мәжбүрлеу шараларына тартылған адамдар заңмен белгіленген негіздер мен тәртіптер бойынша ұсталуына қадағалауды жүзеге асырады. Осы сияқты адамдарға қатысты мұндай негіздер заңды күшіне енген үкім не мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот қаулысы болып табылады. Қадағалауды жүзеге асыру барысында прокурор сонмен бірге осы орындардан заң талаптарын бұза отырып босатуға жол берілмеуін қадағалайды.

Құқық бұзушылықты ескерту мақсатында мыналарға құқылы:

1. Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ақпаратты жазаны атқарушы мекеме немесе орган береді.

2. Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы.

3. Сотталғандар түсініктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында аталғанындай ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталғандарға жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде немесе ресми қолданылатын орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілге аударуды жазаны атқарушы мекеме немесе орган қамтамасыз етеді.

4. Сотталғандар адвокаттардың, сондай-ақ осындай көмек беруге уәкілетті басқа адамдардың заң көмегін пайдалануға құқылы.

5. Сотталғандардың әлеуметтік қамтамасыз етілуіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы алуға құқығы бар.

6. Қамауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің денсаулығын сақтау үшін қажетті материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

7. Соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарды қоспағанда, сотталғандардың мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

8. Жазасын өтеген және сотталуына байланысты атқарып жүрген қызметінен босатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуға, әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға құқығы бар.

9. Жазасын өтеп жүрген адамдардың қызметкерлер тарапынан сыпайылық көру құқығы бар. Олар қатаң немесе адамшылық қасиетін қорлайтындай қарауға ұшыратылмауға тиіс. Сотталғандарға мәжбүрлеу шараларын заң негізінен өзгеше қолдануға болмайды.

10. Қамауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелермен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының — олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.

11. Сотталғандардың құқықтарын іске асыру тәртібі осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, Қазақстан Республикасы бекіткен мемлекетаралық шарттармен белгіленеді.

Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол қамау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы. Бұл жағдайда лауазымды адам сотталушыны қауіпсіз орынға ауыстыру жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

Сотталғандардың негізгі міндеттеріне Қазақстан Республикасы Құқықтық-атқару кодексіменен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен және үкіммен белгіленген құқықтық шектеулерден туындайтын талаптарды сақтау кіреді. Сотталғандар жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар әкімшіліктерінің өздерінің мінез-құлқына арнап белгілеген заңды талаптарын орындауға міндетті. Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді, сондай-ақ жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заң-

ды талаптарын орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Атқару ісінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор қадағалаудың барлық түріне арналған, сол сияқты қарастырып отырған салалардың қызметіне байланысты ғана арнайы өкілеттілікке ие болады.

Атқару ісінің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыруға арналған прокурордың өкілеттілігі биліктік-өкімдік сипатқа ие болады; оларды шартты түрде заң бұзушылықты әшкерелеу мақсатында қолданылатын құралдарға бөлуге болады (заңдардың сақталуын тексеру, құжаттармен танысу, сотталғандарға сұрақтар қою, әкімшіліктің тиісті бұйрықтары, өкімдерінің заңға сәйкес келуін тексеру және т. б.); құқық бұзушылықты жою мен ескерту (заңға қайшы нормативтік құқықтық актілерге наразылық білдіру және т. б.).

Прокурордың құқықтарды қорғау мен бұзылған құқықтарды қалпына келтірудегі кез келеген заңдылықты бұзушылықты әшкерелеу мен жою және кінәлілерді заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларға қатысуы туралы жалпы ережелері атқарушылық ісін жүргізудегі заңдылықты қадағалауға да жатады.

Прокурордың арнайы өкілеттілігіне тексеру мақсатында кез келген бас бостандығынан айыру орындарына және сотпен тағайындалатын өзге де мәжбүрлеу шаралары сипатындағы жазаны атқаратын басқа да мекемелерге кіре алу құқығы жатқызылады. Заң оның тексерулер жүргізуіне шектеу қоятындай ешқандай формалды негіздемені белгілемеген. Керісінше, оны өткізу мақсатында ол қадағалауға жататын мекемелерге заңдылықты бұзушылық туралы хабардың түспегеніне қарамастан тәуліктің кез келген мезгілінде барып кіре алады. Прокурордың қанша тексеру жүргізетіндігіне шек қойылмаған, ол тексеру тағайындау туралы арнаулы қаулының да қажеті болмайды; тексеру жүргізудің уақытын оның өзі белгілейді. Олардың кез-келгені күні бұрын хабарланбай, кенеттен болуы да мүмкін. Сонымен қоса, оған әсіресе жұмыстан тыс уақытында уақытша ұстау оқшаулағыштарында адамдарды ұстаудың заңдылығын тексеру де жүктеледі.

Прокурорға мәжбүрлеу сипатындағы шараларға тартылған сотталғандар мен адамдарды тексеру барысында оларға сұрақ қою құқығы да берілген. Аталған адамдарға сұрақ қою сотталғандарға және өзге де адамдарға қатысты рұқсат етілмейтін құралдарды, қаруларды және заң талаптарына қайшы келетін басқа да әдістерді қолдану сияқты заңдылықты елеулі түрде бұзушылықтарды әшкерелеуге мүмкіндік береді.

Қадағалауындағы мекемелерде прокурор қамаудағы барлық адамдармен шектеусіз аралас алады, сондай-ақ соларға қатысты барлық құжаттарды да қарай алады. Ол осы адамдар жазасын өтеп жатқандығы туралы құжаттар-

ды сұратып ала алады, сондай-ақ, өзге де мәжбүрлеу шараларына тартылғандармен таныса алады.

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы прокурорға кең мағынадан алғанда тек қана заңдардың орындалуын қадағалап қана қоймай, сонымен бірге заңға жататын актілерді де қадағалауды, жазаларды атқаратын органдар мен мекемелердің заңдық актілерінің Конституция мен Қазақстанның басқа заңдарына сәйкестігін тексеруді міндеттейді. Мұндай талап қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттарын реттейтін заңдардың едәуір баптары шығарып салма сипаттарға ие болуына негізделген. Қадағалаудың шегін басқаша түсіндіру прокурордың қылмыстық жазаларды атқарушы мекемелер мен органдар әкімшіліктерінің бұйрықтарының, өкімдері мен қаулыларының заңға сәйкестігін тексеруін міндеттейтін «Прокуратура туралы» Заңға қайшы келген болар еді.

Прокурор сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайларда жаза атқарушы органдар мен мекемелер әкімшіліктерінің актілерін санкциялауға яғни рұқсат беруіне құқылы. Ол осы органдар мен мекемелердің құқықтық актілерінің заңға сәйкестігін олардың заңға қайшы екендігі туралы мәлімдеулер мен арыз-шағым түсуіне қарай тексеріп қоймай, оларды өз бастамшылығымен де тексере алады. Құқықтық актілер — бұлар, ең алдымен мәжбүрлеу сипатындағы шараларға тартылған, қоғамдық пайдалы еңбекке тартылған сотталғандардың жалпы білім алуына, кәсіби даярлықтан және басқалардан өтетін сотталағандар мен адамдарды ұстаудың тәртібі мен шарттары реттелетін бұйрықтар, өкімдер мен қаулылар.

Заң бұзушылыққа итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында, прокурор лауазымды адамдардан әкімшілік қызметіндегі заңдылықты бұзушылық туралы тексерілетін кез келген мәселе бойынша түсінік беруді талап етуге құқылы.

Прокурорлық тексеру нәтижелері бойынша, әдетте, барлық анықталған заң бұзушылықтар, оларды жасауға итермелеген мән-жайлар мазмұндалаған, бұзылған нақты заң нормалары мен олардың бұзылуына жол берген лауазымда адамда көрсетілген, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нақты шаралар ұсынылған тексеру актісі жасалады. Тексеру актісі тиісті органдар мен мекемелердің бастықтарымен қол қойылып, көшірмесі соларға тапсырылады.

Прокурор өзінің қаулысымен дереу түрде бас бостандығынан айыру орнында немесе мәжбүрлеу сипатындағы шараларды атқару мекемелеріндегі заңсыз қамалғандардың әрқайсысын босатуға; бас бостандығынан айыру орнында жазасын өтеп жатқан адамға заңсыз тағайындалған тәртіптік жазалауды тоқтатуға, оларды өзінің қаулысымен айыптық оқшаулағыштан, камералық орыннан немесе қарцерден босатуға міндетті.

Тексеру нәтижелеріне байланысты прокурор өзінің құзыреті шегінде ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 3-тарауында көрсетілген құқықтық құралдарды пайдалануға құқылы.

Прокурорлық тексеру өткізуі үшін жалпы негіздеме заң бұзушылық туралы келіп түскен мәлімдемелер, хабарламалар және басқа да ресми деректер, заң бұзушылық белгілерін тікелей көріп-сезу және жоғары тұрған прокурордың тапсырмасы болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарында адамдарды заңсыз қамауда ұстау деп, үкімнің қағазға дұрыс түсіріліп көрсетілмеуі, заңды күшіне енген үкімнің болмауы, не рақымшылық, кешірім жасау және басқа да актілерді қолдану салдарынан тағайындалған мерзімді қысқарту шамадан артық қолданылуы танылады.

Прокурорға осы саладағы заңға сәйкес келмейтін әрекеттерге және құқықтық қатынасқа қатысушылар актілеріне наразылық білдіру құқығы берілген. Мұның негіздемесі мен тәртібі ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 19-бабында көрсетілген.

Ол бойынша прокурор Конституцияға, заңдарға және Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін нормативтік және өзге де құқықтық актілерге, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық жасайды. Наразылық оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға беріледі. Лауазымды адамның заңсыз шешімдері мен іс-әрекеттеріне наразылық нақ осындай тәртіппен жасалады.

Прокурордың наразылығын тиісті орган немесе лауазымды адам он күн мерзім ішінде қарауға тиіс. Орган немесе лауазымды адам наразылықтың қаралатын күні туралы прокурорға хабарлауға міндетті. Наразылықтың сотта қаралу мерзімі заңдарда белгіленеді. Наразылықта прокурор заңсыз актінің күшін жоюды не оны Конституцияға және заңдарға сәйкес келтіруді, сондай-ақ лауазымды адамның заңсыз әрекеттерін тоқтатуды және бұзылған құқықты қалпына келтіруді талап етеді. Прокурор наразылық жасалған актінің не іс-әрекеттің орындалуын наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруға хақылы. Заңдарға жасалған наразылық олардың қолданылуын тоқтатпайды.

Заң қадағалушы прокурорға әкімшіліктің заңсыз әрекетін наразылық білдіргенге дейін тоқтата тұру, ал содан кейін наразылық білдіру құқығын берген. Сөйтіп, әкімшілік әректінің орындалуын тоқтата тұру мен оған наразылық білдіру — құқық бұзушылық әрекет етудің дербес түрі және оны бөлек қолдануға болады.

Тоқтата тұру мен наразылық білдіру арасында тексеру үшін қажетті кейбір уақыт аралығы болуы мүмкін. Егер мұқият тексерістен кейін прокурор шығарылған бұйрық заңға сәйкес келтірілді деген тұжырымға келетін

болса, онда наразылық ұсынылмайды. Наразылық білдірілген бұйрықты орындауды тоқтата тұру тиісті орган немесе лауазымды адам қарағаннан кейін тиісті күшіне енгін болады.

Заңмен заңға қайшы келетін әкмішіліктің бұйрықтарына, өкімдері мен қаулыларына наразылық білдірмей-ақ басқаша қарапайым жолмен әрекет ету де қарастырылған. Жеңілдетілген мұндай шаралар әсіресе сотталғандарға немесе қамауға алынғандарға тәртіптік жаза тағайындау туралы әкмішілік әкітісіне таратылады. Заңсыз немесе негізсіз тәртіптік жаза қолданылған жағдайда прокурор ондай адамдарды өзінің қаулысымен бір мезгілде карцерден, айыптық (тәртіптік) оқшаулағыштан немесе камералық типтегі орынна босата алады. Қаулы дереу орындалуы тиіс.

Заңда аталған қабылданатын шешімдердің заңдылығына қосымша кепілдік әкет болған жағдайда алдын ала қамауға алу және бас бостандығынан айыру орындары әкмішілігінің әктілері қадағалаушы прокурордың санкциялауына жатады.

Санкциялауға қамауға алынғандар мен сотталғандардан алынған ақшалар мен құнды заттарды мемлекет кірісіне айналдыру; адамды оқшаулап оңаша камерада қамауда ұстау; сотталғанға бас бостандығынан айыру орнынан қысқа мерзімді шығу құқығын бер және басқалар туралы қаулылар жатады. Аталған жағдайларда әкмішілік прокурорға тиісті материалдар ұсынады. Прокурор болса не әкмішіліктің пікірімен келісіп, оның жүзеге асырылуына келісімін береді, не ұсынылып отырғын амал негізсіз деп санаған жағдайда санкция беруден бас таратып, сонысымен заңның бұзылуына жол бермеуге тырысады. Санкция не оны беруден бас тарту прокурормен лауазымды адамның қаулысына қарар түрінде қойылып, бекітіледі.

Іс жүзіндегі тәжірибеде жаза атақарудағы заңдылыққа прокурорлық қадағалауды Бас прокуратураның тиісті құрылымды бөліністері мен соларға бағынышты прокуратуралар қамтамасыз етеді.

Осы бағыттағы жұмыстың едәуір көлемі Бас прокуратураның жазаларды атқару және азаматтарды ақтау заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімге, облыстардың осындай бөлімдерге, прокурорлардың аға көмекшілері мен көмекшілеріне жүктелген. Бөлімдірдің өкілеттілігін бөлу қағидалары, осы бағыттағы қызмет міндеттері Бас Прокурордың салалық бұйрықтарында, нұсқаулары мен өкімдерінде егжей-тегжейлі қарастырылған.

6.3. Жазаларды атқару сатысындағы заңдылықтарды қадағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

Жазаларды атқару сатысындағы заңдылықтарды прокурорлық қадағалаудың әсерлілігі жұмыстарды жалпы ұйымдастыруға байланысты болады. Прокурор алда тұрған жұмыстардың көлемі мен сипатын айқын көре білуі, олардың келешегін болжап, осы бағыттағы объектілердің сан-салалығын ескеріп, заңдылықты нығайтуда бастамашылық мен табандылық танытып, өзінің күш-жігерін прокурорлық қадағалау мақсатына, прокуратура органдары алдына қойылған міндеттерді орындауда табысқа жетуге жұмылдыра білуі тиіс.

Прокурордың қызметі, егер ол мақсатты және ғылымға негізделгенде, прокуратураның әрбір қызметкері тұрақты, айқын белгіленген міндеттер шеңберіне ие болғанда ғана жемісті болары сөзсіз.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтардың сақталуына қадағалауды жүзеге асыру міндеті Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және оған бағынышты прокурорларға жүктелген.

Бұл ретте басты назар бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтардың сақталуына қадағалауды жүзеге асырудағы прокурорлардың қызметін реттейтін Бас Прокурордың бұйрықтарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға бөлінген.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтардың сақталуын қадағалау жөніндегі прокурорлардың жұмысын ұйымдастырудың осы саладағы прокурорлық қадағалауға әсер ететін өзіндік кейбір ерекшеліктері бар (арыз-шағымдардың, мәлімдемелердің және өзге де дабыл қағудың түсу-түспеуіне қарамастан заңдылықтардың сақталуын тексеру, бас бостандығынан айыру орындары әкімшіліктерінің кейбір әрекеттерін санкциялау, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу ережелерін қатысты бас бостандығынан айыру орындары әкімшіліктерінің заңсыз бұйрықтары мен өкімдерін тоқтата тұру және т. б.). Мұндай ерекшеліктер міндетті түрде жұмысты ұйымдастыру кезінде прокурормен ескерілуі тиіс.

Қамауға алынғандар мен сотталғандардың құқықтарын сақтау Республикамызда адам құқықтарын сақтаудың ең маңызды бөліктері болып саналады. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» делінген.

Қамауға алынғандар мен сотталғандарға адамгершілікпен қару қағида-сы қолданыстағы заңнамаларда да, сол сияқты адам құқықтары және сотталғандарға қарау туралы көптеген халықаралық актілерде бекітілген. Мә-

селен, Азаматтық құқық туралы Халықаралық пактінің 10-бабында «бас бостандығынан айырылған барлық адамдар адамзатқа тәне адамгершілікпен қарау және қадірін құрметтеу құқығына ие болған», деп айтылған.

Қамаудағы адамдардың құқықтарын қорғау принциптері кеңінен тұжырымдалған негізгі құжат Қамаудағыларға қараудың минималды стандартты ережелері болып табылады, Осы Қамаудағыларға қараудың минималды стандартты ережелерін одан әрі дамыта түсу үшін 1988 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясымен қандайда жолмен болмасын ұсталған немесе қамауға алынған адамдарды қорғау принциптерінің Жинағы, ал 1990 жылы Қамауға алынғандарға қараудың Негізгі принциптері қабылданды.

Қазақстан Республикасы 1987 жылдың 29-маусымында Азаптау дәне басқа да қатал, адамгершіліксіздік немесе адамның ар-намысын қорлайтын қараушылық түрлері мен жазалауға қарсы Конвенцияға қол қойған болатын.

Прокуратура органдары жұмысын ұйымдастыруды жалпы қағидаларына қарай, заңдардың орындалуын қадағалауда әсерлі тиімділікке қол жеткізу үшін прокурор өз жұмысын бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтың ахуалын ескере отырып және жоғары тұрған прокуратураның жоспарлы тапсырмаларына қарай жоспарлауы тиіс. Жоспар нақты және бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды бүтіндей қамтитын болуы керек. Жоспарда жаспарланған шаралар, оларды орындау уақыты мен олардың нақты орындаушылар көрсетіледі. Жұмыс жоспарына сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында тексеру жүргізу де енгізілуі керек. Бұл ретте қайда, қашан және прокуратура қызметкерлерінен кімнің тексеру жүргізілетіндігі анықталуы керек. Бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықты тексеру бүтіндей (кешенді тексеру), сол сияқты бас бостандығынан айыру орындарындағы қызметтерге байланысты жекелеген мәселелер (мысалы, сотталғандарды жазасын өтеуден шартты мерзімінен бұрын босату туралы заңының сақталуы, сотталғандарды қамауда күзетіп ұстаудың заңдылығы және т. б.) жоспарлануы мүмкін. Тексеруді жоспарлау нақты объектілерді көрсетіп жасалады.

Жұмыстарды тоқсандық (жартыжылдық) жоспарлаумен бірге ұзағырақ мерзімге арналған (мүмкіндігінше бір жылға) келешектік жоспар жасаған орынды. Оларда мыналар қарастырылады: бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтың ахуалын және олардағы прокурорлық қадағалау тәжірибесін қорыту; бас бостандығынан айыру орындары мен прокуратура органдарының қызметтерін сипаттайтын деректерді талдау; кеңестер мен оқу-әдістемелік семинарларын өткізу; қолданыстағы заңнамаларды түсіндіру және тағы басқалар. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қадағалау

жөніндегі белгіленген іс-шараларды қажет болған жағдайда еңбекпен түзеу мекемелеріндегі қылмыстары туралы қылмыстық істерге тергеу жүргізу мен соттармен қаралу нәтижесін, заңдылықтың ахуалын және басқаларды ескере отырып өткізу қажет.

Іс жүзіндегі тәжірибеде кешенді және мақсатты тексерулер болады. Мұның біріншісі прокурорлық қадағалаудың бүкіл кешенін қамтыса, ал мақсатты тексеру оның бір бөлігін ғана қамтиды. Бас Прокурордың талаптарына сәйкес кешенді тексеру қадағаланатын мекемелерде күнтізбелік жыл ішінде екі реттен кем өткізілмеуі тиіс. Тек қана тергеу оқшаулағыштарында заңға сәйкес ай сайын тексеру өткізіліп отырылады. Әрбір мекемелердегі тексерулердің жүйелілігі — қадағалаудың осы бағытына тән басқаша ерекшелік.

Тексерулердің жүйелілігі сотпен тағайындалған жазаларды атқарушы бас бостандығынан айыру орындары мен өзге де мәжбүрлеу сипатындағы шараларды атқару орындары әкімшіліктерінің заңдарды орындауын қадағалауды әсерлі жүзеге асыруға, дер кезінде бұзушылықтырды әшкерелеу мен оларды болдырмауға, қадағалаудың басымды бағыттарын анықтауға мүмкіншілік тудырып қана қоймай, сонымен бірге төменгі буындағы прокурорлардың қызметтерін бақылауға мүмкіншілік тудырады.

Тексеруге жататын мәселелердің шеңбері мейлінше әралуан және әр мекемеге тән ерекше болады. Мекемелердің түрлеріне қарамастан адамдарды қамауда ұстау заңдылықтары, оларда ұстаудағы тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық жағдай, дәрігерлік қызмет көрсету, режимдік шектеулерді сақтау, тәртіптік тәжірибе, қайталап жасалатын қылмыстардың алдын алу туралы, арыз-шағымдар мен өтініштерді қарау тәртібі туралы заң талаптарын орындау, әкімшілік бұйрықтары мен өкімдерінің, босату негіздемесі мен тәртіптерінің заңдылықтары тексеріледі.

Тергеу оқшаулағыштарындағы заңдарды орындауды тексеру кезінде аталған мәселелермен бірге, ерекше назар түрлі санаттағы қамалғандарды оқшаулау талаптары мен қамауда ұстау мерзімін сақтауға аударылады. Колонияларда мәжбүрлеу сипатындағы шараларды атқару мен өзге де үкіммен жазылған шектеулерге; сотталғандарды еңбекке тарту, жұмыстың қауіпсіздік жағдайлары, еңбегіне қарай ақы төлеу мен одан ұстап қалу, соның ішінде қылмыспен келтірген шығындарын қайтару және басқалар туралы ережелердің сақталуына назар аударылады.

Прокурор ең алдымен заңды күшіне енген сот үкімнің немесе қаулының бар-жоқтығына және сотпен тағайындалған жазаның түзеу мекемесінің түріне сай келетініне көз жеткізіп алуы тиіс. Бұл мақсатта прокурор жазаға тартылған адамның негізге алынған құжаттарының бәрін шектеусіз қарау құқығына ие болған.

Прокурор мұндай құжаттардың құзыретті органдардан шыққанын және олардың заңға дәлме-дәл сәйкестікпен жасалғанын, тиісті үлгіде толтырылғанын, жазаның және өзге де мәжбүрлеу шаралары мерзімінің өтпегендігін тексеруге міндетті. Тексеруге сонымен бірге статистикалық деректерді талдау, ұсынылған құжаттарды зерделеу, тұрғын және өндірістік орындарды аралап көру жазаға тартылған адамдарға сұрақтар қою, жеке қабылдау, түскен арыз-шағымдар мен өтініштерді тексеру де қосылады. Бұған түрлі бағдардағы мамандар да қатыстырылуы мүмкін. Прокурордың қажетті мәліметтермен, құжаттармен және мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі мекеме әкімшілігіне және оның басқарушы органдарына ұсынған талаптары жазбаша беруді талап етпейді және ол тәртіп бойынша дереу орындалуға жатады.

Прокурор заңның сотталғандардың бөлек-бөлек орналастырылуы туралы талаптарының, атап айтқанда, еректер мен әйелдердің, ересектер мен кәмелетке толмағандардың, бірінші сотталғандардың бұрын бас бостандығынан айыруға сотталғандардан бөлек орналастырылуы жөніндегі талаптардың сақталуын тексеруге тиісті. Қылмыстық-атқару кодексі сотталғандар құқықтарының кең шеңберін қарастырады, сондақтан сотталғандардың тамақ өнімдерін, тұрмысқа бірінші қажетті заттарды, әдебиеттер, жазу құралдарын, сәлемдеме алу, туған туыстарымен және басқа адамдармен кездесу, сондай-ақ басқа да құқықтарын әкімшіліктің сақтайтындығын анықтауы тиіс.

Тексерудің ұзақтығы прокурордың өзімен белгіленеді және ол мекемедегі заңдылықтың деңгейіне, прокурордың тәжірибесіне және тексерілетін мәселелердің ауқымына байланысты. Тексеру мекеме қызметкерлерін күнделікті қызметінен алаңдатумен жанасатын болғандықтан прокурор тексеру олардың қызметіне кері әсер етпейтін жағын ойластыруы керек.

Тексеріс нәтижесі бөлек актімен немесе анықтамамен белгіленіп бекітіледі. Актінің (анықтаманың) міндетті түрдегі белгісі прокурордың анықталған заң бұзушылықты болдырмау туралы ұсынысы, оларды туғызатын себептер мен жағдайлар болып табылады. Бұл ұсыныстар заңмен дәлелденген ұйғарымның бір түрі болып саналады, биліктік-өкімдік сипатқа ие болады және міндетті түрде прокурордың белгіленген мерзімінде сөзсіз орындалуға тиісті. Қамалғандарға, сотталғандарға және мәжбүрлеу сипатындағы шараларға тартылған адамдарға сұрақтар қою заңдылықтың бұзылуын әшкерелеу жолдарының бірі болып табылады.

Жеке қабылдау өткізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдау үшін прокурор ай сайын әрбір түзеу мекемелеріне арнайы барып отыруы тиіс. Бір мезгілде айыптық, тәртіптік оқ-

шаулағыштарға, карцерге және камералық үлгідегі орынға қамалғандардың заңды қамалғандары тексеріледі.

Заңнамалармен қамауға алынғандар мен сотталғандардың арыз-шағым беру құқығын сақтаудың ерекше кепілдігі белгіленген. Олар қамау орындарда болған болған кезде прокурормен еркін және толықтай оңаша кездесіп, сөйлесу құқықтарына ие болған (әрине, қажетті қауіпсіздік сақтай отырып).

Заң бұзушылықтың мән-жайлары туралы прокурор қамаудағы сотталғандардан, әкімшілік өкілдерінен, іскери қызметкерлерден ауызша да, және сол сияқты сұрақ қойылғандардан өтініш түрінде немесе жазбаша түсініктеме түрінде де жауап алуға құқылы.

Ұсыныстар, өтініштер мен арыз-шағымдар прокурорға жазбаша түрінде берілуі мүмкін. Мұндай жағдайда әкімшілік олардың тәуліктің ішінде прокурорға жолдауға міндетті. Олар тексеруге, цензурадан өткізуге жатпайды. Әкімшілік тарапына өтініш берушінің кез-келген ізіне түсушілік заңды өрескел бұзғандық болып саналады.

Егер тексеру барысында бас бостандығынан айыру орнында заңсыз отырған немесе заңды бұза отырып өзге де мәжбүрлеу шаралары бойынша ұсталған адам анықталатын болса, онда прокурор ондай адамды өзінің мөр басылған қаулысымен босата алады. Мұндай жағдайда прокуратура басшылығымен келісу, қаулыны бекіту талап етілмейді.

Жазаны атқару сатысындағы заңдылықты қадағалау жұмысын ұйымдастырудың негізгі ережелері осындай. Дегенмен, бұл істе түзеу мекемелері қызметін тексеру тәртібі туралы мәселе өте маңызды мәнге ие болады.

Белгілі бір колонияны тексеруді түзеу мекемесі бастығының кабинетіне колония бөліністірінің барлық басшылығын шақыртып, жинап алып, оларға тиісті мәліметтер мен материалдар дайындаулары жөнінде тапсырма беруден бастаған жөн. Мәліметті тексеріліп отырған кезең бойынша және көрсеткіштің салыстыру мен тиісті талдау жасау үшін өткен жылғы осы кезеңдегі мәліметтерді де сұратып алу керек. Осыдан кейін прокурор лауазымды тұлғаның қатысуымен тұрған, коммуналдық-тұрмыстық, қызметтік және өндірістік объектілерді аралап шығуы тиіс. Сотталғандарға сұрақ қоюмен олардың құқықтарының белгіленген заң бойынша сақталуы, олардың арыз-шағым мен өтініш беру мүмкіндіктерінің бар-жоқтығы, колония басшылығының сотталғандарды жеке қабылдауын қалай ұйымдастырылғандығы анықталады. Прокурор, тәртіп бойынша, жеке қабылдауды колония қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізеді.

Тексеру нәтижелері тексерілетін мекеме бастығы танысып, қол қойған актімен немесе анықтама қағазымен бекітіледі. Актіде мекеме бастығына

әшкереленген заң бұзушылықты жою мен басқа да кемшіліктердің орындырын толтыру жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

Құқықтық қатынастың осы саласындағы қадағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыра отырып, прокурор Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5-желтоқсанда тіркелген Азаматтардың жазаларын өтеуі мен ақталуы заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы Нұсқауларында көрсетілген талаптарды солық көлемде ескеруі тиіс.

Сонымен бірге, облыс прокурорлары, жазаларды атқару заңдылығын қадағалау жөніндегі бөлімдер (аға көмекшілер, көмекшілер), мамандандырылған, қалалық, аудандық және соларға теңестірілген прокурорлар айына бір рет тергеу оқшаулағыштарын тексеруді, күнтізбелік жыл ішінде кемінде екі реттен барлық түзеу мекемелеріндегі заңның орындалуын кешенді тексеруді, кемінде жылына екі реттен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүйесіндегі қылмыстық атқару Комитеті инспекцияларының қылмыстық-атқару қызметіндегі заңдылықтың ахуалын тексеруді ұйымдастырады.

Нұсқауға сәйкес, аталған прокурорлар жазаны атқарудағы заңдылыққа прокурорлық қадағалау тәжірибесін жүйелі түрде талдап, одан кейін қорыту материалдарын құзыретті органдарына заңдардың бұзылуын болдырмау үшін пайдалану мақсатында ұсынады. Қолданыстағы заңнамаларды жүзеге асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып құқықтық насихат жөніндегі жұмыстырды ұтымды жүргізіп отыру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30-тмызда қабылданған) // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 1996. — № 4.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 1997 ж. // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 1997. — № № 15-16.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 1997 ж. // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 1997. — № 23.
4. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2001 ж. // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 2001. — №5-6.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1997 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі 1999 ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. — 1999. — № 18.
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 1997 ж. // ҚР Парламентінің Жаршысы. — 1997. — № 24.
8. Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңы 1994 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы. — 1994. — № 13.
9. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңы 1995 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы. — 1995. — № 24.
10. Қазақстан Республикасының «Сот приставтары туралы» Заңы 1997 ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. — 1999. — № 18.
11. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық жүргізу мен сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 1998 жылғы 30-маусымдағы Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. — 1998. — № 13.
12. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22-желтоқсандағы Заңы №510-II ҚРЗ.
13. Республикалық құқық қорғау органдары басшыларының 1998 жылдың 23-маусымындағы қаулысымен бектіліген Құқық қорғау органдары Үйлестіру кеңесі туралы Ережелері.

14. «Прокуратура органдарының заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, сондай-ақ прокурорлық қадағалаудың әсерлілігін көтеру жөніндегі міндеттері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 8-қазандағы № 113 бұйрығы.
15. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 21-қарашадағы № 60 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық саладағы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға қатысты заңдарды қолдануға прокурорлық қадағалау ұйымдастыру туралы» Нұсқау.
16. «Қылмыстық істерді соттарда қараудың заңдылығына прокурорлық қадағалау ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 23-ақпандағы № 24 бұйрығы
17. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 12-ақпандағы № 76 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылдың 6-ақпанында № 2167 нөмірмен тіркелген Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы Нұсқауы.
18. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 29-желтоқсандағы № 73 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылдың 6-ақпанында № 2155 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңын қолданумен прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі Нұсқауы.
19. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 29-желтоқсандағы № 73 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылдың 18-ақпанында № 2175 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдарымен, қаржы полициясы, қылмыстық-атқару органдарымен жедел-іздістіру қызметі туралы» заңдарымен қолданумен прокурорлық қадағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқауы.
20. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 7-қаңтардағы № 1 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылдың 1-ақпанында № 2147 нөмірмен тіркелген «Алдын ала тергеу мен анықтаудағы заңдылықты прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы» Нұсқауы.
21. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 7-желтоқсандағы «Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы» № 1 бұйрығы.
22. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 27-желтоқсандағы № 78 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы

- Әділет министрлігімен 2003 жылдың 12-ақпанында № 2168 нөмірмен тіркелген Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы Нұсқауы.
23. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 27-наурыздағы № 50 бұйрығымен бекітілген Түзеу мекемелеріндегі жазаны атқару заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы ережесі.
 24. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 26-қыркүйектегі «Түзеу мекемелеріндегі прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» № 44 бұйрығы.
 25. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2002 жылдың желтоқсанында № 2075 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 28-қарашадағы «Азаматтардың жазасын атқару және ақтаудағы заңдылықты прокурорлық қадағалау туралы» № 62 бұйрығы.
 26. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 27-желтоқсандағы № 79 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылдың 12-ақпанында №2169 нөмірмен тіркелген Атқарушылық ісін жүргізудегі заңдылықты прокурорлық қадағалау туралы Нұсқауы.
 27. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 11-маусымындағы № 43 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдары мен мекемелеріндегі азаматтардың жүргінулерін қарау мен шешу тәртібі туралы Нұсқауы.
 28. Алексеев А. И., Ястребов В. Б. Профессия — прокурор. — М., 1998.
 29. Андреев Б. В., Бессарабов В. Г. Прокуратура в политической системе современной России. — М., 1999.
 30. Басков В. И. Прокурорский надзор: Учебник для вузов. — М., 1995.
 31. Бессарабов В. Г. Прокуратура России в системе государственного контроля. — М., 1999.
 32. Бойков А. Д. Третья власть в России. — М., 1997.
 33. Венгеров А. Б. Теория государства и права. — М., 1998.
 34. Общая теория права и государства / Под ред. В. В. Лазарева. — М., 1994.
 35. Вицин С. Прокуратура в правовом государстве. — М., 1997.
 36. Демидов И. Ф. Проблема прав человека в Российском уголовном процессе: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 1996.
 37. Звирбуль В. К. Прокурорский надзор в борьбе с преступностью. — М., 1971.

38. Кобзарев Ф. М. Правовые и организационные основы координации деятельности правоохранительных органов по борьбе с преступностью. — М., 1999.
39. Козусев А. Ф. Роль прокурора в процессе взаимодействия следователей и органов, осуществляющих оперативно-розыскную деятельность // Мат-лы науч.-практ. конф. — М., 1997.
40. Ларин А. М. Срок содержания под стражей при расследовании преступлений // Российская юстиция. — 1997. — № 3.
41. Мыщыков А. Я. Координация прокуратурой деятельности правоохранительных органов // Прокурорская и следственная практика. — 1999. — № 1-2.
42. Мыщыков А., Мыщыков И. Прокуратура (мифы, реальность, перспективы) // Государственная власть и местное самоуправление. — 2003. — № 6.
43. Общая теория прав человека / Под ред. Е. А. Лукашевой. — М., 1996.
44. Права человека / Под ред. Е. А. Лукашевой. — М., 1999.
45. Прокурорский надзор в Российской Федерации / Под ред. А. А. Чувилова. — М., 2000.
46. Прокурорский надзор в Российской Федерации / Под ред. Ю. Е. Винокурова. — М., 2001.
47. Прокурорский надзор в Российской Федерации / Под ред. В. П. Сальникова. — СПб., 2001.
48. Прокуратура в правовом государстве. — М., 1997.
49. Проблемы совершенствования прокурорского надзора / Под общ. ред. А. Я. Сухарева. — М., 1997.
50. Пятьдесят лет Всеобщей Декларации прав человека: проблемы и реальности реформируемой России // Мат-лы науч.-практ. конф. / Под общ. ред. А. Я. Сухарева. — М., 1999.
51. Рохлин В. И., Дворянский А. М. Прокурорский надзор: Конспект лекций. — СПб., 2000.
52. Российский прокурорский надзор / Под ред. А. Я. Сухарева. — М., 2001.
53. Сухарев А. Я. Некоторые проблемы статуса прокуратуры в переходном обществе // Мат-лы междунар. конф. — Астана, 1999.
54. Сухарев А. Я. Историческая судьба российской прокуратуры. — М., 2000.
55. Скуратов Ю. И., Шинд В. И. Конституционные основы места прокуратуры в государственном механизме Российской Федерации // Конституционная законность и прокурорский надзор. — М., 1994.

56. Стуканов А. П. Прокурорский надзор за исполнением законов органами административной юрисдикции Российской Федерации. — М., 2000.
57. Чувилев А. А. Оперативно-розыскное право. — М.: НОРМА-ИНФРА-М, 1999.
58. Чурилов А. В. Защита прав и свобод человека и гражданина. — М., 2001.
59. Шумилов А. Ю. Оперативно-розыскная деятельность в схемах: Наглядное пособие. — М., 1998.
60. Абельдинов А. Н., Кобабаев О. Н. Конституционное право зарубежных стран. — Алматы, 1997.
61. Ахпанов А. Н. Проблемы уголовно-процессуального принуждения в стадии предварительного расследования. — Алматы, 1997.
62. Ахпанов А. Н. Актуальные вопросы прокурорского надзора за досудебным производством // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
63. Акпарова Р. Н. Органы прокуратуры Республики Казахстан. — Алматы, 2000.
64. Бахтыбаев И. Ж. Конституционный надзор прокуратуры Республики Казахстан. — Алматы, 1997.
65. Борчашвиши И. Ш. Некоторые вопросы повышения эффективности прокурорского надзора // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
66. Галиев С. Ж., Сапарин О. Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности». — Алматы, 1998.
67. Журсимбаев С. К. Права человека в международно-правовых актах и Конституции Казахстана. — Астана, 1998.
68. Журсимбаев С. К. Обеспечение прокурором прав личности на предварительном следствии. — Алматы, 2000.
69. Журсимбаев С. К. Роль прокурора при отправлении уголовного правосудия. — Алматы, 2001.
70. Журсимбаев С. К. Прокурорский надзор за законностью расследования преступлений органами внутренних дел. — Алматы, 2002.
71. Когамов М. Ч. Предварительное расследование уголовных дел. — Алматы, 1998.
72. Когамов М. Ч. Процессуальное положение прокурора в уголовном судопроизводстве Казахстана // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.

73. Кубеев Е. К. Роль прокуратуры в обеспечении прав и свобод человека и гражданина // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
74. Мауленов Г. С. Приоритетные направления взаимодействия органов прокуратуры и внутренних дел в борьбе с преступностью на современном этапе // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
75. Мухамеджанов Э., Машухова Г. «Ступеньки» сотрудника прокуратуры // Мир закона. — 2002. — № 11.
76. Нарикбаев М. С., Утибаев П. К., Алиев М. М. Прокурорский надзор в Республике Казахстан. — Алматы, 2002.
77. Паташков С. В., Чокин Ж. М., Каймульдинов Е. Е. Основы оперативно-розыскной деятельности. — Алматы, 2002.
78. Проблемы совершенствования предварительного следствия и прокурорского надзора за исполнением законов органами дознания и предварительного следствия: Сб. научн. тр. — М., 1982.
79. Сапаргалиев Г. С. Место и роль прокуратуры в механизме государства Казахстан // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
80. Сысалов М. Л. Оперативно-розыскная деятельность в Республике Казахстан. — Алматы: Данекер, 2002.
81. Тусупбеков Р. Т. Защитить права и свободы граждан // Казахская правда. 2003. 28 февр.
82. Туякбаев Ж. А. Развитие прокуратуры Казахстана в период государственно-правовой реформы. — Алматы, 1997.
83. Темирбулатов С. Г. Роль и место прокуратуры в системе обеспечения конституционной законности // Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.
84. Толеубекова Б. Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. — Алматы, 1998.
85. Умбеталиев С. С. Вопросы прокурорского надзора по делам о коррупции. — Астана, 1999.
86. Хитрин Ю. А. Проблемы совершенствования прокурорского надзора на современном этапе. — Астана, 1999.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
1-ТАРАУ. «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ» КУРСЫНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ.....	5
1.1. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау» курсының пәні, жүйесі мен мазмұны.....	5
1.2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесіндегі прокуратура	9
2-ТАРАУ. ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫ КЕПІЛДЕРІ.....	14
2.1. Прокуратура органдарының ұйымдастыру принциптері мен қызметі	14
2.2. Прокуратура органдарының жүйесі мен құрылымы. Прокуратура органдарының функциялары мен қызметтерінің негізгі бағыттары. Прокурорлық қадағалау актісі	17
3-ТАРАУ. ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕП ЖҮЙЕСІ	32
3.1. Прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы есеп жүйесі саласындағы негізгі кезеңдері мен міндеттері.....	32
3.2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру	37
4-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ	47
4.1. Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты прокурорлық қадағалаудың мәні мен міндеттері.....	47
4.2. Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықты прокурорлық	

қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттілігі.....	50
4.3. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықтарды қадағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	55
5-ТАРАУ. СОТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАУЫНА ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫ	61
5.1. Соттардың істерді қарау кезіндегі прокуратураның мәні мен міндеттері.....	61
5.2. Прокурордың соттың бірінші сот сатысына қатысуы .	68
5.3. Прокурордың апелляциялық және қадағалаулық сот сатыларына қатысуы.....	75
6-ТАРАУ. ЖАЗАНЫ АТҚАРУ САТЫСЫНДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ.....	85
6.1. Жазаны атқару сатысындағы заңдылықты прокурорлық қадағалау мәні мен міндеттері	85
6.2. Жазаны атқару сатысындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі прокурордың өкілеттілігі.....	90
6.3. Жазаларды атқару сатысындағы заңдылықтарды қадағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	96
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	102

Әлемхан Масғұтұлы Майтанов

Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау

Оқу құралы

Редактор: *Ә. Д. Тұрғанбеков*

Техникалық редактор: *Ғ. Ж. Сүлейманова*

Теруге 15.11.2010 ж. беріледі. Басуға 24.12.2010 ж. қол қойылды.

Шартты баспатабағы 7,0. Нақты баспатабағы 7,5.

Офсетті басылым. Офсетті қағаз. Қалыбы 60×84 ¹/₁₆.

Тапсырыс № 803. Таралымы 300. Бағасы келісімді.

ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстары бөлімі.

ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының 2010 жылғы ведомстволық әдебиеттер шығару тақырыптық жоспарының № 10 тармағы.

ҚР ҒИМ Б. Бейсенов атындағы ҚарЗИ баспаханасында басылады.
Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124.